

1 ДӘРІС. КІРІСПЕ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Мақсаты: Пәннің мақсаты мен міндеттімен танысу және басқа пәндермен байланысын анықтау. Қазақ халқының тұрмыс және рухани мәдениет тарихының түсінігі мен мәнін талдау, Этникалық мәдениет және этнос мәдениеті түсініктерін ашып көрсету.

Шартты сөздер: этнос, маданият, ру, тайпа, халық.

Сұрақтар:

1. Мәдениет және оның этникалық функциясы.
2. Қазақтардың дәстүрлі мәдениеті.

Мәдениет (арабша “*маданият*” – қала, қалалық; латынша – *өңдеу, өсіру* деген ұғымдарды білдіреді) – белгілі бір халықтың қол жеткізген табыстары мен шығармашылығының жиынтығы. Мәдениет – адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан және тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан – мәдениет саласының өрісі кең. Мәдениет өзінің кең мағынасында бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі мәдениет өзегін құрастырады. Әсіресе, жазу-сызу болмаған ерте заманда мәдениет ырымдар мен сәуегейлікке, сенім-нанымдарға, дәстүрлі түсініктерге иек артқан. Ал салт-дәстүрлерге Ғұзыхан Ақпанбет мынандай баға береді: «Олар — терең философиялық ойдың, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі». Ғасырлар бойы күнделікті іс-тәжірибе негізінде сұрыпталған жазу-сызу мен азаматтық қоғам өлі жоқ кезде қалыптасқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар мәдени мирасқорлықтың жалғыз мүмкіндігі болды.

Рухани мәдениет – адамдардың қоғам өміріндегі мәдени қызметінің нәтижесі. Өнер, дін, фольклор, философия, ғылым, құқық, саясат, моралі т.б. құбылыстар рухани мәдениеттің өзегі болып саналады. Р.м. материалдық мәдениетпен астаса дамиды және олар тарихи дамуда көрініс берген жалпы мәдениеттің құрылымын түзейді. Ғасырлар бойы мәдени мұра ретінде қалыптасатын рухани мәдениет кез – келген қоғамда өркениеттік деңгейін білдіреді және сапалық сипатын танытады. Бір – бірімен тығыз байланысты екі формада өмір сүреді: біріншіден рухани өмірді туындатуды мақсат еткен жеке адамдардың әрекеттері мен олардың дараланған рухани әлемі түрінде; екіншіден сол өнімдердің рухани құндылықтар деңгейінде бағалануы, олардың әлеуметтенуі жатады. Адамзаттың рухани өндірісінде үлгісі боларлық биікке көтерілген дүниелер тарихи кезеңде сыймай, әлеум. – этн. кеңістік аясынан шығып, жалпыхалықтық қазынаға айналып отырған. Сондықтан рухани мәдениет әлеуметтік және тарихи топтар үшін ғана емес, жер бетіндегі тұтастай адамзат үшін. Ал халықтарды біріктіру мен ынтымақтастыра түсу үшін жасалған бұл өлшемге жауап бермейтін рухани өндірістің өнімдері тарих сынағынан өте алмайды. Мәселен нәсілшілдікті, әсіресе, ұлтшылдықты ту етіп көтерген идеялар ұлттық мәдениеттің кері кетуіне, құлдырауына себепкер болады. Рухани мәдениеттің бірі құлдырататын нәрсе оның барынша прагматистік принциптерге негізделуі, сауда менталы көзіне айналуы. Қазақ халқының ежелгі заманнан қордаланған рухани мәдениеті озық үлгілі рухани құндылықтарға толы. Қазақ халқының салт – дәстүріндегі үлкенді сыйлау, әруаққа бас ию, қонақты құрметтеу, табиғаттың үйлесімділігін сақтау, сөз қадірін білу, аталы сөзге тоқтау рухани мәдениеттің ерекше үлгісі болып табылады.

Мәдениет материалдық және рухани: бірі-материалдық өндірістің, екіншісі-рухани өндірістің өнімі деп қаралады. Себебі материалдық және рухани мәдениеттің өнімдері – еңбек құралдары және көркем шығармалар әр түрлі мақсатта пайдаланылады. Олай болса материалдық және рухани мәдениеттің қызметтік ерекшеліктері бар екен. Сонымен қатар бұл екеуі – материалдық және рухани мәдениет тұтастыққа ие. Материалдық мәдениетті мәдениетке айналдырған адамның идеясы мен білімі, ал рухани мәдениеттің өнімі

материалдық нысанда болады, соның нәтижесінде ол объектіге айналуы мүмкін және қоғамдық өмірдің факторы болып қалады. Сондықтан мәдениетті материалдық және рухани демей-ақ, тұтас бірлікте алып қарауға да болады. Мәселе бұларды ажыратуда емес, бүкіл қоғамның дамуына сәйкес, органикалық бірлігін мойындауда.

Өміршең мәдениет қоғамдық адамнан ажыратылмайды, адам – мәдениет субъектісі. Оның адамдық сапасы тілді игерудің нәтижесі, қоғамдық өмір сүретін құндылықтарға, әдет-ғұрыпқа ену, осы мәдениетке тән іс-әрекеттің дағдысын бойына сіңіруі. Мәдениет – адамдықтың өлшемі, ол адамның қоғамдық мән есебінде дамуын сипаттайды. Сондықтан мәдениет адаммен тікелей қатынаста өмір сүреді. Ол қатынастың мәні мынада, адам бұрыннан жасалып келген мәдениетті бойына сіңіреді, қабылдайды, өзінің болашақ қызметінің алғышартына айналдырады. Сөйтіп өз білімін, икемін, қабілетін дамыта отырып, өзінің мәдениетті, адамдық мәнін жасайды. Материалдық мәдениетсіз рухани мәдениет қалыптаспайды. Мысалы, радио, теледидар, компьютер, түрлі ғимараттар, мұражайлар сияқты түрлі материалдық игіліктер арқылы рухани мәдениет таралды. Би, ән айту, жыр жырлау құралсыз іске асырылмайды. Ел мәдениеті неге байланысты? Олар театрларға, басқа да мәдени ошақтарға, сән-салтанатты, барлық жағдайы бар демалыс орындарына, т.б. байланысты. Оларды игілікке пайдалана білу де мәдениеттің бір саласы.

Сөйтіп, материалдық және рухани мәдениет тікелей байланысты екен. Одан шығатын қорытынды, мәдениет – қоғамның материалдық және рухани байлығының жиынтығы. Қоғамның материалдық дәрежесі жоғары болған сайын рухани өмір де жоғары болмақ. Біздің қазіргі қоғамдағы қиын жағдай осы өтпелі кезеңде туып отыр. Біріншіден, қаражаттың жетіспеуінен көптеген мәдени ошақтар асып-тосып, істен шығуда. Ауылдық жерлерде клубтар, кітапханалар жабылып жатыр. Қалалы жерлерде кинозалдардың, театрлардың материалдық негізі құлдырап, төмендеді. Екінші жағынан, жалақының аздығынан көптеген талант иелері сауда-саттыққа ауысып кетті.

Мәдениет және оның этникалық функциясы. Мәдениет – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген. Кейіннен мәдениет деген сөз жалпылық маңыз алды, адам жасағанның бәрін де мәдениет деп атайды. Адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар өз мақсатына пайдаланды. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады. Мәдениет әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, таптардың, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес пайда болып қалыптасады. Бұл талап тілектер пайда болды, өндіріс құралдары дамиды. Мысалы, бір кездерде жазба әдебиеті болмады, соның нәтижесінен фольклор қалыптасты, кейініректе білімнің қалыптасып, жазудың шығуы жаңа талап қойды. Бүкіл құндылықты, мифті жазып қалдыру талабы п.б. Информатика дамыды, оларды микрофон, магнитофон, компьютерге түсіру арқылы мәңгі ету қажеттілігі туды. Сөйтіп мәдениет әлеуметтік құрылымдардың, жеке адамдардың тілегіне, талабына сәйкес қалыптасты. Қоғамда адам тілегінен тыс мәдениет қалыптаспайды.

Мәдениет әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Адам оның қызметінің өзара қатынасы бар жерде мәдениет бар. Бірақ материалдық және рухани мәдениеттің бір-бірінен ажырата білу қажет. Мәдениет материалдық және рухани: Бірі материалдық өндірістен, 2-шісі рухани өндірістің өнімі деп қаралалы. Себебі материалдық және рухани мәдениеттің өнімдері – еңбек құралдары және көркем шығармалар әр түрлі мақсатта пайдаланады. Олай болса материалдық және рухани мәдени қызметтік ерекшеліктері бар. Бірақ материалдық мәдениетсіз рухани мәдениет қалыптаспайды. Мысалы, радио, теледидар, компьютер, түрлі ғимараттар, мұражайлар сияқты түрлі материалдық игіліктер арқылы рухани мәдениет таралады. Би, ән айту, жыр жырлау құралсыз іске асырылмайды. Сөйтіп, материалдық және рухани мәдениетпен тікелей байланысты екен. Одан шығатын қорытынды, мәдениет қоғамның материалдық және

рухани байлығының жиынтығы. Қоғамның материалдық дәрежесі жоғары болған сайын рухани өмірі де жоғары болмақ. Мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығындағы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады. Рухани мәдениет көп қырлы құбылыс ретінде таныла отырып, өзінің құрамына танымдық және ақыл-ойлық, философиялық, адамгершілік, көркемөнерлік, құқылық, діни мәдениетті енгізеді. Мәдениеттің құрылымы күрделі және көп қырлы. Ол білім, ғылым, көркемөнер, әдебиет, мифология, имандылық, саясат, құқық, дін жүйелерін біріктіреді. Бұлар бір-бірімен араласа отырып, аса маңызды мәдениет құбылысын құрайды.

Этникалық мәдениет – мәдени элементтер мен құрылымдардың жиынтығы. Онда этн. специфика сақталынады және ол этнодифференц. қызмет атқарады. Этникалық мәдениет белгілі бір тайпаға, ұлтқа, халыққа тән. Ол арқылы басқа халықтар этностың біртұтастығын, өзгешелігін және даралығын таниды. Этникалық мәдениетке белгілі бір этнос өкілдері қалдырған барлық заттай және рухани мәдениеттердің жиынтығын жатқызуға болады. Бұл мәдениеттің қалыптасуына табиғи орта, тіл, дін, этноним өзіндік әсерін тигізеді. Өз мәдениеті арқылы әрбір этникалық қауымдастық әлемдік өркениетке өзіндік үлесін қосады. Этникалық қауымдастық белгілі бір тілді, мәдениетті, дәстүр-салттарды, этникалық бағдарларды т.б. жаңа ұрпаққа сіңіру арқылы үздіксіз өрге басып, ұлғая беруге ұмтылады. Неғұрлым тұрақты өмір сүру үшін этникалық қауымдастық өз алдына әлеуметтік-территориялық ұйым құруға (мысалы, топтық қоғамда мемлекет болуға) тырысады.

Тайпа, халық, ұлт этникалық қауымдастықтың тарихи типтері болып есептеледі. Сондай-ақ, белгілі бір жерде (яғни территория-аумақта) тұратын әлеуметтік ұйымы бар тұтас этникалық қауымдастықтар және территориялық жағынан бөлек-бөлек (әр жерде тұратын) этникалық қауымдастықтар болады. “Этникалық қауымдастық” термині кейде бірнеше халықты, яғни этно-лингвистикалық топтарды атау үшін қолданылады. (Мәселен, қазақ, қырғыз, түркмен, өзбек, т.б. түркі тілдес халықтар моңғол типтес этникалық топқа енеді. Сондай-ақ, бір халықтың ішіндегі этнографиялық топтарды белгілеу үшін де “этникалық қауымдастық” термині қолданылады. Мысалы, қазақта әр түрлі жүздер (ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз) және алуан түрлі рулар (арғын, қыпшақ, үйсін, дулат, қоңырат, шапырашты, т.б.) бар. Бұлар көрсетілген жағдайда “этнос” деп аталады. Сонымен, жалпы этникалық қауымдастық адамдардың әлеуметтік тұрақты топтары. Ол ру, тайпа, халық, ұлт түрлерінде ерекше тарихи жағдайларда қалыптасады.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. Рухани мәдениет дегенді қалай түсінесіз
2. Материалдық мәдениет пен рухани мәдениеттің айырмашылығын түсіндіріңіз

Әдебиеттер:

1. Казахи: Историко-этнографическое исследование. - Алма-Ата, 1985.
2. Шаханова Н.Ж. Символика традиционной казахской культуры. Учебное пособие. - Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2004.
3. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. А., 1997.

2 ЛЕКЦИЯ. САҚ-ҮЙСІН ДӘУІРІНІҢ МӘДЕНИЕТІ. ТӘҢІРШІЛДІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Сақ мәдениеті — ерте темір дәуірінде Қазақстан мен оған жапсарлас өлкелерді мекендеген тайпалар қалдырған археологиялық ескерткіштер жиынтығы. Бұл тайпалардың тарихы бізге сақ атауы негізінде көне парсы және грек жазба деректерінен жеткен. Археологиялық зерттеулер Қазақстандағы Сақ мәдениеті жөнінде (б.з.б. 7 — 3 ғ-лар) неғұрлым толығырақ деректер береді. 1930 жылдардың соңында басталған зерттеу жұмыстары іс жүзінде 1946 жылдан кейін ғана кеңінен өрістеді. Жетісу, Төменгі Сырдария, Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстанда Сақ мәдениеті ескерткіштері ашылды, көптеген қорымдар, ғұрыптық орындар, т.б. жәдігерлер қазылып, зерттелді. Жетісудағы Есік (Алтын адам) Бесшатыр обалары мен көптеген көмбелер, Сырдың төменгі ағысындағы Ұйғарақ қорымы, Орталық және Солтүстік Қазақстандағы Тасмола мәдениетінің обалары, Шығыс Қазақстандағы Берел, Шілікті қорымдары, т.б. көптеген нысандар көне сақтардың тамаша ескерткіштері ретінде танымал. Кең байтақ аумақтарға тарағандықтан, әр өлкенің мәдениетін зерттеудің өзіндік жүйелері қалыптасқан.

Олардың жерлеу ғұрпы, мүліктік мәдениеттегі жергілікті ерекшеліктері мен өзара жақындығы да анықтала бастады. Беріге дейін сақтар тек қана бақташы, көшпелі тайпалар болған деген ескі көзқарастың әсерімен көп уақыт бойы бұлардың отырықшы орындары, яғни қоныстық мекендері зерттеулер аясынан тыс қалған. Ондаған жылдар бойы зерттелген жерлеу ескерткіштерімен (обалар) қатар, қазір жер-жерлерде сақ дәуірінің көптеген қоныстары да ашылды.

Талғар өңірінде ашылған 50-ге жуық қоныстың деректері мұнда сақ тайпалары егіншілікті де кеңінен өрістеткенін көрсетті. Қарқаралы өңіріндегі Қарақуыс, Едірей тауларымаңынан табылған 20-дан астам сақ қоныстары осы пікірді дәлелдей түседі. Мұндағы беткейлерде тау ықтасындарында орналасқан қоныстар кейінгі қазақ қыстауларына топографиялық тұрғыдан өте жақын орналасқан.

Қазбалар барысында көптеп табылған тас кетпендер мен дәнүккіштер Орталық Қазақстан сақтары егіншіліктің қыстақ маңында орналасқан түрін ұстанған деген пікірді негіздеді. Сақ ескерткіштерін зерттеуде әлемдік ғылымның бүгінгі қол жеткен әдіс-тәсілдерін қолданудың маңызы зор. Қазақ Алтайынан ашылып отырған Берел обаларындағы жасанды тоң қабатында сақталған жылқы денелері, шірімей жеткен ағаш бұйымдар, сондай-ақ бальзамдалған адам мәйітін зерттеу маңызды мәліметтер береді. Сақ мәдениеті ескерткіштерін тек зерттеу ғана емес, оларды сақтап қалу, қалпына келтіру мен консервациялау, музейлендіру шаралары қолға алынды. Б.з.б. 7 — 6 ғ-ларда қалыптасқан сақ өнерінің хайуанаттық нақышы дүниежүзілік адамзат өркениетінің тамаша жетістіктеріне жатады. Осындай атаумен белгілі болып отырған сақ қолданбалы өнерінің бұйымдары Қазақстанда, Сібір, Орталық Азия өлкелерінде, Еуропаның оңтүстігінде кеңінен тараған. Нақыштың негізгі құрамын жыртықш аңдар мен басқадай жануарлар, сондай-ақ мифол. зооморфтық құбыжықтар түрінде жасалған бейнелер түзеді. Бұлар жекелеген бұйымдар немесе бұйымдар мен беттердегі бейнелер, аралас тұрған күрделі композициялар арқылы беріледі. Мазмұны бойынша мифологиялық, пішімі бойынша реалистік деп атауға болатын хайуанаттық нақышты қолдану бағыты бойынша декоративтік өнер болып табылады. Хайуанаттық нақыш дәстүрімен берілген қолдану тәсілдері көбіне металл қазандар мен құрбандық ыдыстарды, қанжарлар мен семсерлерді, қорамсақтар мен айбалталарды, ат әбзелдері мен айналарды, сондай-ақ тулар мен түрлі киімдерді әшекейлеуде пайдаланылған. Табиғат аясын ерекше құрметтеп, оны астарлы мағынада қабылдай білген сақтар арқар, таутеке, жолбарыс, қабан, бұғы, марал, түйе, жылқы, бұлан, бүркіт, сайғақ, қасқыр, қоян сияқты жануарлардың өздеріне етене таныс тұлғаларын тамаша шеберлікпен бейнелеген. Бізге жеткен бұйымдар, ең алдымен, қола, алтын сияқты металдардан, ішінара сүйек, мүйіз, темірден жасалған. Ағаш, тері, киізден жасалған аң бейнелері де бар.

Сақ заманында Қазақстан аумағындағы мал өсіретін тайпалардың мәдениеті мен өнері өзінің алдындағы уақытпен салыстырғанда дамудың біршама жоғары сатысына жетті. Темір металлургиясы, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы материалдық және рухани мәдениет түрлерін түбірімен өзгертті.

Сақ тайпаларының діни түсініктері туралы мәселе аз зерттелген. Жерлеу материалдарына қарағанда, сақтарда ата-баба аруғына, отбасылық-рулық әулиелер мен желеп-жебеушілерге сиыну ғұрыптары болған. Бұл ғұрыптардың шығуы өлген тумаларының мәңгі жасайтынына, өлгендер өзінің рулық қауымының салттары, үйреншікті ғұрыптары мен ережелері бойынша өмір сүре беретін о дүние бар деген сенімге негізделген. Осыдан келіп өлген адаммен бірге оның беделі мен қауымдағы алатын орнына лайық мүліктің көмілуі, қауымның жеріндегі ру зиратында атқарылатын әрбір тайпаға немесе тайпалар тобына тән күрделі жерлеу ғұрпы шыққан. Малшыларда бұл ең алдымен қыстау маңы болды. Өлгендердің бәрі әдетте жылдың қай мезгілінде болса да, шалғай жерден болса да осы жерге жеткізілді.

Мұндай ғұрып кейін сүйегін ру зиратына кешіретін болып не уақытша жерлеуді немесе еліктің сақталуына көмектесетін қайсыбір амал қолдануды керек еткен.

3 ЛЕКЦИЯ. МИФОЛОГИЯ

Мақсаты: Мифологияға түсініктеме беру, аңыз-әңгімелерге сипаттама беру, қазақ мифологиясын зерттеушілерге тоқталу.

Шартты сөздер: мифология, миф, тотемизм.

Сұрақтар:

1. Мифология ұғымы
2. Көне аңыз, әңгімелер

Миф- ата бабаларымыздың ежелгі, бастапқы танымындағы ғалам, оның жеке дүниелері, сол ғаламның алғашқы пенделерінің өмірі хақындағы түсініктері. Мифология – грек тілінде миф немесе логос деген сөздерден құралады. Миф –аңыз, логос- таным. Олардың қатарына аспан, жер, су дүниесі мен жер асты, осылардың тұрғындары, яғни тәңірлер мен тәңірілер, құбыжықтар мен перілер, дәулер, жасампаз батырлар мен елтіеруіштер, ғажайып мақұлықтар мен заттар т.б. жатады. Мифология дегеніміз солар туралы аңыз-әңгімелердің жиынтығы және ғалам жөніндегі фантастикалық түсініктер жүйесі, ғалам картинасы. Ең ақырғысы аталмыш аңыздары, олардың түпкі мотивтері мен идеяларын зерттейтін саланы да мифология дейді.

Мифология- а) адамның шығармашылық қабілеттерін айқындаудың ежелгі, мәңгілік бітімі. Ол адамзат мәдениетінің барлық типтері мен бітімдерінің негізінде жатыр, ә) Миф теориясы немесе оның түсініктемесі. Мифтің жалпыға ортақ теориясы жоқ. Бірақ мифті түсіндіру мен зерттеу үзіліссіз жалғасып келеді. Алғаш рет миф философиясын Дж. Вико ұсынды. Ол мифті қиял ойыны ретінде қалыптасады деп санады. Одан кейін XIX ғ. ортасынан бастап миф этнографиялық материал ретінде зерттеле бастады. Э. Тэйлор «Алғашқы қауымдық мәдениет» кітабында мифтер мен діни нанымдар негізінде анимизм жатыр деп жазады, ал Г. Спенсер болса, миф таным құралдары мен мүмкіндігінің шектеулігінен туындаған құбылыстардың сырын қате түсіну (түсіндіру) деп санады.

Ағылшын мәдениет тарихшысы Э.Б. Тэйлор мифтердің мынадай түрлерін атап өтеді: 1) философиялық немесе түсіндермелік мифтер, 2) нақтылы, бірақ бұрмаланған деректерге

сүйенген мифтер, 3) тарихи және аңыздық тұлғалар туралы мифтер, 4) фантастикалық және метафоралық мифтер, 5) саяси-әлеуметтік және тұрмыстық мифтер.

Миф – жазба тарихтың басталуына дейінгі өткен оқиғалар туралы әңгіме. Сондай-ақ ол болашақта болар оқиғалардың маңызын баяндайтын әңгіме. Миф- адамгершілік, имандылық заңдардың барлық жиынтығында бар өте қажетті нәрсе.

Миф –біздің өмірімізге белгілі-бір мән- мағана беретін наным-сенімдер жиынтығы. Миф адамдар мен қоғамның өздерінің айналасына жақсы және жайлы түрде үйренісіп кетуіне жағдай жасайды.

Миф – 1) көне аңыз, әңгіме; 2) тарихи-мәдени сананың ерекше күйі. Ежелгі Мифтер мен аңыздар алғашқы адамдар тіршілігінің маңызды бөлігі болып, олардың рәміздік (символдық) мазмұны арқылы адам қоршаған ортаны игеріп, жете түсінді. Мұнда поэзия мен алғашқы білімнің, дін мен әдептің, өнер мен өмірлік тәжірибенің ерекше бірлігі орын алды. Алғаш рет Миф философиясын [Дж.Вико](#) (1668 – 1744) ұсынды. Ол Миф қиял ойыны ретінде қалыптасады деген пікірде болды. Кейін 19 ғасырдың ортасынан бастап Миф этнографиялық материал ретінде зерттеле бастады. Ағылшын мәдениеттанушысы [Э.Б. Тайлор](#) (1832 – 1917) “Алғашқы қауымдық мәдениет” атты еңбегінде Мифтер мен діни нанымдар негізінде анимизм жатады деп жазады. [Г.Спенсер](#) (1820 – 1903) Миф – таным құралдары мен мүмкіндігінің шектеулілігінен туындаған құбылыстардың сырын қате түсіну (түсіндіру) деп санады. [Дж.Фрезер](#) үшін Миф – магиялық әрекетті ақылға салып, әдеби тіл арқылы пайымдау. Психологиялық мектеп пен оның өкілдері (В.Вунд, Л.Леви-Брюль, З.Фрейд, К.Юнг) Мифтік шығармалар негізінде алғашқы қауым адамының дүниені қабылдау ерекшеліктері жатыр, ол бір нәрседен туындаған сезімдерді, эмоцияларды сол құбылыстың немесе нәрсенің өзіне тән қасиеті ретінде қабылдады деп санайды. 20 ғасырдағы әлеуметтік антропологияда [Б.Малиновский](#) (1884 – 1942) мен [К.Леви-Строс](#) (1908) теорияларының ықпалы жоғары болды. [Малиновский](#)дің пікірінше, миф – құбылыстың түсіндірмесі, яғни теория емес, шындық ретінде пайымдалған сенімнің көрінісі. [Леви-Стросс](#) жеке мифті емес, олардың жиынтығын таңбалық модельдендіруші жүйе ретінде қарастырады. [Тайлор](#) мифтердің мынадай түрлерін атап көрсетеді: а) философиялық немесе түсіндірмелік мифтер; ә) нақтылы, бірақ бұрмаланған деректерге сүйенген мифтер; б) тарихи және аңыз тұлғалар туралы мифтер; в) фантастикалық және метафоралық мифтер; г) әлеуметтік-саяси және тұрмыстық мифтер. [Космогония](#)лық мифтердің басты тақырыбы – “киелі тарих”, дүниенің, адамның, тағы да басқа жаратылуы. Әдетте, мифте жаратылыс уақыты киелі сипатқа ие болып, үлгі ретінде құрметтеледі. Мифте әрбір объект, әрбір іс-қимыл басқа объектілермен, іс-қимылдармен ұштасып жатады. Мифтік бейнелер субстанциялық сипатта, нақты, шынайы нәрселер ретінде қабылданады. Мифке метафоралық тән емес, өйткені миф бәрін шындық ретінде бейнелейді. Тек кейіннен мифтің тілдік құрылымында метафоралық ерекшелік қабылданды. Миф архаикалық сана үстемдік еткен дәуірде пайда болғанымен, кейінгі мәдениеттерде де сақталып қалды. Мифтік уақыт туралы сөз еткенде оның жазусыз мәдениетпен бітісе қалыптасқанын ескеру қажет. Ұжымдық тәжірибе мен әдет-ғұрыпты арқау еткен қоғамның қуатты болжау мәдениеті болуы шарт. Бұл табиғатты, әсіресе аспан шырақтарын бақылауды міндетті түрде ынталандыра отырып, соған сәйкес теориялық танымның өркендеуіне әкелді. Кейін мифтік дүниетанымды дін мен философия ығыстырды. Бірақ ол уақыт ағынында жоғалып кетпей, көмескі сана мен архетиптік жадынан орын алды. Қазақтың арғы ата-тектерінің дүниені мифтік тұрғыдан түсінуі әлемдік үлгілермен сабақтас. Көк Тәңірі, Жер-Су мен Ұмай ананы айтпағанның өзінде, түркі халықтарының арғы ата-тек туралы түсініктері тарихтың алыс қойнауларында қалыптаса бастаған. [Көк бөрі](#) туралы аңыздар, сондай-ақ көркем шығармаларда бейнеленген тотемдер мифтің әсерлі белгілері саналады. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тотемдік ұғымдар сақталғанымен, олардың нақтылы көріністері өзгерді. Мифтік уақытты басқа типтер ауыстырған соң да тотемдік түсініктер халық жадында архетиптік қызметін

атқарып, басқа рәміздер мен таңбаларға айналды. Мысалы, жаугершілік және бостандық үшін күрес заманында [Көкбөрі](#) қайсарлыққа шақырған рәміздік рөл атқарған.

Қазақ мифологиясын зерттегендерге тоқталсақ сонау Шоқан Уәлихановтан бастағанда, арысы Ә. Марғұлан, А. Машанов, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібай, Е. Тұрсынов, О. Сүлейменов сияқты т.б. айтуға болады. Қазақ мифологиясын зерттегенде, негізінен 2 кезеңге бөліп қарастырған дұрыс. 1898 ж. орыс география қоғамының Шығыс сібір бөлімшесі Н.М. Ядренцевтің басқаруымен монғолияға арнайы экспедиция ұйымдастырған. Онда Орхон-енисей жазба мұраларын зерттеудің, сонымен бірге түркологияның жаңа беттері ашылды. Ш. Уәлихановтың еңбектері мифологияның теориялық мәселелеріне тереңдеп ену үшін жақсы алғышарт жасаған тарихи-этнографиялық түпнұсқа ретінде ерекше құнды болды. Бұл кезеңнің ерекшелігі негізінен, жалпы түркілік аспектіде қарастырылды. Екінші кезеңді М. Әуезовтің, Ә. Марғұланнның есімдерімен байланысты қарастырған орынды. Ә. Марғұлан қазақ эпостары, ертегілері мнe аңыздары тарихын біздің жыл санауымыздан да ілгері уақыттан іздеу керектігін, біздің уақытымызға келіп жеткен асыл мұра екендігін дәлелдейді.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. Мифология ұғымы
2. Қандай көне аңыз, әңгімелерді білесіз

Әдебиеттер:

1. Қазақтың мифтік әңгімелері. А., 2001.
2. Шахнович М.И. Первобытная мифология и философия. Л., 1971
3. Марғұлан Ә., Ежелгі жыр, аңыздар. А., 1985
4. Лосев А., Философия. Мифология. Культура, М., 1991
5. Каракузова Ж., Хасанов М., Космос казахской культуры, А., 1993
6. Ыбыраев Ш., Қазақ мифтері, А., 2003
7. Философия және мәдениеттану, А., 2004

4 ЛЕКЦИЯ. ҚАЗАҚТАҒЫ БАҚСЫЛЫҚ. ХАЛЫҚ МЕДИЦИНАСЫ МЕН ВЕТЕРИНАРИЯСЫ.

Мақсаты: Қазақ медицинасының дамуын, емшілік білімін ашып көрсету. Емдік шөптердің түрлерін ажыратып беру. Ұй жануарларын емдеуде халық тәжірибесі нәтижесінде жинақталған әртүрлі емдік дәрілерді, емдік шөптерді қолдануды түсіндіру.

Шартты сөздер: халық медицинасы, оташы, тамыршы, абыз, зікір, ветеринария, емшілік, мал дәрігерлік

Сұрақтар:

1. Қазақтардың дәрігерлік білімдер жүйесі
2. Қазақтардың емшілік білімі. Емдік шөптерді қолдану әдістері.
3. Қазақтардың мал дәрігерлік білімдер жүйесі

Емшілікті меңгерген адам тәсілдеріне қарай **тәуіп, оташы, тамыршы, абыз, зікірші, балгер, жауырыншы, үшкіруші, сынықшы, бақсы, елті (әйел бақсы)** деп бөлінген.

Алғашқы деректер ХҮІІІ ғ. екінші жартысында Н. Рычковтың, П.С. Палластың, И.Г. Георгиядің қазақ жеріндегі бақсылық жөніндегі жалпылама мәліметтер еді. Бүкіл ХІХ ғасы және XX ғас. Басында қазақ бақсылары жөнінде А.

Емшілердің әрқайсының өзіне тән емдеу тәсілі, құпиясы болған. Безгек, мерез, қышыма, соз, мерез, өкпе ауруы т.б қатерлі ауруларға қарсы ашутас, сыр, тоияйын, сынап, алмас, апиын, хинин азот қышқылы, күкірт сияқты улы заттарды да дәрілік ем ретінде кеңінен қолдана білген. Емшілер қарандыз, меңдуана, жусан, ермен, қалампыр, шәй, темекі, адыраспан, т.б әр түрлі өсімдіктердің, шөптердің шипалы және емдік қасиеттерін

қасиеттерін білген. Мысалы: анис, ашкөк сығындыларынан эфир майын алды. Асқазан бұруін емдеу үшін хош иісті шөптер тамырларын пайдаланып, олардан қою ботқа жасады. Жусан, ермен, дәрмене, мендуана, нарпез, жыңғыл тамыры сияқты шөптердің қасиетін қазақ емшілері ертеден білген. Қылқанжапырақ, қырықбуын сияқты шөптерді безгек ауруын емдеуге қолданған. Сондай-ақ, безгек ауруын емдеуде қан жіберудің тиімді тәсілдерін игерген. Адам тәні әлсіреп қалжырыған уақытта, қаны азайып, қан қысымы төмендеген уақыттарда тау жусанының тамырын қолданған. Оны қытай саудагерлерінен қымбат бағаға сатып алып отырған. Ертеде халық арасында көп кездескен аурудың бірі – туберкулез. Қазақтар бұл ауруды өкпе құрты, құрт ауру, көкірек құрты деп атаған. С.А. деп қол қойған автор “Туркестанские ведомости” газетінде өкпе ауруына шалдыққан ауруды шалқасынан жатқызып, басын жастықтан төмен қарай түсіре қайырып қойып өңешті тесіп, қамыс түтігі арқылы апиын тұнбасын, сынап, темекі сөлін құю арқылы емдегенін жазады. Өкпеге түскен тұнба денеге жайылып адам организміндегі зиянкесті өлтіргендігін, - жазған. П. Комаров тәжірибелі қазақ тәуіптері өте жұқпалы ауру – мерезді емдей білгендігін жазды. Халық түсінігінде жұртшы деп аталатын құстың өті таптырмайтын ем болды. Етін отқа күйдіріп, күлін мерез жарасына септі, - дейді. П.Комаров жергілікті халықтардың түрлі ауруларды емдеу тәсілдеріне назар аударған. “саусақ ұшына күбірткені немесе саусақтың іріңнен ісініп солқылдап ауырғанын емдеу үшін жаңа сойылған қойдың өтін алып, саусақты өт қапшығына біраз уақыт салып отырған немесе құрбақаны ұстап алып, тірілей ішін жарып, ішіне саусақты батырған; Сыздауықтың бетіне тышқан терісін сыдырып алып жапсырып іріңін, өзегін сорып алған; Іш кетуі ауруына қарсы жұмыртқаның сары уызын шикілей ішкен немесе есек сүтін ішкен; Құяң (ревматизм) ауруына кептер еті бірден-бір ем; Суықтан үсіген жерге қаздың майын жаққан”, - дейді. Ә. Диваев жариялаған Шымкент уезі, Ақтас болысының молдасы Әли Мақтыбаевтан жазып алған, көкжөтел, сұржөтел, көкірек құрты, жүрек ауруы, құяң, қырма сияқты ауруларды емдеудегі халық тәжірибесі - қазақтардың емшілік білімін көрсеткен қомақты еңбек. “...Көкжөтелден құтылу үшін қазақтар емнің неше түрлі тәсілдерін қолданады. Мысалы, ауруға көк қарғаның қауырсынын соруға береді, қашан жеңілдегенше ауру оны оны тастауы тиіс. Сұр жөтелге қарсы қазақтардың ең тиімді емі сұр қозының етінің сорпасы болып саналады. Сондай-ақ, сұр жөтелге сұр сиырдың сүті де ем болады. Сонымен бірге, ауруға сұр сиырдың сүті де ем болады. Сонымен бірге, ауруға сұр сиырдың немесе көкбақ құлжа дейтін қандай бір тау аңының өтін ішуге береді...”. Ә.Мақтыбаев авторға құяң және қырна ауруының (іштің бұрап ауруы) емдеу тәсілдерін айтады: “Әр түрлі малдардың сүйектерін жинап, оларды бір шұңқырға салады да шұңқырға орындық қойып, үстін жамылғымен жабады. Содан соң ыстық палауды алып, оны аурудың ауыратын жеріне басып, қыздырады. Егер құяң созылмалы, күшті болып, ауру азап шексе, онда қазан алып, оны жердің бетімен бірдей етіп орналыстырып қояды да, қазанға өткен жылы сойылған жылқының қарнын салады, қазанды қазақтардың қамыспен немесе шимен жауып, белгіленген қан-жынды қайнатады. Науқастың үстіне көрпе жауып, сол шидің үстіне орап жатқызады, ол болса бұдан терлеп ұйықтап кетеді... Қырна ауруын емдеу үшін ошақтан ыстық күлді алып, фарфор шәйнектің ішіне салып, и орамалмен орап, аурудың ішіне басады немесе қара ешкіні сойып, өкпесін жүрегімен суырып алып аурудың жалаңаш денесіне ұзақ уақыт бойы ұрады, ауру терлеп, сауыға бастайды...”. Аяқ башпайы, қол саусағына түсетін жара қазақтар арасында көкше (күбіртке) деп аталады, - дейді Ә.Мақтыбаев. Көкше асқынып, сүйекке түссе, сүйек шіріп кейде башпай, саусақ түсіп қалады. Көкшені емдеп жазу үшін, қазақтар арбаушының көмегіне жүгінген. Халық емшілері науқастың ауруын көңіл-күйіне, демалысына, тамыр соғуына қарап анықтаған. Суықтың әсерінен болатын буын, сүйек сырқырау, құяң сияқты ауруларды ыстыққа бұлау, құмға бұлау, теріге түсіру сияқты әдістерімен емдеген. Емделген адам немесе науқастың ағайындары емшінің ақысын төлеп, сый-сыяпат көрсетіп күткен.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. Қазақтардың дәрігерлік білімдер жүйесі

2. Емдік шөптерді түрлерін атаңыз
3. Малдарда кездесетін ауру түрлеріне тоқталыңыз

Әдебиеттер:

1. Алимбай Н., Аргынбаев Х., Муканов М.С. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. –А., 1998.
2. Диваев А. Тарту. – Алматы, Ана тілі. 1992.
3. Очерки по истории народной медицины Казахстана. - Алма-Ата, 1978.
4. Добромислов А.И. Ветеринарный надзор в Тургайской области.-Оренбург, 1895

5 ЛЕКЦИЯ. ШАРУАШЫЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ҒҰРЫПТАР МЕН НАНЫМ-СЕНІМДЕР

Мақсаты: Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен оған байланысты ғұрыптық рәсімдер, наным-сенімдер жүйесін талдау.

Міндеттері:

- Көшпелі мал шаруашылығына байланысты ғұрыптарды сипаттау;
- Егіншілік пен аңшылық кәсіптеріндегі наным-сенімдерді көрсету;
- Шаруашылық пен діни дүниетаным арасындағы байланысты ашып көрсету;
- Шаруашылыққа қатысты ырым-тыйымдардың әлеуметтік-мәдени қызметін талдау.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында шаруашылық пен рухани өмір бір-бірінен ажырамас құбылыс ретінде қалыптасты. Дәстүрлі шаруашылық түрлеріне мал шаруашылығы, егіншілік, аңшылық, балықшылық жатты. Әрбір шаруашылық саласы өзіндік ғұрыптармен, ырымдармен, діни нанымдармен бекітіліп, қоғам өмірінің үйлесімділігін қамтамасыз етті.

Мал шаруашылығына байланысты ғұрыптар. Көшпелі қазақ қоғамында төрт түлік мал – тіршіліктің негізгі көзі әрі қасиетті саналған. Әр малдың «пірі» бар деген түсінік кең тараған: жылқының пірі – Қамбар ата, түйенің пірі – Ойсылқара, сиырдың пірі – Зеңгі баба, қойдың пірі – Шопан ата, ешкінің пірі – Шекшек ата. Малға қатысты ғұрыптық рәсімдердің көпшілігі береке, молшылық тілеуге бағытталды. Мысалы, көктемгі мал төлдеу науқаны кезінде ауыл ақсақалдары жас төлдерге бата берген, ал алғашқы құлынды бие байлағанда арнайы ырым-жоралғылар жасалған.

Егіншілік пен жерге байланысты наным-сенімдер. Қазақтар негізінен мал шаруашылығына арқа сүйесе де, егіншілікпен айналысқан өңірлерде жер-суға қатысты ғұрыптар сақталған. Жерге алғашқы дән сепкенде «қасиетті жерге береке дарысын» деген тілекпен шашу жасалған. Су көздері де киелі саналып, бұлақ басына тасаттық беру дәстүрі қалыптасқан. Мұндай рәсімдер шаруашылық табыстылығын арттыруға бағытталғанымен, табиғатты аялау мәдениетін де күшейтті.

Аңшылық және аң-құсқа байланысты ырымдар. Аңшылық кәсібінде де діни-нанымдық ритуалдар ерекше орын алған. Киік, бүркіт, қасқыр сынды жануарлар ерекше культтік

сипатқа ие болды. Бүркітті қолға түсіріп, баптау арнайы «құмай әулие» атауымен байланысты болды. Ал қасқыр – кейде жау, кейде киелі бейне ретінде қабылданып, оның кей мүшелері (тіс, тырнақ) оберег ретінде қолданылды.

Ырым-тыйымдардың шаруашылықтағы рөлі. Қазақ дүниетанымында шаруашылық үдерістерін реттейтін сан алуан ырымдар мен тыйымдар болды. Мысалы, «қой қырқылып жатқанда басқа шаруашылық істеме», «қой үстіне қан тамызба», «қойдың сүйегін отқа жақпа» деген тыйымдар мал басының көбеюімен байланыстырылды. Сондай-ақ «нанды баспау», «сүтті төкпеу» сияқты тыйымдар азық-түлікті қадірлеу дәстүрін орнықтырды.

6 ЛЕКЦИЯ. АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУЫ. ФОЛЬКЛОР.

Мақсаты: Этиологиялық, космогониялық аңыздарға, ертегілердің тарихта алар орнына тоқталу. Фольклорлардың ұсақ жанрларын ашып көрсету.

Шартты сөздер: Фольклор, миф, хикая.

Сұрақтар:

1. Қазақ фольклорының тарихы және оның зерттелуі
2. Қазақ фольклорының рухани бастауы
3. Орыс әдебиетіндегі шығыс фольклористикасы
4. Аңыздар мен ертегілердің шығу тарихы
5. Мақал-мәтелдер мен жұмбақтар

Фольклор – халық шығармашылығы, яғни аңыздар, жиссалар, ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар және т.б.

Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде пайда болған фольклор дамыған қоғамның этностарында да сақталған. Ол нақты тарихи фактілер мен тұлғаларды бейнлеуге ғана арналмай, өткен тарихтың басты-басты мән - мазмұнын көркемдік-бейнесі тұрғыдан білдіруге саяды. Фольклор рухани мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі, халық бұқарасының, этностардың көркемдік ой-толғамының неғұрлым пәрменді нысаны, олардың эстетикалық дарыны мен талғамының, адамгершілік ереже - қағидаларының шоғырлы көрінісі мен топтамасы болып табылады.

Фольклор (ағылшын тілінде «халық даналығы» деген сөз) ұғымын беру үшін Қазан төңкерісіне дейінгі орыс әдебиеттану ғылымында «народная словесность», «устная словесность», «устная литература» деген терминдер қолданылатын. Осыларды еске ала отырып, А. Байтұрсынов кейіндері «ауыз әдебиеті» баламасын жасаған.

Қазақ ғалымдары да қазақ фольклорының тарихына арналған алғашқы үлкен еңбекті 1948 жылы жарыққа шығарды. Бұл еңбек те (қолжазба күйінде-ақ) кезінде сынға ұшырады, бірақ сын ғылымнан аулақ, саяси-идеологиялық сипатта болды да, аталмыш кітап «зиянды» деп танылып, ғылыми айналымнан алынып тасталды. Ал, шындығына келгенде, бұл еңбек - үлкен жұмыстың игілікті бастамасы еді, өйткені, сол тұстың өзінде-ақ қазақ әдебиетінің тарихын бірнеше том етіп жазу көзделген-ді. Сөз жоқ, бұл кітап - өз дәуіріне тән ғылыми тұжырымдарға сүйенді, сондықтан оның теориялық сапасынан гөрі идеологиялық, саяси ұстанымы басым болды. Дей тұрғанмен, бұл еңбекте фольклордың тарихын жанрлар арқылы зерттеуге талпыныс болғанын айтпасақ болмайды. Мәселен, тоғыз бөлімнен тұратын томның бірінші бөлімі қазақ фольклорының зерттелуіне арналса, содан кейінгі екінші бөлімді пайда болу мерзімі жағынан ең көне деп есептелетін ғұрыптық фольклор мен ескі діни нанымдарға, сондай-ақ шаруашылыққа байланысты туған жанрлар құрайды: салт өлеңдері; мал, шаруашылық туралы өлеңдер; дін салт өлеңдері; наурыз; бақсы сарыны; бәдік, арбау, жалбарыну; жарамазан және жарамазанның батасы; үйлену салт өлеңдері:

әдет, салт; тойбастар; жар-жар, сыңсу-жұбату; беташар; мұң, шер өлеңдері: қоштасу, естірту, көңіл айту; жоқтау.

Осыдан әрі қарайғы бөлімдер: ертегілер; батырлық жыры; ғашықтық жырлары; айтыс өлеңдері; шешендік сөздер; тарихи өлеңдер; қазақ совет фольклоры деп берілген. Аталған бөлімдер, негізінен, фольклордың XX ғасырға жеткен күйіндегі көркем жанрларды қамтыған, алайда, мұнда ол жанрлардың қай дәуірде қандай күйде болғаны сөз болмайды, неден, қайдан пайда болғаны, қалыптасу барысында нелерге сүйенгені айтылмайды. Сондай-ақ «Қазақ совет фольклоры» деген жеке бөлімнің болуы - зерттеушілердің сол тұстағы одақтық фольклортану мен әдебиеттануға тән ұстанымды басшылыққа алғанын айқын аңғартады. Мәселен, осы бөлімнің тараушалары мынадай: революциялық күрес кезеңіндегі өлең, жырлар; ауылды советтендіру жөніндегі өлең, жырлар; колхоз, өнеркәсіп өміріне байланысты халық әдебиеті; терме, мақалдар; қазақтың халық әдебиетіндегі Ленин, Сталин образы; ерлік туралы жырлар; халық әдебиетіндегі Аманкелді образы; Отан соғысы кезінің жырлары. Көріп тұрғанымыздай, тараушалардағы проблемалар азаматтық тарихтың ізімен, таза әдебиеттану шарттарымен қарастырылған және талданған шығармалардың дені - авторлық өлеңдер мен жырлар. Олар түгелдей таптық, советтік идеология тұрғысынан бағаланып, фольклорға ғана емес, бүкіл әдебиетке тән көркемдік-эстетикалық құндылығы жағынан қарастырылмаған. Сонымен қатар бұл бөлімде сол кездегі концепцияға сәйкес халық ақындары шығармашылығы мен фольклордың ара жігі ашылмай, біртұтас халық әдебиеті деп ұғыну орын алған. Сондықтан Ақмолда, Күдері, Жамбыл, Сәттіғұл, Иса, Нұрлыбек сияқты ақындардың өлеңдері совет фольклоры үлгісінде қаралған. Соның салдарынан бар деп есептелген совет фольклорының өзін дәуірлеу түгелдей дерлік XX ғасырдағы тарихи-қоғамдық кезеңдерге сәйкестендіріліп, фольклор өмір ағымына сай жедел өзгеріп отыратын рухани дүние емес екені ескерілмеген. Ал, «совет фольклоры» деген ұғымға келсек, ол көпке шейін ғылымда мойындалып келді.

Жалпы, XX ғасырдың 70-жылдарына дейін бүкіл Кеңес Одағы фольклортануында орныққан қағида бойынша еңбекші бұқараның шығармашылығы ретінде жекелеген жыршылар мен сказительдердің ескі фольклорлық дәстүрге негіздеп жырлаған туындылары советтік эпос деп танылды. Сөйтіп, орыс фольклористикасында Марфа Крюкова секілді сказительдер шығарған былиналар, бізде ұлы Жамбыл, Нұрпейіс, Доскей, т.б. ақындарымыз шығарған жырлар фольклор деп қабылданды, ал, оларды зерттегенде әдебиет заңдылықтары басшылыққа алынды. Осы концепцияның айқын көрінісі - 1964 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбек болды. Бұл том түгелдей совет фольклорына арналды да, қазақ совет фольклоры туралы ғылымның даму тарихы; қазақ совет фольклорының даму жолдары деген екі үлкен бөлімді қамтыды, сондай-ақ совет фольклоры есебінде атақты халық ақындарының авторлық дастандары мен поэмалары да қарастырылды. Бір тәуірі - бұл шығармаларды талдағанда зерттеушілер олардың ежелгі фольклор поэтикасының ізімен, дәстүрімен шығарылғанын атап көрсетеді. Әсіресе, шығыс дастандарының үлгісінде туғандарын да, әрі өзіміздің жазба әдебиетіміздің әсерінен жазылғандарын да нақты мысалдар арқылы нанымды дәлелдеген. Ал, советтік өмірді бейнелеген шығармаларды реалистік көркем әдебиеттің талаптары негізінде талдау арқылы ғалымдар халық ақындарының дүниелері фольклорға келе бермейтінін мойындаған деуге болады.

Соңғы зерттеулерге келсек, Қазақ әдебиеті тарихына арналған 10 томдықтың 1 томындағы ұжымдық монографияның жазылуы барысында жаңа зерттеулермен қатар ертеректе жазылған белгілі ғалымдар З.Ахметов, Б.Уахатов, Д.Шалабеков еңбектері де ықшамдалып пайдаланылды. Мұның себебі, біріншіден, олардың жұмыстарында әлі күнге құнды тұжырымдардың болуы, екіншіден, ғылымда әрқашан жалғастық болатындығы. Әрине, кітаптағы айтылған кейбір ойлар мен пікірлер, тұжырымдар даулы болуы да мүмкін, кей тұстары күмән тудыруы да ықтимал. Бұлай болуы орынды, себебі қазақ фольклоры нақ осы тұрғыда зерттеліп көрген емес және ешбір елде фольклор тарихы арнайы түрде бұлайша жүйелі сипатта әлі күнге дейін зерделенген жоқ. Егер ғалымдар мен мамандар

тарапынан ескертпелер, тілектер айтылып жатса, авторлық ұжым оған түсіністікпен қарап, ризашылығын білдіреді делінген.

Еңбектің тараулары мен тараушаларын жазған ғалымдар мен 1 томның құрылысына тоқталсақ, төмендегідей. Оның себебі бұл тараулар мен оның атаулары ауыз әдебиеті туындыларының зерттелу деңгейін көрсетеді және ауыз әдебиеті шығармаларының қазіргі анықталған бөлінісі, оған қандай шығармалар жататынын мен ауқымын да анықтай алады: ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Қасқабасов («Кіріспе», «Қазақ фольклоры: статусы мен теориялық негіздері», «Ежелгі замандағы рухани мәдениет: жалпы сипаты», «Орта ғасырлардағы фольклор: жалпы сипаты», «Жаңа дәуірдегі фольклор: жалпы сипаты», «Миф», «Хикая», «Этиологиялық ертегі», «Қиял-ғажайып ертегі», «Хайуанаттар туралы ертегі», «Батырлық ертегі», «Ғашықтық жыр», «Аңыз», «Әпсана», «Хикаят», «Новеллалық ертегі», «Сатиралық ертегі», «Тарихи жыр: жалпы сипаты», «Кенесары туралы тарихи шығармалар», «Лиро-эпикалық (балладалық) жыр», ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Бердібай («Көне эпос», «Батырлық жыр: жалпы сипаты»); филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Ыбыраев («Көне эпос»); ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор З.Ахметов, филология ғылымдарының кандидаты Б.Ақмұқанова («Қазақ хандығы кезеңіндегі фольклор» тарауына «Мақал-мәтел»); филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Абылқасымов («Арбау», «Бәдік», «Бақсы сарыны»); филология ғылымдарының докторы, профессор К.Матыжан («Үйлену ғұрып фольклоры», «Балалар фольклоры», «Жаңылтпаш»); филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Керім («Егіншілік жөніндегі фольклор», «Жұмбақ», «XX ғасырдағы фольклор» тарауына «Мақал-мәтел»); филология ғылымдарының докторы Б.Әзібаева («Дастан: жалпы сипаты», «Хикаялық дастан», «Діни дастан», «Ғашықтық дастан»); филология ғылымдарының докторы М.Жармұхамедұлы («Қыз бен жігіт айтысы», «1916 жылғы көтеріліс туралы фольклор»); филология ғылымдарының докторы Б.Уахатов («Наурыз мейрамы мен фольклоры», «Қара өлең», «Тарихи өлең»); филология ғылымдарының докторы, профессор А.Сейдімбек («Күй аңызы», «Қара өлең»); филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Қоңыратбай («Түркі қағанаты кезіндегі фольклор», «Тарихи аңыз»); Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент А.Тоқтабай («Наурыз мейрамы мен фольклоры», «Қымызмұрындық тойы мен өлеңдері»); филология ғылымдарының кандидаты Д.Шалабеков («Жұмысшылар фольклоры»); филология ғылымдарының кандидаты С.Сәкенов («Тарихи жыр»); филология ғылымдарының кандидаты Ж.Ахметжанова («Тарихи өлең»); филология ғылымдарының кандидаты С.Дәрібаев («Егіншілік жөніндегі фольклор»); филология ғылымдарының кандидаты Р.Әлмұханова («Жарапазан», «Оғыз-қыпшақ дәуіріндегі фольклор», «Алтын Орда тұсындағы фольклор», «Алпамыс батыр», «Айтыс: жалпы сипаты», «Мысал айтыс», «Шешендік сөз»); филология ғылымдарының кандидаты, доцент П.Әуесбаева («Әңгіме»); фольклортану бөлімінің ғылыми қызметкері Д.Жақан («Жерлеу ғұрпының фольклоры», «Қобыланды батыр», «Лирикалық өлең», «Өлең»); фольклортану бөлімінің ғылыми қызметкері А.Тойшанұлы («Терімшілік пен аңшылыққа қатысты фольклор», «Мал шаруашылығына байланысты фольклор», «Арбау», «Жалбарыну», «Алғыс (бата)», «Қарғыс», «Ант», «Едіге», «Әлеуметтік-сүйіспеншілік дастан»). Кітапты баспаға дайындауға институттың ғылыми қызметкерлері Д.Жақан мен А.Тойшанұлы, Д.Рахметова қатысқан.

Қазақ фольклорының жиналуы XIX ғасырдан бастау алады. XX ғасырдың бас кезінде көптеген әнші, ақын -әдебиетшілер ел аузындағы фольклор үлгілерін жинап, газет-журнал бетінде, басқа да жинақтарда жариялай бастайды. “Қыз Жібек”, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Қобыланды”, “Алпамыс” жырлары Қазанда жеке-жеке жинақ болып басылады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ауыз әдебиетінің көркем үлгілеріне арналған төрт томдық қолжазбасы болған. М. Сералин “Шаһнаманың” кейбір тарауларын қазақ тіліне тәржімелеп

шығады. Сонымен қатар орыс ғалымдарының халық поэзиясын жинауға бағытталған іс-әрекеттері де бұл ғылымның ілгері басуына көп септігін тигізді.

Қазақ фольклористикасы XX ғасырдың жирмасыншы жылдары айрықша бой көрсетеді. Бұл кезде Ә.Диваев, Х.Досмұханбетов, М.Әуезовтердің қатысуымен қазақтың батырлық жырлары басқа да фольклор туындылары дүркін-дүркін жарық көреді. Москвада Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов құрастырған “Жиырма үш жоқтау” (1926) басылса, “Сана”, “Терме”, “Шолпан” журналдарында да фольклор шығармалары жарық көріп тұрады.

Отызыншы жылдары қазақтың эпостық жырлары жарық көре бастайды. “Батырлар жыры”, “Алдар Көсе”, “Сексен өтірік” атты жинақтарды айтпағанда, С.Аманжоловтың “Жұмбақтар”, Ө.Тұрманжановтың “Қазақтың мақал мәтелдері” М.Әуезов тапқан “Қозы Көрпеш Баян сұлу” жырының жаңа нұсқасы, айтыстың бірінші кітабы (С.Мұқановтың сөз басымен) басылады.

Ертегілер. Халықтың фольклорлық шығармаларының бір мол саласы – ертегілер.

Қазақ халқы ертегіге бай елдердің бірі. Қазақ фольклорындағы ертегілердің сан алуан түрлері бар. XIX ғасырдан бастап қазақ ертегілерінің ғажап та, көркем үлгілерін В. Радлов, Г. Потанин, И. Березин, А. Алекторов, П. Мелиранский, Ш. Уәлиханов сияқты беделді де белгілі ғалымдар жинап, жариялай бастады. Қазақ фольклорының кейбір нұсқалары “Дала уалияты”, “Айқап”, “Туркистанские ведомости”, “Туркистанская газета”, т.б. мерзімді баспасөз бетінде жарияланып келді.

Қазақ фольклоры Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов сондай-ақ М. Әуезов, С. Сейфуллин еңбектерінен де мол орын алғаны бар. Кейінгі кезде қазақ ертегілерін зерттеуге М. Әуезов, Қ. Жұмашев, Е. Ысмайыловтар белсене араласты. Қазақ ертегілерін тақырыбына қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Олар а) мифологиялық, (қиял-ғажайып) етегілер; ә) хайуанаттар (жан-жануар) жайындағы ертегілер; б) тұрмыс – салт ертегілері.

А) Қиял-ғажайып ертегілер тым ерте замандарда адам табиғат сырын толық түсініп болмаған кезде туған. Мұнда өмір көрінісі аздау болады. Мифологиялық ойлау адамдардың топ-топ болып орман, тау-тас үңгірлерін мекендеп жүрген кезеңінен бастап туса да ғажап емес. Күн, ай, от судың жойқын күштерінің сырына түсінбеген алғашқы қауым адамдары табиғатқа сиынып, табынған: бірінен қорықса, бірін қастерлеген. Оларды адамша ойлап, әрекет жасайтын құбылыстар деп ұққан.

Кейбір елдерде киелі аңдарға сиыну дәстүрі де болған. Қиял – ғажайып ертегілердің сюжетінде адам иланбайтын, көңіл сенбейтін сан түрлі қызық-қызық оқиғалар болатыны рас, бірақ бұған қарап халықтың ертедегі творчестволық күштерінде бей-берекет жалған көріністер басым болды деп ойлауға болмайды. Мейлі, көз көріп, құлақ естімеген неше түрлі суреттер бола берсін, ол халықтың сергек санасын, этика, эстетикалық көз-қарастырып бүркемелей алмайды. Бұл тектес ертегілер қазақ халқының өмір тарихымен бірте қос өрім қатар жасасып келеді, мұнда халықтың бесіктегі бала, бозбала, жігіт ағасыздері айқын бейнеленген.

Фольклордың өзіне тән табиғаты бар. Соның ішінде қиял-ғажайып ертегілердің өз заңы, өз тәсілдері бар. Мәселен, әйелдердің көпшілігі “ай десе аузы, күн десе көзі” бар шетінен сұлу болып келеді. Олардың тұрған жері мұз тауының ар жағында, оң тауының бер жағында. Аспандағы жұлдыздай алыстағы аруды алып келуге кәдімгі қарапайым шаруаның өзі атанады. Сол жолаушы жалғыз өзі не көрмеді: жыландар елі, аждаһа, айдаһарлар ордасы. Ол неге осыншама қауіпті жолға шықты? Әлбетте, сұлуды сүймеске.

Қиял-ғажайып ертегілердің басты бір ерекшеліктері — өмір үнемі қозғалыста көрінеді. Бір орында тұрған зат болмайды: от тауы, мұз тауы, ұшқан құс, жүгірген аң, сұлулар еліне жол тартқан жолаушы бәрі бір нүктеден шығып, екінші бағытқа бет алып бара жатады. Аң адамға, адам аңдарға кездеседі. Олардың арасында жамандық пен жақсылық үшін күрес бір сәтке тоқтамайды. Өте ерте дәуірде пайда болған ертегілерде адамның сұлуы, құстың әдемісі, сән-салтанаттың сарайы бұлар көбінесе перілер елінде деп бейнеленеді. Олардың

мекені көбінесе жер асты, не су асты болып келеді. Соған орай тоғыз қабат жердің, тоғыз түрлі теңіздің астына перінің сұлу қызын іздеп, жер үстінен біреу аттанады. Оның да жолы тым ауыр. Сондай жұмбақ елді тауып, ақыры арманына жететін тағы да шаруаның бейнетшіл баласы болып көрсетіледі.

Халықтың неше түрлі қызық таңғажайып аңыздарды шығару себебі - бір жағы діни нанымдарға байланысты болса, екіншіден, өзіне жұмбақ, жауабын іздеген заңдылықтарға жұмбақтық сипат берген. Мысалы, дөңгелек жердің арғы жағында не бар, ол нендей затқа сүйеніп тұр. Міне, осы сұрақтың төңірегінде жерді ұстап тұрған көк өгіз, мамонт, тасбақа сияқты мифтік ертегілерінде айтылатын осындай беймәлім үлкен жәндіктерді әдетте батырлар өлтіреді, олардың денесінен – жер, сүйегінен – тау, қанынан – өзен, көзінен күн мен ай, тісінен – жартастар жаратылған деп дәлелдейді. Бұлар өте ерте дәуір қоғамының сенім-нанымдары. Олар табиғаттағы әрбір заттың екі сипаты бар деп қараған: ой мен күн, аспан мен жер, құрғақшылық пен су, құс пен бауырымен жорғалаушылар, ақ пен қара.

Мұндай көне дәуірдегі логикалық жіктеу-жер үсті және жер асты, онда мекендейтін адамдар мен перілер деп екіге бөлуге әсерін тигізген.

Бір ғажайып сол, қиял-ғажайып ертегілерде еңбек пен еңбекке құштарлық өте жиі көрсетіледі. Жатып ішер жалқауды адамның қоры деп сипатайды. Ол ауру секілді өмірге масыл. Бұның қарама-қарсы ұғымы – еңбек сүйгіштік. Адам бесіктен түскен бетте қолын жерге тіреп еңбектейді, өзіне-өзі қызмет көрсетеді, өрістен жылқы қайырады, үйінде от жағады. Осының барлығы тынымсыз тірліктің, қозғалыстың белгісі болып табылады. Ондай адамадарды ертекші дегеніне жеткізуді, бақыттың балаң болуы құсын соның бөркіне қондырады, жаннан асқан сұлу қызды соған жар етіп қосады. Осының бәрі еңбектің арқасында болған нәтиже, кімде-кім еңбек етсе, сол адам өзін бақыттымын, өмірлімін деп санауға болады деген сенімді аңғартады. Ондай адамның әр жерде жолы болғыш-ақ.

Фольклорлық сюжеттерде үздіксіз ағып жатқан суға ау тастап телміріп отыратын кім, әлбетте кедей шаруа. Асылы, ау жастау дегеніміз ауға не түсер екен деп күту ғой, сол секілді қарапайым халық та өмірге ау тастаған, бірақ соған ілінгені шамалы болған. Мейлі, өмірде кедейдің күткен арманы орындалмаса да, ең құрыса өзі шығарған ертегіде өзін-өзі алдасын ба, жоқ. Кедейдің құрған ауы судан бос көтерілмейді, не үлкен алтын балық, не ділдә толған сандық, не сұлу бала жатқан жәшік шығады. Ақыры жәшіктен шыққан бала елге ақылы асып хан болады, әрі өзін құтқарып қалған кедейді мұратқа жеткізеді. Асылы, қиял, фантазия араласқан ертегілерде бәрі өзіне – өзі орнамайды, орнататын адамның қолы. Еңбек иесінің қолындағы сәнді тұрмысын, сұлу қызын тартып алу үшін араға ханның іштарлық қызғанышы араласады, кедейдің отбасы бірлігін бұзу үшін олардың күшін әлсіретіп, алыс жолға жібереді. Тапсырмасы – шаһардың сәулесімен жарқырататын гауһар тас тауын әкелу. Мұндай сапарға бармаймын, ондай гауһарды таба алмаймын деп шаруа да кері шегіншектемейді, сен сынасаң мен сыныңа татимын деп ханның қаһарына қарсы жүреді, өмірдің ағымынан қорықпайды, қайта ағысы қатты толқынға қарсы жүзеді.

Адам және жер, жер және адам деген мәселеде: дүние о баста неден жаратылады деген сұраққа фольклорлық шығармалар әр түрлі жауаптар бермек болады. Дүние судан ба, оттан ба, неден жаратылды? Жұмбақтың шешуі әр алуан, бір ертегілер айтады: алдымен дүние қараңғы болған, содан аоң жарық жаратылған дейді. Мәселен, жарық және қараңғылық деген ұғым о бастан ақ философия мен дінің риторикалық басты сұрақтары болған, соған жауап беруге әрқайсысы әр түрлі болжамдар айтқан дейді. Ф.Энгельс “табиғат диалектикасы” деген еңбегінде Халықаралық мифтерде күн мен түннің, суық пен жылылықтың, қараңғылық пен жарықтың алма-кезек ауысу құбылыстарын түсіндіргенде, жарық қараңғылықпен күреседі, түннен перде түріп күн шығады, жылылық суықтықты ерітеді, жаз қысты женеді. Дүние осылай алма-кезек қозғалыста көрінеді. Сол сияқты жоғарыда аты аталған ертегілерде басты кейіпкер қараңғылықтан халықтың көзін ашу үшін жер астындағы жасырын жатқан отты әкеледі. Ол от кейде жеті басты жалмауыз кемпірдің қолында (“Қара үйрек”) болады, оның барған адамға қоятын талабы мынау: “Бармағыңнан

бір сорғысаң, от беремін, болмаса от бермеймін”, — дейді. Бақсақ, от үшін адамзаттың күресі қазақ халқына да оңайға түспеген. Соны іздеп тапқанға шейін тыным таппаған, әрекет істеген, жол жүрегі, әйтеуір ақыры қолына отты түсірген.

Қазақ ертегілерінде отбасылық салттардың кейбір әлсіз жақтары да сыналады, оған көбінесе әйелдердің қанғыштығы аңқаулығы себеп болды деп түсіндіреді. Соның барлығын білдіретін жалмауыз кемпірлер. Ол сұлуларды арбайды, жолдан тайдырады. Бұқара халық осындай мінездерді сынай отырып, отбасы бірлігін, тұтастығын сақтауға ерлі-зайыптардың сақ, сергек болуына үндеп отыр. Ұсқынсыз, тұрпайы кейіпкерлерге жататын образдардың бірі- бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс шал. Заттың сыртқы өлшемі, оның биіктігі мен тереңдігі, қаттылығы мен жұмсақтығы бәрі түйсікке әсерін тигізетін құбылыстар. Адамдар әрбір өлшемнің атқаратын міндеті бар, ол ішкі рухани салмақтың сыртқы көрінісі деп қараған. Мәселен, бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс дегенде адамның азған, әлсіреген түрін елестетеді. Бұлар күнделікті қарым – қатынасына іштарлықтың ролін ойнайды. Олар нендей іске араласпасы да рәсуасын кетіреді, бүтінді бөлшектейді, әрі ыдыратады. Ендігі бір пікір дегеніміз не?. Бақыт пен байлық туралы армандағанда, іздеп-іздеп шаршаған халық оны қолы жетпейтұғын, әуеде ілініп тұрған тылсым секілді елестейді, ол кейде жүзік түрінде, кейде аттың қылы, құстың қауырсыны ретінде кездеседі. Сол бір бақыт іздеген адамға аттаған қадамын ілгері бастырмайтұғын айдаһар, жезтырнақтар тағы бар. Бақыттың, байлықтың жатқан жері жеті қабат жер астында, оған жолаушы жігіт кездейсоқ кездеседі: түн, енді не істеу керек, көрге паналайды. Шұқылап отырса, ар жағынан жанып тұрған гауһарды көреді, арғы жағын ашса, үйдің төрт қабырғасы толған алтын. Соны алмақ болады, бірақ жеті басты жылан ысқырып алдынан шығады, ақыры адам жеңіп, бақ дәулетті күреп қайтады. Әркім де бақытты болғысы келеді, ал бақыт ағып жатқан судың бетімен қалқып жүрмейді, ол еңбекпен, қайратпен келмек, оны іздемек керек.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. Қазақ фольклорының тарихы және оның зерттелуі
2. Фольклор ұғымын түсіндіріңіз
3. Орыс әдебиетіндегі шығыс фольклористикасы
4. Аңыздар мен ертегілердің шығу тарихына тоқталыңыз
5. Мақал-мәтелдер мен жұмбақтарға мысал келтіріңіз

Әдебиеттер:

1. Қазақ фольклористикасының тарихы, А., 1988
2. Қазақ фольклорының тарихылығы, А., 1993
3. Жұмалиев Қ., Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, А., 1958
4. Ғабдуллин М., Қазақ халқының ауыз әдебиеті, А., 1972
5. Ысмайылов Е., Ақындар, А., 1956
6. Қазақ фольклорының типологиясы, А., 1981
7. Уәлиханов Ш., шығ. жинағы, 5 т. А., 1984
8. Фольклор шындығы, А., 1990
9. Пропп В.Я. Фольклор и действительность. М., 1976
10. 2. Адамбаев Б. Казахское народное ораторское искусство. А., 1997
11. 3. Турсынов Е. Генезис казахской бытовой сказки в аспекте связи с первобытным фольклором. А-А., 1973
12. 4. Золотая бита: Казахские волшебные сказки /Сост. Е. Турсынов. А-А., 1983
13. 5. Казахские сказки о животных. А-А., 1979.
14. 6. Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина. - Алматы: Наука, 1972.

Мақсаты: Батырлық эпостардың шығу тарихын қарастыру, дала жауынгерінің образын ашып көрсету. Отанға сүйіспеншілік, халыққа қызмет ету, отанды қорғау идеясын түсіндіру.

Шартты сөздер:

Сұрақтар:

1. Батырлар жырының жиналуы мен зерттелу тарихы
2. «Қобыланды батыр» жыры
2. «Алпамыс батыр» жыры
3. «Ер Тарғын» жырының тарихы

Батырлар жыры – халық батырларының ерліктері мен іс-әрекеттерін жырлайтын ауыз әдебиеті жанрларының бірі. Батырлар жыры қазақ фольклорының аса құнды қазынасы, ол ғасырлар бойы көне түркі эпикалық дәстүрлернің негізіне, сондай-ақ өткеннің рақты тарихи деректеріне сүйене отырып қалыптасты, батырлар жыры қазақ халқының, өз руының, өз тайпасының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін қаһармандық күрестері.

Батырлар жыры ең алдымен өз халқының қорғаны, халықтың қуаты мен күшінің жиынтығы болып табылатын дала батырларының мақсат-мұратын ең алдыңғы кезекке қойды. Олар «ердің ері», «батырдың батыры» болған. Қазақтың батырлар жырында батырдың тұлпарын сипаттау, олардың адал да, ақылды құрбылары мен әйелдерінің бейнелері ерекше орын алады. Сондай-ақ батырлық эпоста «дәу», «жалмауыз», «жезтырнақ», «жеті басты желбеген» және де өзге де сиқырлы кейіпкерлер қатысады. Осы бейнелер мен кейіпкерлер көне заманғы ертегілердің желілерімен, ата-бабалардың діндерімен, сондай-ақ қазақтардың мифологиясымен тығыз сабақтас.

Қазақ батырлар эпосының аса ірі туындысы – «Қобыланды батыр». «Қобыланды батыр» -қазақ халқының қаһармандық жыры. Эпостың сюжетінің негізі – қыпшақтардың қолбасшысы Қобыланды батырдың қызылбас басқыншыларымен соғысы. Эпос екі бөлімнен тұрады: 1 бөлім Қобыланды батырдың ерлік істері мен туған жерін қорғаудағы жан қиярлық ерліктерін суреттеп, қыпшақ тайпаларының басқыншыларына бірігу идеясын жүргізсе, екінші бөлім батырдың дұшпандарымен ұрыстардағы жеңістері туралы баяндайды, батырдың қарсыластары қалмақтар болатын тұстары да аз емес.

Негізгі мазмұны – шетел басқыншыларынан елді қорғау, осы жолда асқан ерлік көрсеткен ер азаматтардың батырлық істерін көрсету. Көркемдік биік қасиеттері жағынан дүниежүзі халықтарының белгілі батырлық эпостарының қатарында тұрған классикалық шығарма. Жырдың ең көне түрі бізге жетпеген. «Қобыланды батыр» жырын жырлаған ақын, жырау-жыршылар өзі өмір сүрген дәуір тұрғысынан толықтырып, өңдеп, әрлеп отырған. Сондықтан да «Қобыланды батыр» жыры көп вариантты жыр. Бізге талай ғасыр талқысына түсіп, талай ақын-жыраулардың өңдеуінен өткен кейінгі нұсқасы ғана белгілі. «Қобыланды батыр» жырын жинау, хатқа түсіру жайы тек XIX ғасырда ғана қолға алынды. «Қобыланды батыр» жырының бізге 29 нұсқасы жеткен. Оның 26 нұсқасы – Қобыланды батырдың ерлігі жайында, ал 3 нұсқасы Қобыландының балалары Бөкенбай мен Киікбай батырларға арналған. «Қобыланды батыр» жырының заңды жалғасы болып есептелінетін Қарлыға қыздың достығы, махаббаты, ерлік істері жайында тағы бір жыр бар. Бұл нұсқалардың көбісі кейінгі кезде жинақталған. Қай нұсқа болмасын алғаш хатқа түсіріп, оны жырлаған ақын-жыраулардың аттарымен (Мысалы: Марабай, Мергенбай, Біржан, Нұрпейіс, Қабыл, Сүйінішәлі, Дәулетше т.б.) аталған. Бұл нұсқалардың көпшілігі бұрыннан белгілі, халық арасына кең тараған, ғалымдар азды-көпті зерттеген жырлар. Кейінгі кезге дейін белгісіз болып келген – Дәулетше нұсқасы. Бұл – мазмұны жағынан, көркемдік сапасы жөнінен болсын биік, оқшау тұрған жыр. Жыр Марабай нұсқасына ұқсас. Бұл жырдың 1884 жылы араб әрпімен жазылған нұсқасы Қазан мемлекеттік университетінің кітапханасында сақтаулы.

М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, О.Нұрмағанбетова т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде «Қобыланды батыр» жырының мазмұндық, көркемдік қасиеті жан-жақты қарастырылған. Жеті буынды өлшемнен жырланған эпостың тілі

айрықша көркем, эпитет, теңеу, салыстыру, бейнелеу, әсірелеу молынан кездеседі. Жырдың этникалық сипаты да біршама арнайы зерттелген. Ел арасына Қара қыпшақ Қобыланды деген атаумен мәлім жырдың қыпшақ этносының ортасында қалыптасқаны анық (В.Боровков т.б.). М.Тынышбаевтың көрсетуінше, Қобыланды – Әбілхайыр заманында өмір сүрген тарихи тұлға (XV ғ.). Ел аузындағы деректерге қарағанда оның бейіті Қобда өзені бойында. С.П.Толстов болса Қобыландының қарақалпақ жеріндегі Қорғанша деген қамалда тұрғанын айтады. «Қобыланды батыр» жырының күрделілігі жер-су атауларынан байқалады. Жырдағы Көктем, Аймақ, Қызыл ер, Нарқызыл секілді көптеген антропонимдік атаулардың арқауында этнонимдік ұғымдар жатыр. Олардың бірі түркімен, бірі қыпшақ тайпаларына қатысты ұғымдар. Қазір бұл жырлар Мәскеу, Алматы, Орынбор, Қазан, Ташкент, Нөкіс т.б. қалалар мұрағаттарында, Орталық ғылыми кітапхана қоры мен Әдебиет және өнер институтының қолжазба және мәтінтану бөлімінде сақтаулы.

«Алпамыс батыр»–бұл – қазақ халқының қаһармандық эпосы. Терең мазмұны, көркемдігі мен тарихи шындықты қамтуы жағынан «Одиссея», «Манас», «Калевала», «Қобыланды батыр» т.б. секілді әлемге танымал жыр. «Алпамыс батырда» халықтың басынан өткен қаһармандық оқиғалар эпикалық әсірелеу заңдылығымен берілген. Жырда түрік қағандығы дәуіріндегі (V-VIIIғғ.) азаттық үшін күрестің сарындарынан бастап, қазақ халқының XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығына қарсы қаһармандық ұрыстарының нақтылы елестері де сезіліп отырады. Жыр дәл қазіргідей классикалық бүтіндікке ғасырлар бойы жетілу, толығу арқасында жеткен. Әсіресе жырдан батырлық ертегілердің жігі айқын байқалуы эпосты көне туындылардың бірі деп есептеуге мүмкіндік береді. Мысалы, жырда қарт ата-аналардың жаратқаннан перзент тілеп әулиелерге түнеп мінәжат етуі, болашақ батырды зарығып көруі, жас қаһарманның жедел ер жетіп, айрықша қайрат танытып жүйрік ат мінуі; жау шапқыншылығына ұшыраған елінің кегін қайтарып, туған елін бақытқа кенелтуі, өзіне өмірсерік болатын сұлу жар таңдап бақытты өмір кешуі секілді ежелгі батырлық ертегілерге тән тұрақты сарындар мейлінше анық және толық көрсетіледі. Қаһармандардың туып-өскен, өмір кешкен елі – Жиделібайсын, нақтылы тайпасының аты – қоңырат болып көрсетілгені көптеген ғалымдардың дастанды қоңыраттардың тайпалық эпосы деп айтуына мүмкіндік берген. Дегенмен, эпоста сипатталатын оқиғалар, адамдардың іс-әрекетінің молдығы, сан дәуірдің наным-сенім ерекшелігін танытатын тұстары эпостың шеңберін бүкілтүркілік және бүкілқазақтық деңгейге көтереді. «Алпамыс батыр» жырының халықтың есінен мәңгілік ұмытылмай орын алу себебі тарихи әлеуметтік шындықтың биік көркемдікпен жырлануында. Мұндағы бейнеленетін көріністердің бәрі де қазақтың көшпелі өміріне тән мейлінше етене жәйтер. «Алпамыс батыр» жыры ел арасында ғасырлар бойы айтылып келгенімен баспа жүзін алғаш рет 1899 жылы көрген. Кеңес одағы құрылғанға дейін бұл жыр 7 рет қайталанып басылып шыққан. Жырдың ел арасындағы түрлі нұсқаларын іздеп тауып, хатқа түсіріп, орысша мазмұнда бастырған – атақты фольклоршы Ә.Диваев. Кеңес жылдарында өзге де батырлық жырлары мен қатар «Алпамыс батыр» сан рет қайта басылды.

Тәуелсіздік туын көтерген түркі халықтары егемендік алған заманда бұл елдердің ерте кездегі өнер байланысын, тағдырластығын, мүдделерінің ортақтығын, көркемдік ойлау мәдениетінің жақындығын көрсететін этникалық туыстықты дәлелдейтін нағыз қымбат куәліктің бірі «Алпамыс батыр» жыры болуы – оның халықаралық деңгейдегі мәнін арттыра түседі. «Алпамыс батырдың» түп негіздерінің пайда болғанына 1200-1300 жыл толды деп тұжырымдауымызға да осы мысалдар айқын себеп. Жырдың үлкен, көркем поэзиялық нұсқалары туысқан қарақалпақ, өзбек халықтарында да кездеседі.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. «Алпамыс батыр» эпосының зерттелуі
2. «Қобыланды батыр» эпосын кім және қай жылы жариядады
3. «Ер тарғын» эпосының тарихта лар орны

Әдебиеттер:

1. Бердібаев Р. Қазақ эпосы, Алматы 1982

Мақсаты: Лирикалық эпостық поэмалардың шығу тарихына тоқталу. Адалдық, рухани тазалық, өзін-өзі құрбандыққа шалу, терең де адал махаббат тақырыбына сипаттама беру.

Шартты сөздер: сюжет, образ, лирика, драма .

Сұрақтар:

Сұрақтар:

1. Әлеуметтік-тұрмыстық эпос

2. Лирикалық-драмалық эпос

Әлеуметтік-тұрмыстық эпос батырлар жырымен қатар дамып отырды, олардың: сюжеттік желісі, образдары және стилі бойынша ортақ ұқсастықтары көп. Соған қарамастан, әлеуметтік-тұрмыстық эпостың батырлар жырымен салыстырғанда елеулі айырмашылықтары бар: Әлеуметтік –тұрмыстық эпоста адамның жек мүдделері, олардың сезім-күйлері алдыңғы қатарға қойылады. Әлеуметтік-тұрмыстық эпостың көрнекті үлгісі, аса шебер туындысы. «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» дастаны. «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» - қазақ халқының лиро-эпостық жыры. XIII-XIV ғасырлардан бастап жырланып, қазақ арасына кең тараған. Шығармада басты кейіпкерлердің туғанынан бастап, өлгеніне дейінгі өмір жолдары суреттеледі. Жыр Сарыбай мен Қарабайдың түзде жүріп құда болып, Қозы мен Баянды күні бұрын атастыруымен басталады. Ары қарай қос ғашық Қозы мен Баян зорлықшыл Қодар, қаражүрек Қарабай арасындағы шиеленіскен оқиғалар негізінде зұлымдық пен махаббат күресі баяндалып, Қозы мен Баянның қайғылы қазасымен аяқталады. Жырдың негізгі идеясы – мөлдір махаббатты дәріптеу. Тілі көркем, сюжеті шебер құрылған. Жырда айтыс, тұрмыс-салт жырлары: естірту, жоқтау, қоштасу, т.б. кеңінен қолданылады. Бұл жырда Аягөз, Үржар, Лепсі, Қалба тауы т.б. нақты жер-су атауларының кездесуі айқын көрінеді. Дастанның басқа да түркі халықтарынан тараған нұсқалары бар. Мысалы, башқұртта «Қозы Курпәс мәнән Маян сылу», Бараба татарларында «Қозы көрпеш», алтайлықтарда «Қозы Эркеш» деп аталады. Сыбанбай, Бекбау, Жанақ, Шөже т.б. ақындар әр кезде дастан оқиғасын өздерінше жырлаған. Жалпы жиырмаға жуық нұсқасы бар. Ең көп тарағаны – Жанақ нұсқасы. Алғаш ел арасынан жинап, хатқа түсіргендері Г.Саблуков (1830), Ғ.Дербісәлин (1834), А.Фролов (1841), Ш.Уалиханов (1856). Ал М.Путинцев жырдың мазмұнын орыс тіліне аударып бастырған (1856). В.Радлов бір нұсқасын жинағының 3-томына енгізген (1870).

Г.Н.Потанин бұл жырдың «дүние жүзіндегі ең қымбат әдебиет мұраларына жататын шығарма» екенін айтқан. Н.Н.Пантусов, Р.Ш.Әбдірахманов, Е.З.Баранов т.б. зерттеушілер жырды әр кезде орыс тіліне қара сөзбен аударып жариялаған. Ақын Г.Н.Твертин (1889-1921) жырды тұңғыш рет орыс тіліне аударып бастырды (1927-1935). 1878, 1890, 1894, 1905 жылдары Қазан қаласында кітап болып жарық көрді. Кеңестік дәуірде ең алғаш 1925 жылы Мәскеуде шықса, жырдың Жанақ нұсқасын 1936 жылы М.Әуезов Алматыда шығарған.

Жырды М.Ғабдуллин, Ы.Дүйсенбаев, Ә.Қоңыратбаев т.б. қазақ ғалымдары салыстыра зерттеп, оның тарихи әлеуметтік мәнін ашты. Жыр 2002 жылы Астанада басылып шықса, бір нұсқасы 2003 жылы Мәскеу қаласында «Қозы Көрпеш - Баян сұлу. Қыз Жибек: Казахский романтический эпос» деген атпен 2 тілде (орыс, қазақ) жарық көрді. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының негізінде «Махаббат дастаны» кинофильмі (сценарийін жазған Ғ.Мүсірепов, 1954) түсіріліп, сахналық шығарма (авторы Ғ.Мүсірепов, 1940) жазылған. Шығыс Қазақстан облысы, Аякөз ауданы, Тансық станциясының маңында Қозы Көрпеш – Баян сұлудың мазары бар.

«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырын қазақтың әйгілі ғалымы Шоқан Уәлихановтан тыс Н.Ильминскийден бастап В.Радлов, И.Березин, Е.З.Баранов, Е.А.Кастанье секілді оқымыстылардың үлес қосқанын атап көрсетеді. Бұлардан басқа аталған жырдың қағаз бетіне түскен бірер нұсқасының Омбы мен Ленинград архивтерінде сақтаулы екенін де ескертеді. Ал, Кеңес өкіметі тұсындағы жарияланымдарды атағанда зерттеуші Г.Тверитин,

М.Әуезов (Жанақ нұсқасы), В.Радлов, Ш.Әбенев жариялаған нұсқаларын бөліп атайды. Сонымен қатар сөз болып отырған жырдың зерттелуіне орай М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаев сынды оқымыстылардың еңбектеріне тоқталады.

“Қозы Көрпеш – Баян Сұлу” жырының әр алуан версияларын сөз еткенде, зерттеуші оның тек қазақ топырағында ғана емес, Кеңестер одағын мекендеген кейбір халықтар арасында да мол тарағанын айтады. Әсіресе, башқұрттың “Куз Курпачи” мен біздегі жырдың ұқсастықтары мен өзгешеліктерін қарастырып, бұл екеуінің түп негізі бір екенін мойындай отырса да, мазмұн мен түрі жағынан зор айырмасы бар екенін ашып көрсетеді. Ы.Дүйсенбаев Алтай нұсқаларына тоқталғанда, алтайлықтардың “Қозюке – Баян” атты бір үлгісін қазақ жырының тікелей әсерінен пайда болған, ал, “Қозын Эркеш” атты екінші нұсқасы – сол елдің төл тумасы деп дәлелдейді. Расында да бұлардағы кейіпкер есімдерінің өзара ұқсастығынан тыс, көп жағдайда оқиға желісіндегі жалпылама сарын мен қайталаушылықтар бар, және алтайлықтар нұсқасында мифологиялық сипат өте мол. Осындай мазмұндық бірлік, ұқсастықтарды ашып көрсетумен қатар, Ы.Дүйсенбаев қазақ және алтайлық нұсқалардың түр жағынан екі жанрға, біздегі жыр лиро-эпосқа жататынын, ал, алтайлық нұсқаның батырлық эпос болып табылатынын нақты мысалдар арқылы айғақтайды. Осылай бізден басқа халықтардағы “Қозы Көрпештің” варианттарын салыстыра сипаттағаннан кейін Ысқақ Тәкімұлы қазақ нұсқаларын өзара салыстырып, олардың ұқсастықтарын және әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады.

Атап айтар болсақ, мына нұсқалар жеке-жеке әрі салыстырыла қарастырылады:

1. “Қозы Көрпеш – Баян Сұлудың” 1834 ж. хатқа түскен Ғ.Дербісәлин нұсқасы. Мұның қолжазбасын Ысқақ Тәкімұлының өзі Ленинградтағы Шығыстану институтының архивінен тапқан;

2. 1841 жылы жазылып алынған А.Фролов нұсқасы. Оның қолжазбасын 1950 жылдары Ленинградтан атақты тілші – ғалым профессор А.К.Боровков тапқан;

3. 1876 жылы жарыққа шыққан жыр. Бұл – белгілі шығыстанушы И.Березиннің “Турецкая хрестоматиясында” жарияланған.

4. 1860 жылы жазылып алынып, кейін бірнеше рет жарық көрген И.Ильминскийдің нұсқасы. Қолжазбасы Татарстанның архивінде сақтаулы;

5. Жырдың Шөже ақын жырлаған нұсқасы;

6. 1870 жылы В.В. Радлов жариялаған нұсқа;

7. 1936 жылы М.Әуезов жарияланған нұсқа;

8. Омбы архивінен Ә.Марғұлан тапқан жыр. Оны Ы.Дүйсенбаев Н.Я.Коншин варианты деп атайды;

9. Орыс ақыны Г.Н.Тверитин өзінше поэма етіп жазған текст;

10. Ақын Шәкір Әбенев нұсқасы. Бұл – авторлық шығарма деп саналады, яғни әдебиленген эпос деуге болады.

Жырдың бүкіл 10 нұсқасын Ысқақ Дүйсенбаев 1973 жылы жарыққа шыққан “Қазақтың лиро-эпосы” атты монографиясында кең түрде талдап, олардың ерекшеліктерін нақтылап ашқан. Зерттеушінің алғашқы сипаттағаны - 1834 жылы қағазға түскен Ғ.Дербісәлиннің қолжазба тексі. Қолжазба Санкт-Петербургтегі И.Березиннің архивінен табылған. Ы.Дүйсенбаев бұл мәтінді 1959 жылғы ғылыми жинаққа енгізген. Өкінішке қарай, қолжазба айтарлықтай жақсы сақталмаған, оның бірінші парағы жартылай жыртылған. Кадимше араб әріпімен жазылған шығарманың кейбір тұстарын оқу, ажырату мүмкін болмаған. Мұндай жерлерін Ысқақ Тәкімұлы көрсетіп отырған.

Бұл мәтіннің тілі жатық, араб-парсы сөздері сирек кездеседі, қосынды аз және ислам дінінің әсері шамалы.

И.Березиннің “Турецкая хрестоматия” (1876 ж.) жинағында жарияланған “Қозы Көрпеш – Баян Сұлу” жырының бір нұсқасы.

“Қозы Көрпеш – Баян Сұлудың” көркем де көлемді үлгісі - М.Әуезов 1936 жылы жариялаған нұсқасы. Бұл нұсқа 1939 жылы жарық көрген “Батырлар жыры” жинағының 1-томында енгізілген.

“Абай бұл жырды 1884 жылы жазып алып, оны өзінше “Қозы Көрпеш – Баян қыз” деп атап, қадырлы ғалым Г.Н.Потанинге жіберді. Онымен бірге ерте кезде жазған қысқа поэма “Жаңа закон” жырын қоса жіберді. Әдірісін орысша жазып Семипалатинского уезда Чингизской волости А.К.

Башқұрттың “Куз Курпачі” мен қазақтың “Қозы Көрпеш-Баян Сұлу” жырының шыққан түп негізі бір десек те, бұл екі туындының мазмұн жағынан да, түр-сипатында да зор айырмашылығы бар. Оның бірінші ерекшелігі: башқұрт нұсқасы түгелге жақын қарасөзден тұрады да, онда ертегінің сарыны басымырақ келеді. Екіншісі – бұл шығармадағы (башқұрт үлгісін айтып отырмыз - Ы.Д.) жағымды, жағымсыз кейіпкерлерде өзара жіктелу, даралану жоқ, олардың қарым-қатынасы мен әрекетінде даму тым үстірт беріліп, жөнді өрістей алмай қалған” – деп, башқұрт нұсқасының жанрлық белгілері мен табиғатын аша түседі.

Ы.Дүйсенбаев И.Березин нұсқасы (1876) мен А.Фролов жариялаған варианттардың бірліктерін атай отырып, бұлардың бір-бірін қайталайтынын да ескертеді. Қалай болғанда да Фролов тексі ең көне нұсқа болып табылады. Ол түптеп келгенде жұрт алдында көп орындалып, өңделіп ұштала қоймаған, тілінде көне сөздер сирек болса да ара-тұра ұшырасып отырады. Осы тұста мына бір мәселені ашып айтқан жөн. Ы.Дүйсенбаевтың “Фролов нұсқасы” деген мәтінді кейінгі зерттеушілер (М.Ғұмарова, С.Қасқабасов, М.Жолдасбеков) “Шоқан нұсқасы” деп дәлелдеп жүр. (Қараңыз: ”Қозы Көрпеш-Баян Сұлу. - Астана: Фолиант, 2002). Олар Шоқанның Жанақ варианты мынандай төрт жолмен басталады деген шумақтың Фролов тексінің басында бар екенін және оның Березин нұсқасында басында емес, мәтін ішінде кездесетінін анықтаған. Демек, Ы.Дүйсенбаевтың Шоқан жазып алған жыр Березин жинағында жарияланды деуі жаңсақ болуы да мүмкін.

Әлеуметтік-тұрмыстық эпосқа сондай-ақ «Айман-Шолпан», «Күлше қыз», «Еңлік-Кебек» дастаны жатады.

Лирикалық- драмалық эпос батырлар жырымен, әсіресе әлеуметтік-тұрмыстық эпоспен қатар дамыды. Лирикалық- драмалық эпикалық шығармалардың мазмұны әлеуметтік-тұрмыстық сюжеттермен табиғи сабақтас, бірақ сонымен қатар алғашқылардың өзіндік көркемдік бояулары бар, махаббат сезімдерін де, сондай-ақ кейіпкерлердің қайғы-қасіреттерін де баяндайды. Лирикалық- драмалық эпосқа «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу», «Еңлік-Кебек» жырларын жатқызуға болады. Осы жанрдың ең көрнекті үлгісі ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. «Қыз Жібек» лиро-эпостық дастаны.

«Қыз Жібек» пен “Айман-Шолпан» жырлары-Лиро-эпостық жыр. Шамамен ХVІІ ғасырда жазылған. Жырды тұңғыш рет 1880 жылы Е.А.Александров Мұсабай ақыннан жазып алып, мазмұнын орысшаға қара сөзбен аударған. ХІХ ғасырдың екінші жартысында татар мұғалімі Фалиолла Тухватуллин Зайсанда ел арасынан «Қыз Жібек» жырын жинап, 1894 жылы Қазан қаласында бастырған. Ал Жүсіпбек Шайхысыламұлы Қазан қаласында 1900, 1903, 1905, 1909, 1911 жылдары қазақ тілдерінде жариялаған. «Қыз Жібектің» Тухватуллин жинаған нұсқасы 1925, 1933, 1939, 1957, 1967 жылдары басылып шыққан. 1958 жылы «Қазақ эпосы», «Казахский эпос» жинақтарында, 1963 жылы «Қыз Жібек» деген атпен қазақ, орыс тілдерінде жарияланған. Сондай-ақ орыс тілінде 1988 жылы жеке кітап болып жарық көрген. Қазіргі орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорында жырдың бірнеше нұсқалары сақтаулы. Оның ішінде Қ.Мырзағалиев, Ә.Дәнікеров, Ж.Қалмағанбетов, Е.Рахметов, Р.Мәзқожаевтардың нұсқалары бар. Жырдың нұсқалары арасында айырмашылық аз.

Жырдың мазмұнында Базарбай деген байдың Төлеген атты ұлы 14 жасқа толғанда өзіне жар іздеп, 210 қыздың арасынан Сырлыбай ханның Жібек атты қызын ұнатады. Үш ай бірге болған соң, Төлеген еліне барып келмек болып сапарға шығады. Бірақ Жібекті қызғанып, жол тосқан Бекежан қапыда Төлегенді өлтіреді де, оның қазасын Жібекке өзі келіп естіртеді. Сол үшін Бекежан өлім жазасына кесіледі. Жырдың екінші бөлімінде хабарсыз кеткен Төлегенді іздеп шыққан оның інісі Сансызбай қалмақ ханы Қоренді өлтіріп, Жағалбайлы елін жаудан азат еткендігі айтылады. Мұсабай жырау нұсқасының

А.Е.Алекторовтың “Көрсеткішінде” аталғанмен, осы күнге дейін мұның мәлімсіз болып келгенін, тек кейінгі жылдары ғана Москва қаласындағы тарихи музей архивінен “Қыз Жібек” жырының 1887 жылы қағаз бетіне түскен вариантының табылғанын айта келіп, соны Мұсабай жыраудікі болса керек деген болжам жасайды. Ол мұнымен қанағаттанып қалмай, соңғы көп нұсқалар туралы өз пікірін тағы бір дәлелмен жинақтай түседі. Нақтырақ айтсақ, халық ақыны Омар Шипин жас кезінде Қалшынбайұлы Әби жыраудың аузынан жаттап алып “Қыз Жібек” жырын айтып жүріпті, бірақ ақын кейінірек бұл жырды үзбей айтып жүрмегендіктен көп жерлерін ұмытып қалған. Жырдың осы нұсқасы 1896, 1905, 1909, 1911 жылдары Қазанда Хұсайыновтар баспасында бірнеше рет басылып шықты. 1925 жылы осы нұсқаны қазақтың ауыз әдебиетін жинаушы Әубәкір Диваев Ташкентте бастырады. Одан кейін 1933 жылы Қызылордада, 1939 жылы Алматыда “Батырлар жыры” жинағына қоса басылады “Жібек” әңгімесі шын оқиғадан туған, бірақ дәл қай кезде туып жасалғанын кесіп айту қиын. Мөлшермен айтқанда “Қыз Жібек” әңгімесі XVII ғасырда туғанға ұқсайды деп жорамалдайды. Мұхтар Әуезовтің бұл пікірін Ы.Дүйсенбаев толығымен құптап қолдайды. Сөйтіп, екі зерттеуші де жырдың шығуы мен құрылысын келелі сөз еткенде, дәуір қоғам болмысы мен сол кездегі рушылдық өмір көріністерін басты бағыт, негіз етіп алады. Алайда, “Қыз Жібек” жырының шығу мезгілін, біздің ойымызша, XVII ғасыр деп дәл шектеуге болмас. Бұл кезеңде туған деп, жырдың көркем эпикалық түрдегі нұсқасын айтуға болар. Ал, сюжеттің түпкі негізі XVIII ғасырдан ерте кезде қалыптасуы мүмкін.

Жырдағы басты кейіпкер – Төлеген. Ол көркі мен мінез-құлық, іс-әрекеті астаса жарасқан, келісті де ер тұлғалы жігіт. Төлеген өзіне тең жар іздеп, ел шеті - қиянда жатқан Шекті еліндегі Жібек сұлуды іздеп барады. Қыз көрсеткен кісіге жорға беріп, құдалыққа 250 жылқы бергенде де, ескілікті жол, кәде үшін ғана ұсынғаны байқалады. Негізгі мәселе: өзіне асқан сұлу, көркі мен ақылы астасқан сүйікті жар табу екені аңғарылады.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. «Айман-Шолпан» лирикалық эпосының қай жылы жазылды
2. «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» эпосын кім жазды
3. Қазақ лиро-эпостық жырларын кімдер зерттеді.

Әдебиеттер:

1. Бердібаев Р. Қазақ эпосы, Алматы 1982
2. Ә. Марғұлан. Ежелгі жыр аңыздар. А., 1985
3. М. Ахинжанов. Проблема народности казахских социально-бытовых поэм, 1953.
4. М. Ғабдулин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. А., 1974
5. Н.С. Смирнова. «Казахская народная поэзия». А., 1967.

8 ЛЕКЦИЯ. ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ.

Мақсаты: Асан қайғы, Доспанбет жырау, Бұқар жырау, Шалкиіз, Ақтамберді, Қазтуған жыраулардың өмірі мен шығармашылығын ашып көрсету.

Шартты сөздер: философия, мораль, этика, поэзия.

Сұрақтар:

1. Жыраулар поэзиясының өкілдері
2. Асан Қайғы және Доспанбет жыраудың шығармашылығы
3. Жиёмбет жырау, Ақтамберды жырау
4. Үмбетей жырау, Бұхар жыраудың өмірі мен шығармашылығы.

Жыраулық поэзия - 15-18 ғасырлардағы қазақтың халық поэзиясы. Біздің дәуірімізге, негізінен, ауызша жетті. 15 ғасырдың орта шенінен бастап қазақ халқының тәл мәдениеті өркен жая бастады. Көне, ортақ арнадан бөлініп, қазақ халқының дербес әдебиеті қалыптасты. Жыраулық поэзия қазіргі Қазақстан жерін қоныстанған ежелгі тайпалар туғызған бай рухани қазынадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар

игеру, жаңа мазмұн қалыптастыру нәтижесінде кемелденді. Жыраулық поэзияның алғашқы өкілдері, кезінде бүкіл Дешті Қыпшаққа даңқы жеткен Қодан Тайшы, Сыпыра жырау, Асан кршы, Қазтуған жыраулар жаңа әдебиеттің ізашарлары ғана емес, көне мұраны жалғастырушылар деп те саналады. Асан қайғы туралы аңыздар ноғай, қырғыз, қарақалпақ халықтарында да сақталған. Асан Қайғы - көптеген нақыл сөздердің, философиялық толғаулардың авторы. Ол өз өлең, толғауларында мемлекетті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажетін насихаттайды. Сахара эпосын тудырушылардың бірі, ірі эпик ақын, ерлік жырларын шығарушы жорық жырауы әрі нәзік лирик болған Қазтуғанның (15 ғ.) біздің дәуірімізге жеткен жырлары табиғат аясындағы көшпендінің болмыс, тіршілік, өзін қоршаған орта туралы түсінігін бейнелейді. Қазтуғанның ұлттық бояуы қанық, афоризмдерге, көркем түстерге бай толғаулары туған әдебиетіміздің таңдаулы үлгілері қатарына жатады. Жыраулық поэзияның дамып, өркендеуіне Доспамбет пен Шалкиіз шығармалары айрықша әсеретті. Жорық жыршысы болған Доспамбет жырау (1523) шығармаларынан ортағасырлық жауынгер көшпендінің ер тұлғасы, ерлік кейпі көрінеді. Доспамбет толғаулары 19 ғасырдың 80-жылдарынан бастап баспа бетін көре бастады. Жыраулық поэзияның ең көрнекті өкілі - Шалкиіз жырау Тіленшіұлы (1465- 1560). Шалкиіздің толғаулары ең алғаш 1875 жылы хатқа түсіп, баспа бетінде жарияланыпты. Жырау мұралары ерте жиналуына байланысты бүгінгі күндерге бір сыдырғы толық жетті. Жиёмбет жырау (17 ғасыр) мен Марғаскр жыраудың (17 ғасыр) өмір жолы Есім хан тұсындағы тарихи оқиғаларға тікелей қатысты. Жорық жыршысы Марғасқа жырау Есім ханның бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құру туралы идеяларының ұраншысы атанса, Жиёмбет жырау ханға қарсы араздығын бүкпесіз, бұлтармасыз жеткізді. Жиёмбет жыраудың толғаулары ең алғаш 1908 жылы "Жақсы үгіт" кітабында жарияланса, Марғасқа толғаулары кеңес заманында зерттеліп, баспа бетін керді. 18 ғасырда Жыраулық поэзия тақырыптық жағынан кеңейіп, идеялық-көркемдік тұрғыдан байи түседі. Жоңғар шапқыншылығы және "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" жылдары, қырғын соғыстар мен жеңісті жорықтар, саяси және қоғамдық өмірдегі өзгерістер - ел өміріндегі елеулі оқиғалардың барлығы да жыраулар шығармаларында өзінің көркемдік шешімін тапты. Жоңғар басқыншылығына қарсы күрес сарыны, әсіресе, Ақамберді жырау (1675- 1768) шығармаларынан айқын көрінеді. Оның шығармаларындағы отаншылдық, патриоттық сарындар 18 ғасырдағы қазақ поэзиясының бет-бейнесі, бағыт-бағдарын айқын танытады. Осы кезеңде өмір сүрген Улбешей жырау(1706-1778) мұрасындағы жетекші тақырып - сырт жауларға қарсы күресте көзге түскен, ел қорғаны болған батырларды мадақтау. 18 ғасырдағы Жыраулық поэзияның көрнекті өкілдерінің бірі - Тәтікара жырау. Ол кене заман батырлары, олардың ел қорғаудағы ерлік істері туралы, отаншылдық идеяны насихаттайтын жорық жырларын туғызған. Ақтамберді, Үмбетей, Тәтікара шығармалары кейінгі жылдары ел аузынан жазып алынып, бірнеше жинақтарға енді. 18 ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілі - Бұқар жырау (1668 - 1781). Ол жырау ғана емес, қабырғалы би де болған. Ол қоғам өміріне белсене араласып, ісімен де, жырымен де Абылай хан саясатын мейлінше қолдайды. Бұқар жырау шығармалары ғақлия толғаныстар, нақыл афоризмдер түрінде келеді. Оның туындыларының өлең олшемі өте күрделі. Бұқар жырау шығармалары ең алғаш "Таң" журналында (1925) жарияланғанымен, ғылымының түрде жүйеленіп зерттелуі 20 ғасырдың 60-жылдарының үлесіне тиеді. 18 ғасырдағы халық поэзиясының танымал өкілдері - Көтеш (1745- 1819). Көтеш шығармаларындағы негізгі сарын - кедейлік таксіретін жыр ету, тағдырдың әділетсіздігіне наразылық. Ал Шал ақынның біздің заманымызға жеткен мұрасы тақырып жағынан алғанда біршама бай. Бұлардың, этика, мораль мәселелері, байлық пен кедейлік жайлы философиялық-дидактикалық үлгідегі туындылар, тұрмыстық өлеңдер мен арнау жырлар. Екі ақын шығармағынан да әлеуметтік әуен айқын сезіледі. Жыраулық поэзия деген ортақ тақырыпқа біріктірілген 15 - 18 ғасырлардағы қазақ поэзиясы көне дәстүрді қайта түлетіп, жаңа тақырып, соны мазмұнмен дамытты. Осы тұста өмір сүрген және әдеби мұралары бүгінгі күндерге там-тұмдап болса да жеткен жыраулар шығармалары сол заманның тұтас бір

шежіресін құрастырады. Олар да ел өміріндегі елеулі оқиғалар, қоғамның ащы шындығы, халықтың әдет-ғұрып, салт-санасы бейнелі тілмен келісті көрініс тапқан. Бұл кезеңде тол әдебиетіміздегі ұлттық дәстүр дамып, халық поэзиясы сапалы жаңа биіктерге көтерілді. Ордада ханның қасында әр уақытта ақылшы жыраулар болған. Жыраулар - халық поэзиясын жасаған ақылғөй даналар. Олар заманының өздері куә болған елеулі уақиғаларын, тарихи кезеңдерді жырға қосқан. Жырауларды халық қадір тұтқан. Ел толқыған кезде, бүліншілік шыққанда немесе ел шетіне жау келген кездерде ақыл, кеңес сұрайтын болған. Мұндай кезде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға күш-қуат беріп (дем беріп), істің немен тынатыны жайлы болжамдар айтып отырған. Жыраулар поэзиясы XV-XVII ғасырлар аралығын қамтиды.

Жырау деген атау "жыр" сөзінен шыққан. Жыршы деп көптеген эпостық жырларды жатқа білетін, дайын репертуары бар айтқыштарды таныған.

Жыраулар өз шығармаларын ақыл-нақыл, өсиет түрінде айтқан. Олардың толғауларының негізгі тақырыптары - туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насихаттау.

Жыраулар поэзиясы дербес мемлекеттік дәрежеде өмір сүрген қазақ хандығының әдеби мұрасы. Асан қайғыдан басталып, Бұқар шығармашылығымен дамитын жыраулар творчествосынан тыс, жаңа мазмұнды әдебиетіміздің қалыптасу қарсаңында тұрған ақындық поэзияның ірі өкілдері - Көтеш пен Шал ақындардың қосқан үлестері де аз емес. Бұлар, әрине, өзінің ұстанған ақындық дәстүрі мен өмірді көркем бейнелеу тәсілі жағынан жақын тұрғанмен, дәл сол деңгейге иық тіресіп, көтеріле қойған жоқ. Алайда, бұлар суырып салма дәстүрінің өкілдері болғандықтан, жыраулық поэзияның қол жеткен табыстары мен игіліктерін игере отырып, соны ілгері қарай дамыта білді. Қазақтың көрнекті ақын-жыраулары: Бұхар жырау Қалқаманұлы, Ақтамберді жырау Сарыұлы, Үмбетей жырау Тілеуұлы, Махамбет Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Сүйінбайдың Аронұлы, Шал ақын (Тілеуке Құлекұлы), Жанақ ақын Сағындықұлы, Ақан Сері Қорамсаұлының, Майлықожа Сұлтанқожаұлы және т.б. өмірі мен творчествосы.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. Жыраулар поэзиясының өкілдерін атаңыз
2. Асан Қайғы және Доспанбет жыраудың шығармашылығына тоқталыңыз
3. Жиёмбет жырау, Ақтамберді жырау
4. Үмбетей жырау, Бұхар жыраудың өмірі мен шығармашылығы **Әдебиеттер:**

1. А.Х. Касымжанов. Портреты. А.,1985
2. «Бес ғасыр жырлайды». А.,1985
3. С. Мұқанов. «қазақтың 18-19 ғасырлардағы әдебиеттің тарихынан очерктер». А.,1942.
4. Дүйсебаев Ы. Ғасырлар сыры. А.,1970.
5. Турсынов Е. Возникновение баксы, акынов, сэри и жырау. Астана,1999.

9 ЛЕКЦИЯ. ДӘСТҮРЛІ-ҒҰРЫПТЫҚ ТҰРМЫСТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Мақсаты: Музыкалық мәдениеттің кәсіпқой өнер иелерінің, кәсіби әнші-композиторлардың, атақты халық композитор-домбырашыларының шығармашылығын ашып көрсету.

Шартты сөздер: композитор, антология, лирика, диапазон.

Сұрақтар:

1. Кәсіби-әнші композиторлар
2. Атақты халық композиторлары-домбырашылары

3. Домбыралық дәстүр. Аймақтық дәстүрлер және мектептер.

Ән, әуен қазақ халқының аңызы бойынша аспан әлемінен түсіп, ықылым заманнан осы кезге дейін жетіп отыр. Көкте халықтаған ән көшпенді қазақ даласына жетіп, мұны естіген халық сондықтан, үлкен әуендік қасиетке ие болды деп есептеледі. Сондай-ақ, халық арасында: "Әуен мен әуезге деген қабілет дүниеге келгенде бірге дарыған", - деген болжам бар. Қазақ халқының еңкейген кәріден еңбектеген баласына дейін ән, әуен десе ішкен асын жерге қойып, елеңдеп қалатыны жақсы мәлім. Ән - әуен орындайтын топтың өзіндік музыкалық аспаптары мен орындау мәнерлері болған. Балалар саз - сырнайда, тастауықта, үскірікте ойнаған. Бұл аспаптарды шебердің өзі немесе балалар жасаған, олар әртүрлі аңдардың, құстардың, балықтың, көп басты аттың, жарқыраған көздердің суреттерін салған. Балалар әндері мен әуендік ойындар, бесік жыры мен үлкен азаматтардың өсиет - өлеңдері арқылы кішкене бөбектер қоршаған ортаны танып, әлеуметтік мәдени ортаның толық мүшесіне айналған.

Ұлтымыздың бүкіл рухани игілігі 20 ғасырға дейін жазбасыз түрде дамып, ауыздан-ауызға, әкеден-балаға, ұстаздан - шәкіртке, өткеннен болашаққа жеткізіліп отырған. Шаруашылықтың көшпенді және көшпенді емес түрі ұлттық аспаптардың, музыкалық дәстүрлердің ерекшеліктерін, қазақ қоғамының өмірі мен тұрмысының, сөздік және ақындық көркемөнердің біртұтастығын көрсетеді. Музыка өзінің алғашқы кезеңінде ескі көшпелі қоғамның қажеттілігінен туып, ірі діни және тұрмыстық салт-дәстүрлермен біртұтас дүниеге айналды. Қазақ этносының қалыптасу кезеңінде пайда болған ірі эпикалық баяндаулар - жыраулар орындауындағы жырлар әртүрлі дәстүрлермен байланысты болды. Халық жадында жүзден аса эпос сақталған, олар мың өлең жолынан тұрады, қылқобыз немесе домбыра арқылы орындалған. Екі дәстүрдің - эпикалық және аспаптық дәстүрдің шығуы халық санасында атақты әулие -Қорқыт есімімен (бірінші жырау және шамаң "күй атасы" және қыл-қобызды жасаушы алғашқы шаман есімімен) байланысты. Қорқыт өзінің ұрпағына ұлы мұра-қобыздық күйлер - "Қорқыт", "Желмая", "Тарғыл тана", "Елімай", "Ұшардың ұлуы" сияқты және т. б. шығармалар қалдырды. Олардың бір бөлігі дыбысты беру сипатымен ерекшеленді және табиғаттың табиғи дауыстарын, өмір, өлім, тұрмыс туралы философиялық ойларды берген. Домбыраның пайда болуы туралы мынадай археологиялық қазбалар мәлімет береді: ежелгі қала Хорезмді қазғанда екі шекті аспапта ойнап тұрған музыканттардың терракотты бейнелері табылған. Ғалымдар екі мың жыл бұрын Хорезм қаласынан табылған екі шекті аспаптардың қазақ домбырасымен ұқсастығын және оның Қазақстан территориясында тұрған ертедегі көшпенділердің қолданған аспаптарының бірі деп бағалайды. Домбыра және сыбызғылық музыканың көне үлгілеріне құстар мен жануарлардың атауларымен күй-аңыздар жатады - "Аққу", "Қаз", "Нар", "Ақсақ қыз", "Ақсақ құлан" батып бара жатқан балалар мен аңдар туралы -"Жорға аю", "Зарлау", "Жетім қыз" және т. б. күй - аңыздар. Бұлар ерте кездегі діни сенім -нанымның, әдет-ғұрыптың жаңғырығын осы күнге дейін алып келген. 19 ғ. таман ғана қазақ музыкасы өзін шектеген дін мен дәстүрлерден арылып, дербес көркемдік шығарма ретінде дами бастаған. Бұл кезең - шын мәніндегі ұлттың рухани жаңаруы, аспапты, әндік, ақындық өнер сияқты негізгі халықтық өнердің даму кезеңі болды. Қазақстанның байтақ территориясында әртүрлі дербес кәсіби композиторлық және орындаушы мектептер пайда болды, әрбір аймақ өз ерекшелігін сақтап отырды. Мысалы, Батыс Қазақстанның территориясы домбыралық күй -төкпені дамытудың орталығы болып есептелсе, Сарыарқа аймағы (Орталық Қазақстан) -әндерді орындаудың орталығы, оңтүстік - батыс аймақ (Қармақшы ауданы) эпостық жырды баяндаудың бай тәжірибесін сақтаған, ал Жетісу өңірі - айтыс дәстүрін -айтысушы ақындардың жарыс өнерін дамытады. Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап, Дина, Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Естай, Ыбырай, Нартай, Мәди, Мұхит, Абай, Кенен Әзірбаевтың есімдері тек қазақ мәдениетіне ғана емес, әлемдік музыка мәдениетіне енді. Бұлар - қазақ музыка мәдениетінің шоқ жұлдыздары болып табылады. Олар халықтық музыканы дамытты, дербестіктерін сақтады, халық арасында үлкен құрметке ие болды. Үздіктердің ішіндегі үздігін халық - сал, сері деп атаған.

Шығармашылықтың жазба түрінде қалыптасқан жаңа кәсіби композиторлық мектебі құрылды. Ұлттық мазмұндағы синтездік іріктеу және 20 ғасырдың 30-40 жылдарындағы европалық түрді таңдау нәтижесінде қазақ опералық өнерінің классикалық шығармалары - Е. Брусиловскийдің "Қыз Жібек", А. Жұбанов, Л. Хамидидің "Абай", М. Төлебаевтың "Біржан-Сара" опералары дүниеге келді. Олардың драматургиялық және музыкалық негізі - қазақ фольклоры мен ауызша кәсіби музыканың шексіз мүмкіндігі арқылы жасалған. Опералық театр сахнасы 19 ғ. ақындары Біржан мен Сара арасындағы қызу айтыс, той дәстүрі. 19 ғасырдағы ұлт - азаттық көтеріліс батырының әндері, ақын және күйші Махамбеттің және ән - жоқтаулар орындалатын аренаға айналды. Республикада европалық аспапты музыканың күрделі жанры-симфониялық музыка өнері өте жақсы дамыды. Ғ.Жұбановның, Қ.Қожамьяровтың симфониялары, симфониялық күй-жаңа жанрлық синтез осылай пайда болды. Ұлттық аудитория қазақтың монодикалық музыкасының оркестрлік және интерпретациясын ерекше қабылдады. "Отырар сазы" фольклорлық-этнографиялық оркестр көпшілікке жақсы танымал өнер ұжымына айналды. Б. Сарыбаев сияқты ғалым - фольклоршы қайта әкелген қазақ музыкалық аспаптары оның құрамына кірді. Күйлердің оркестрлік орындалуында батырлардың бейнелері, бәйге аттарының шабысы, кең даланың бауыры жазылған бейнесі, халықтық мейрамдар кезіндегі шерулер - барлығы бір арнаға тоғысады. Бұл ұжымның нақты бетінің танылуына осы ансамбльдің жетекшісі және дирижері, композитор және домбырашысы Н. Тілендиевтің аса көп еңбегі сінді.

Құрманғазы атындағы қазақтың халық аспаптар оркестрі, хор капелласы, халық би ансамблі, Мемлекеттік квартет, эстрадалық ансамбльдер, үрмелі және джаздық оркестрі пайда болды. Қазақстан -әлемдік масштабтағы классикалық музыканы орындаушылар отаны. Ол - Е. Серкебаев, Б. Төлегенова, Ғ. Есімов, Ә. Дінішев, Г. Қадырбекова, А. Мұсаходжаева, Ж. Әубәкірова, шетелдердегі қазақ музыкалық диаспорасының жұлдыздары - М. Бейсенғалиев, Ә. Құрманғалиев, ағайынды Нақыпбековалар.

Бүгінгі күні Республикада к. Байсейітова және А. Жұбанов атындағы арнаулы балалар мектебі, Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік Консерваториясы, Астанадағы Ұлттық музыка Академиясы, Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры, Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясы, Қазақконцерт, М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер Институты және басқа да музыкалық - біліми, ғылыми және мәдени мекемелер бар. Жыл сайын біздің тәуелсіз республикамыз "Жігер", "Алтын алма", "Жаңа музыка күндері", "Азия дауысы" халықаралық сайысын, ал халық музыканттарын - дәстүрлі музыканың халықаралық фестивалін, жас орындаушылар фестивалін ұйымдастырады. Музыка бүгін мен болашақты, өткенді жалғастырушы алтын буын міндетін атқарып отыр. Қазақтың дәстүрлі ән үлгілерін әзірге тұтастай дерлік мол қамтыған "Қазақтың дәстүрлі 1000 әні" аталатын осы антология жоғарыда айтылған сөзімізге толық негіз бола алады деп ойлаймыз. Қазақтың әншілік өнері жанрлық сипаты жөнінен алуан түрлі. Фольклортанушылар мен музыка зерттеушілері қазақтың дәстүрлі ән өнерін тұрмыс-салтқа байланысты ғұрыптық әндер, халық әндері және кәсіби әндер деп жіктеп қарастырып жүр. Ғұрыптық әндердің өзі – бесік жыры, тойбастар, беташар, жоқтау, көрісу, сыңсу, жар-жар, жарапазан болып тармақталса, әншілік өнердің кең өріс алған кезінде пайда болған кәсіби ән өнері – халық әндері (анонимды-авторлық) және кәсіби халық композиторларының әндері болып салаланады. Осы жинаққа ғұрыптық әндердің түр-түрі, мүмкіндігінше, толық енгізілді: бала жұбатқанда айтылатын – бесік жыры, қыз ұзатылғанда айтылатын – сыңсу, ауजारлар, той кезінде айтылатын – тойбастарлар, ораза кезінде айтылатын – жарапазандар, бұрынғы заманда малдың ауруына байланысты айтылған – күләпсан, науқастың дертін аластау үшін айтылған – бәдік, бақсы сарындары, бір-біріне сәлем жолдағанда айтылатын – хат-өлең, кісі қайтыс болғанда айтылатын – дауыс, жоқтаулар бар. Көшпелі өмірден отырықшылық тұрмысқа бейімделе бастағаннан кейін ел ішінде ғұрыптық әндер сирек айтылатын болды. Қазіргі кезде мүлдем айтылмайтындары – бәдік, күләпсан, хат-өлең т.б. А.Затаевичтің "Қазақтың 1000 әні" атты еңбегінде "ескі ән" деген атаумен де кездесетін әндер бар. Ертеректе қара өлеңді "қара әуез" деп те атаған. Қазіргі күнде де Моңғолия қазақтары қара

өлеңді “қара әуез” деп айтады. Әуендік, орындаушылық, құрылымдық өзгешеліктеріне, орнығып, өрістеген өлкелеріне қарай дәстүрлі ән өнерінде, шартты түрде, бірнеше кәсіби әншілік дәстүрлер мен мектептер қалыптасты. Олар – Арқа, Жетісу және Батыс әншілік мектептері деп аталады. Кәсіби әндердің көбісі – жоғарғы регистрде айтылатын қаратпа әуен-сөздерден басталады. Қазақтың кәсіби ән өнері, әсіресе XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өз дамуының шырқау биігіне жетті. Қазақ өнерінде сал-серілердің пайда болуы кәсіби ән өнерінің шарықтап дамуымен тығыз байланысты құбылыс. Сал-серілер деп, әдетте бір басына бірнеше өнер қонған, сегіз қырлы, бір сырлы өзгеше дарын иелерін айтқан. Айрықша киініп, сұлу ат мініп, маңына өнерлі жастарды жинап, ел аралап, қызық-думанға бөлеу – сал-серілер ұстанған тұтастай бір өмір салты еді. Қазақ даласының әр қиырынан Біржан, Ақан, Мұхит, Кенен сияқты сал-сері тұлғалардың шығуы жоғарыда аталған ән мектептерінің қалыптасуына зор ықпал етті. Арқа әншілік дәстүрі. Еліміздің Шығыс, Орталық, Солтүстік аймақтарын қамтитын Арқа әншілік дәстүрі кең тыныстылығымен, әуен байлығымен, терең мазмұн, күрделі құрылымымен ерекшеленеді. Көмейіне бұлбұл ұялаған небір күміс көмей, жезтаңдай әншілер осы өлкеде дүниеге келіп, сал-серілер дәстүрін орнықтырып, қазақ әнінің өрісін кеңейтіп, өресін биіктетті. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Абай, Әсет, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Жарылғапберді, Иманжүсіп, Ғазиз, Естай, Мәди сияқты әнші-композиторлар қазақ әнін бұрын болмаған биік өреге көтерді. Кейінгі ұрпаққа Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Игібай Әлібаев, Байғабыл Жылқыбаев, Қосымжан Бабақов, Жабай Тоғандықовтар арқылы жеткен осынау мол қазына, асыл аманатты Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Жаңыл Қартабаева, Ләззат Сүйіндікова, Мәдениет Ешекеев, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов сынды майталман әншілер дәстүрлі әннің қазіргі буын орындаушыларына арқауын үзбей, сынын бұзбай тапсырды.

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың антологияға 12 әні енді. Оның айтулы әншілер орындаған әйгілі әндермен қатар, көпшілікке беймәлім “Өзгеге көңілім тоярсың” (А.Затаевичтің “Қазақтың 500 ән-күйі” жинағынан), “Сегіз аяқ” (2-ші түрі, Хабиба Елебекованың жеткізген нұсқасы бойынша), “Сұрғылт тұман дым бүркіп” (Ниязбек Алдажаровтың жеткізген нұсқасы бойынша) деген шығармалары қазіргі әншілердің орындауында алғаш рет ұсынылып отыр. Ұлттық музыка тілін өзіндік стильмен байытқан “Сегіз аяқ”, “Айттым сәлем, Қаламқас”, “Желсіз түнде жарық ай”, “Қараңғы түнде тау қалғып”, “Көзімнің қарасы”, “Татьянаның әні” сынды әндері арқылы қазақ әніне соны әуен, өзгеше өлшем мен түр ала келген Абайдың жаңашылдық дәстүрін ғұлама ойшыл, ақын, сазгер Шәкәрім Құдайбердіұлы жалғастырды. Шәкәрімнің “Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді”, “Анадан алғаш туғанда”, “Жиырма үш жасымда”, “Ән туралы” сияқты әндерінің Абай шығармашылығымен өзектестігі айқын танылады. Ақылбай, Уәйіс, Берікбол (Ағашаяқ), Мұхамеджан, Шәкір Әбенев сияқты әнші-композиторлар да Абай, Шәкәрім салған үрдісті дамыта түсті. Олардың әндерін насихаттаушылар қатарында Келденбай Өлмесек, Серікболсын Бекбосынов, Амангелді Жікенов, Санақ Әбеуов, Тельман Құжыманов, Еркін Шүкіманов, Ерлан Рысқали сияқты әншілер бар. Біржан сал, Ақан серілердің шығармашылық дәстүрімен сабақтасып жатқан Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы әндерінің тақырыбы алуан түрлі. Оның әндерінің көпшілігі ойнақылығымен, өзгеше екпін-ырғағымен ерекшеленеді. (“Қарақат көз”, “Толқын”, “Қызыл асық”). Бүгінгі күнге, негізінен, бір-біріне ұқсамайтын 4 түрлі нұсқада жеткен “Гәкку” әні Үкілі Ыбырай шығармашылығының шыңы болып саналады. Оның әндерінің бірден-бір жеткізушісі – өз ұрпағы Мұса Асайынов болса, халыққа кең таралуына әнші Қ.Байбосынов айрықша үлес қосты. Арқа өңірінде қалыптасқан әншілік, сал-серілік дәстүрдің тағы бір өкілі Балуан Шолақ – өзі ұстаз тұтқан Біржан сал, Ақан сері әндерінің тамаша орындаушысы әрі насихаттаушысы болды. “Қарқаралы”, “Қаракесек” сияқты барша қазаққа әйгілі сом алтындай кесек туындыларымен ұлттық музыка тарихында өшпес із қалдырған Мәди Бәпиұлы мен сырнаймен ән айту үрдісін қалыптастырушылардың бірі, “Майра”, “Толқыма”, “Бақша” сияқты терең сезім, мол сырлы тамаша әндер шығара отырып, қазақ ән өнерінде тұңғыш рет әйел-әнші бейнесін жасаған

Майра Уәлиқызы да Арқа әншілік дәстүрін мейлінше көркейткен айтулы өнерпаздар еді. Сол сияқты Арқа өңірінде өмір сүрген Мұстафа, Сейітжан сал, Қанапия, Жарылғапберді, Ғазиз, Иманжүсіп, Шашубай, Тәуке сынды біртуар өнерпаздардың бүгінге жеткен бірде-екілі әндері де осы жинаққа енгізіліп отыр. Сондай-ақ антологиядан, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, М.Дулатов, Қ.Аманжоловтардың туындыларымен қатар, Р.Елебаев, М.Ержанов, Б.Жылқыбаев, Қ.Бабақов сияқты кейінгі буын дәстүрлі әнші-композиторлардың шығармалары да орын алды.

Батыс Қазақстан әншілік дәстүрі. Батыс өлкенің кәсіби ән мектебі эпикалық дәстүр негізінде дамыған. А.Жұбановтың: “Қазақтың халықтық музыка мәдениетінде, оның ішінде, әннің дамуында жыршылар да үлкен рөл ойнады” деген пікірі ән мен жыр егіз ұғым саналатын осы өлкеге де қатысты. Батыс өңірдегі жыраулық-жыршылық өнердің жергілікті әншілік мектептің қалыптасуы мен өркендеуіне зор әсері болғаны анық. Ғұрыптық фольклор, қара өлеңдерден бастау алып дамыған мәтөк әндер, күлдіргі әндер, сағыныш әндер, қоңыр әндер деп аталатын лирикалық туындылар батыс өлке дәстүріндегі ән жанрының кең тақырыптық ауқымын көрсетеді. Батыс кәсіби ән мектебінің негізгі тұлғасы – әнші-композитор Мұхит Мералыұлы. Мұхит әндері – диапазон кеңдігімен, ішкі мазмұнының тереңдігімен қазақ ән өнерін биікке көтерген аса бағалы мұра. Композитор шығармашылығында сол өлкедегі ерекше дамыған жыраулық-жыршылық өнер мен Батыс Қазақстанның сол кезеңдегі шырқау шыңына жеткен күйшілік дәстүрінің ерекше әсері болғаны сөзсіз. Себебі, әннің ішкі табиғатын, болмыс-бітімін, характерін ашуда домбыра сүйемеліндегі айшықты қағыстар үлкен рөл атқарады. Батыс Қазақстан ән-жыр дәстүріндегі домбыра сүйемелі аспапты кәсіби деңгейде шебер меңгеруді талап етеді. Өйткені, күйдегі дәстүрлі қағыстар, оң қол және сол қолдағы әртүрлі әдіс-амалдар ән сүйемелінің негізі болып табылады. Мұхит әндерінің бір алуаны орта диапазонды, қоңыр әндер болып келсе (“Алуаш”, “Дүние”, “Қолжетпес”, т.б.), “Айнамақ”, “Зәуреш”, “Үлкен айдай” тәрізді туындылары – орындаушылық үлкен шеберлікпен биік шырқап айтылатын, кең тынысты, күрделі әндер. Жинаққа Мұхиттың 21 шығармасы енді, олардың ішінде сирек айтылатын “Қоқыш”, “Көк жар”, “Шандоз” деген әндері бар.

Маңғыстау әндері жалпы Батыс әндерінен домбыра қағысының, әуен екпінінің жайлы-ғымен ерекшеленеді. Маңғыстау жерінде ХІХ ғасырда “Жеті қайқы” деген атпен жеті өнерпаз өмір сүрген. Ол өлкеде “қайқы” деген сөз “сал-сері” деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кезде Маңғыстау әндері деп айтылатын әндердің басым көпшілігі – әнші-күйшілігімен, ақындық, сазгерлік өнерімен елге белгілі Досат, Өскінбай, Тұрсын, Әділ, Жылгелді, Тастемір, Шолтаман сияқты әнші-композиторлардың шығармалары. Маңғыстау жерінде бұдан басқа Хамит, Бораш, Ақбала, Қазихан, Смағұл, Қарабай, қосыла алмаған ғашығы Ақбөбекке арнаған әндерімен қазақ даласына белгілі болған Қайып Қорабайұлы деген өнерпаздар өткен. Маңғыстау әндерін осы күнге жеткізген Ізбасар Шыртанов, Күріш Тасболатов, Зәуреш Есбергенова, Жеткізген Сейітов, Бердіғали Срановтар болса, қазіргі кезде бұл дәстүрді Айгүл Қосанова, Елдос Еміл, Ақмарал Ерімбетова, Болат Шәулиев, Асанәлі Көшеров, Қыдырбай Жұмановтар жалғастырып жүр.

Жетісу әншілік дәстүрі. Жетісу жеріндегі ән өнерінің қалыптасуына да осы өңірде ерекше дамыған ежелгі ақындық-жыршылық дәстүрдің зор ықпал еткені анық. Осы өңірдегі мейлінше көп айтылатын қара өлеңдер мен халық әндері кәсіби әншілік мектептің қалыптасуына негіз болды. Зерттеуші-ғалымдар Жетісуда Арқадағы Ақан, Біржандармен замандас Дәурен сал, Тәкен сал деген сал-сері, әнші-сазгерлер өткенін, бірақ шығармалары сақталмағанын жазады. Осы әншілік мектептің қалыптасуына ұйытқы болған дара тұлға Кенен Әзірбаев шығармаларының көбі негізінен өз орындауында жетті. Ұзақ жасап, артына мол мұра қалдырған Кенен әндерінің тақырып ауқымы мол, құрылым-пішіні жағынан да әр алуан, тынысы кең, әуені өрнекті, сан құбылған ырғақты келеді. “Бозторғай”, “Көкшолақ”, “Бұлбұлға”, “Базар-Назар”, “Алатау алабында”, “Тік шырқау” сияқты әсем сазды, сұлу нақышты әндерімен Кенен Жетісу өлкесінде қалыптасқан әншілік дәстүрді кәсіби биік өреге көтерген қазақтың бірегей әнші-композиторы. Жамбыл, Сарбас, Балуан Шолақ

сынды белгілі әнші-ақындардан үлгі-өнеге алған Кенен Әзірбаев өз өмірінде жүзден астам әндер шығарған. Жетісуға аты әйгілі болған әнші-композитор Қапез Байғабылұлы Ыстамбұлда білім алып, туған жеріне оралған соң, мектептер ашып, бала оқытқан. Кейіннен саяси қуғынға ұшырап, репрессия құрбаны болады (1937 ж.). Қапездің бізге жеткен “Айхой”, “Дүние-ау”, “Қоштасу”, “Үш Меркі” деген әндері өзгеше әуендік сипатымен ерекшеленеді. Кезінде айтуға тыйым салынғандықтан, ұмытылуға айналған Қапез шығармаларын зерттеуші-ғалым Сағатбек Медеубекұлы, әншілер Ғалымжан Досанұлы, Рамазан Стамғазиевтар жеткізген болатын. Жетісу өлкесінен шыққан және бір күміс көмей әнші, тамаша композитор Дәнеш Рақышев көптеген халық әндері мен халық композиторларының туындыларын тынбай насихаттап өтті. Әнші-композитордың “Саясында алманың”, “Жер сұлуы Жетісу”, “Аяулым менің, арайлым”, “Балжан-ай” сияқты әсем әуезді өз әндері де жинақтан мол орын алып отыр.

Сыр өңірінің әншілік өнері бұл антологияда халық әндері “Көкшетау”, “Долана”, Андағұл Балқы Дайрабай, Нартай, Ешнияз сал, Күмісай, Тоғжан, Рүстембек жырау, Әбілда Жүргенбаевтардың туындыларымен көрініс тапты. Бұл әндерді Мұхамеджан Рүстемов, Құрманбек Бекпейісов, ел ішіне жыршы ретінде танымал Алмас Алматов, Елмұра Жаңабергенова, Ғазиза Шаймаханова, Сәбит Дабыловтар орындайды.

“Қазақтың дәстүрлі 1000 әні” аталатын антологияда дәстүрлі ән үлгілері бұрын-соңды болып көрмеген көлемде, барынша мол қамтылып отыр. Дегенмен, халқымыздың ғасырлар бойы тірнектеп жиған ән қазынасы осы мың әнмен шектеле қоймасы хақ. Әлі де болса, жоғалғанды іздеу, кемді толықтау – келешек күндердің үлесінде. Ал “қазақтың дәстүрлі әні” аталатын, көздің қарашығындай сақтар рухани асыл мұра, қымбат жәдігерлігіміздің қазіргі барын түгендеп, шашпай-төкпей, кейінгі ұрпаққа табыстау – бүгінгі біздің парызымыз.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. Кәсіби-әнші композиторларды және олардың шығармаларын атаңыз
2. Атақты халық композиторлар-домбырашыларын атаңыз
3. Домбыралық дәстүр. Аймақтық дәстүрлер және мектептер

Әдебиеттер:

1. История казахской музыки в 2-х т. Редкол. Г. Жубанова, Г. Джуманалиева, А. Темирбекова, А. Ибрашева. А., 2000,
2. Сарыбаев Б.Ш. казахские музыкальные инструменты. А., 1978
3. Аравин П.В. Жанры казахской инструментальной музыки. А., 1970
4. Казахский музыкальный фольклор. А., 1982
5. Сейдімбеков А. Қазақтың күй өнері. А., 2002
6. Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. А., 2002.
7. Затаевич А.В. 500 песен казахского народа. М., 1963
8. Ерзакович Б.Г. Музыкальные наследие казахского гарода. А., 1979.

10 ДӘРІС. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

Мақсаты: Қазақ халқының музыкалық аспаптарының түрлерін жіктеу, аспаптардың шығу тарихына тоқталу. Наным-сенімдерге тоқталу.

Шартты сөздер: шертер, адырна, қылқобыз, жетіген, шаңқобыз.

Сұрақтар:

1. Ұрмалы және соқпалы музыкалық аспаптар
2. Шерпелі және ыспалы аспаптар
3. Үрлемелі музыкалық аспаптар
4. Музыкалық саз аспаптарға байланысты наным-сенімдер

Аспап зертеуші аса ірі ғалым К.А. Вертков өзінің 1975 жылы жарық көрген «Орыстың халықтық музыкалық аспаптары» деген еңбегінде музыкалық аспаптарды жіктеудің жетілдірілген жаңа жүйесін талдап жасады. Осы жүйені басшылыққа ала отырып, қазақтың музыкалық аспаптарын мына төмендегідей топтарға бөліп, ол топтарды тармақтап тарату қажет:

1. Үрлеп тартылатындар. Тармақталуы: 1 Флейталық – сыбызғы, курай-ысқырғыш, үшпелек саз сырнай, үскірік, тастауық, ысқыруық.

2. Тростық – қамыс сырнай, қос сырнай, қауырсын сырнай.

3. Мундштуктік – мүйіз сырнай, ұран бұғышак, керней.

II. Ішектегі. Тармақталуы: 1. Шертіп ойналатын – жетіген, шертер, домбыра. 2. Қияқпен ойналатын – қылқобыз.

III. Мембраналы. Ұрып ойналатын – даңғыра, кепшік, дабыл, дудыға, дауылпаз, шындауыл.

IV. Сым тілшелі: Шаңқобыз.

V. Сілкіп ойналатындар: астаяқ, шың, сылдырмақты қамшы, қоңырау.

Қазақтың кейбір музыкалық аспаптарын аралас топқа жатқызу керек. Мысалы, даңғыра мен қылқобызға темір теңгешелер мен сақиналар т.б. ілінетіндіктен, оларда үн шығатын қосымша жаңғырықтар болады. Міне, осы себептен даңғыра да, қылқобыз да өз бойына екі түрлі аспапты біріктіретінін көреміз. Соның нәтижесінде даңғыра мембраналық-сілкіп ойналатын аспапқа айналса, ал қылқобыз – ішектегі-сілкіп ойналатын аспап болып шығады.

Аспаптар негізінен мынандай мақсатта пайдаланылады: дудыға, шың, мүйіз сырнай, керней, ұран, дабыл әскери жорықтарда дабыл қағу үшін; бұғышак, дауылпаз, шындауыл аңшылық кезінде; Ал металл сылдырмақтары бар даңғыра мен қылқобызды және асатаяқты көбнесе бақсылар өздерінің бақсылық ісінде қолданған; сыбызғы, шертер, қос сырнай, және қамыс сырнай, бақташылардың аспаптары болып саналады; Домбыра, металл сылдырмақтары жоқ қылқобыз, жетіген, кепшік, саз сырнай, үскірік, тастауық, қоңырау және шаңқобыз халық таланттылары ойнаған аспаптар. Алайда аспаптарды тек белгілі бір ортада ғана пайдаланылады деу жаңсақтық болар еді.

II Үрлеп тартылатын аспаптар

2.1 Қамыс сырнай және қос сырнай

Түркі халықтарында үрлеп тартылатын аспаптар сонау бағзы заманда болғаны анықталды. Зерттеушілер Орта Азия халықтары арасынан табылған үрлеп тартылатын аспаптардың түп негізі, Шығыста пайда болған деседі.

Ерте заманның үрлеп тартылатын аспаптарында ойналатын ойығы болмаған, сондықтан олар дыбыс беру үшін ғана пайдаланылған. Түтігінде тесіктер пайда бола бастағаннан кейін-ақ үрлеп тартылатын аспаптарда ойнау техникалық жағынан едәуір күрделене түседі. Енді бұған дейін бір әуенді бірнеше түтіктер арқылы орындаса, енді мұндай әуенді жалғыз түтіктің өзінен-ақ орындауға мүмкіндік туады. Қамыс сырнай мен қос сырнай соның соңғы түріне жатады.

«Сырнай» деп музыкалық аспаптардың бірнеше түрін атаған. Көптеген халықтарда үрлеп тартылатын аспаптар: сур, сурма, зурма, сурнай, най, нэй, сарнай, сырбаснай, деп аталады. «Сырнай» деген сөз – «сыр» және «най» деген екі сөзден тұрады. Қазақ тілінде «сыр» деген сөздің мағанасы бәрімізге белгілі, мысалы, «сырласу», «сыр шерту» дегенді қайсысымыз білмейміз. «Най» деп аспаптарды кейбір түтік заттарды атаған. Тегінде «най» деген сөз де ішкетегі сырды ақтару мағанасында алынған болса керек, музыкалық аспапта орындаушы сырды сол аспаптың үнімен жеткізген.

Үрлеп тартылатын аспаптарды бір-бірінен бөліп атау үшін «сырнай» деген сөзге аспап жасалған материалға немесе оның жасалу ерекшелігіне қатысты сөзді және кейде үн шығару тәсіліне байланысты үн қосып айтқан. Мысалы қамыс сырнай, мүйіз сырнай, қос сырнай, саз сырнай. Кейін шағын гармонь мен ерінмен тартып

ойналатын кішкентай гармошканы да «сырнай» деп атап кеткен. Мысалы шағын гармоньды қазақтар қағаз сырнай деген, өйткені мұндай гармоньның көрігі картон қағаздан жасалған. Ал ерінмен тартып ойналатын гармошка – ауыз сырнай аталған. Ауыз сырнай республикамыздың орталық аудандарында 40-жылдары кең тараған болатын. Әдетте, үні немесе тартылу тәсілі бір-біріне ұқсас болып келуіне байланысты бір аспаптың аты екінші аспаптың атымен атала берген.

Өткен ғасырдағы зерттеушілердің еңбектерінде көне сырнай жайында көптеген мәліметтер кездеседі. XIX ғасырдың екінші жартысында этнограф Н. Стремоухов Жетісу өлкесіне барған сапарында мынадай қызық оқиғаның куәсі болған: «Кешқұрым кенет сырнайдың сарнаған мұнды үні естілді. Сол-ақ екен қырғыздар жан-жақтан қаптап келіп музыкантты қоршай малдас құрып отыра қалысады... барымтаға шақырған әуезді үнге құлақ түріп құмарта тыңдайды. Алғашқы музыкантқа екінші музыкант келіп қосылады. Біраздан соң солғын, мұнды әуен өзгеріп, енді үзік-үзік қатты естіліп, құлақ тұндырып жіберердей болады, музыканттар бірн-бірін кимелеп, асыға-үсіге тез тез ойнайды». Мұндай мәліметтерді Орыстың географиялық қоғамының мүшесі, көп жылдар бойы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының этнографиясын зерттеумен шұғылдаған. Н. Маевтің сол жазбаларынан да кездестіруге болады. Сырнайда тартылатын әуендердің ерекшелігі, оларды музыкант өз қалауынша әлденеше рет қайталап, құбылтып тарта береді. Және көбінесе тақырыптың соңында түрлендіріп әуенді өзгертіп те жіберед.

Қамыс сырнай мен қос сырнай Қазақстан территориясында бірте-бірте жоғалды, Республиканың оңтүстік аудандарында сырнайшылардың аспаптары мен сырнай тарту дәстүрі көпке дейін сақталған Кезінде дүйім жұртты аузына қаратқан көзі тірі сырнайшы қариялар Шымкент облысынан күні бүгінге дейін кездеседі.

Қамыс сырнай мен қос сырнай өзінің үніне және тембріне қарай қазақтың басқа да үрлеп тартылатын аспаптарынан өзгеше болып табылады. Мұның өзі үн шығаратын тілшеге байланысты.

Аспаптарды жасаудың күрделілігі сонда, әр бр түткті өз алдына жеке қарап күйге келтіру керек, өйткені диаметр бірдей болып келетін екі түтікті табу өте қиын. Ең алдымен түтіктің екі ұшын сақинаны бойлай кеседі. Тескті жапқан кезде тілді орнату ыңғайлы болуы үшін түтктің ауызбен үрлейтін ұшын қиғаш кеседі. Түтіктің ішін жіңішке шыбықпен тазалайды. Түтктің ұшынан 5 мм қашықтықта, ені 7-8 мм, ұзындығы 34-35 мм, тіл ойып жасалады. Егер түтіктен шығатын үнді жоғарылату қажет болса, түтік қысқартылады немесе тілді жіңішкертеді. Ал егер үнді төмендету қажет болса, онда түтіктің ішін қырып тазартады.

Кезінде қамыс сырнай мен қос сырнай тартқан өнерпаздар болған.

Қамыс сырнай мен қос сырнайдың дыбыс қатары ондағы есіктердің орналасуына байланысты. Бұл аспаптарда орындаушының шеберлігіне байлаысты бұрынғы кезд 3-тен 6-ға дейін тесік болған. Дыбыс қатарын орындайтын әуеніне байланысты күйшінің өзі белгілеп отырған.

2.2 Саз сырнай, үскірік және тастауық

Саздан жасалынып, үрлеп тартылатын аспаптардың бірегей түрі табылып отыр. Олар – саз сырай, үскірік және тастауық . Бұл аспаптар “окарина” тектестер қатарына жатады. Мұндай аспаптар ТМД халықтарында көптеп кездеседі, мұны марийлер – шу, мушпык, чуваштар – там-шахлыча, там-шахран, там-шахракач, немесе там-кавалкал, эстондар – сави пиилу, латыштар – свилуе, литвалықтар – молинукас, армяндар – пепук, грузиндер – булбуль дейді. Бұл аспаптарды саздан жасап, кейін отқа күйдіреді. Олардың көлемі де, түрі де әр қилы болады. Олардың сыртын көмкеріп ою-өрнек салған, кейде глазурьмен жылтыратады. Аталмыш аспаптардың ішінде диапазоны третия, одан да жоғары, кейде тіпті октаваға жететіндері кездеседі. Кейбір халықтарда олардың ысқырғыш тетігі болмайды. Мысалы, қазақтың саздан жасалға аспаптарында ысқырғыш тетік жоқ..

Саз сырнай аспабы Қазақстанның кейбір аудандарында әлі де болса кездеседі. Саз сырнайдың көне үлгісіне қарап жаңа үлгісін жасап

шығарды. Бұл үшін жаңа ағаш қалып жасалып, қоймалжың сазды жайып қалыптың сыртын қаптайды. Қалыпты ішінен алу үшін сазды кең жағынан екіге бөліп, сонан соң екі бөлікті қайта біріктіреді.

Кепкеннен кейін ойықтарын ойады.

Қандай үрмелі аспап болсын егізгі үн шанақтың ішіндегі ауаның мөлшеріне байлаысты екеуі белгілі, іші кең болған сайын дыбыс төмендей береді және бұған керісінше, шанақтың ішкі қуысы неғұрлым саяз болса, соғырлым дыбыс жоғары шығады.

Тастауықты жасау үшін ең алдымен ағашта қалып жасалып оның көлемін: ұзындығы – 108 мм, шанағының жуа бөлгінің орта тұсының ені – 42 мм, түпкі бөлігінің диаметрі – 16 мм. Қалыптың көлем шанақтың ішкі құрлысын көрсетеді. Тастауықтың тембрі ашық құлаққа жағымды естіледі. Саздан жасалған халқымыздың көне музыка аспаптарының табылуы музыка аспаптарының түрлері өте бай болғандығын дәлелдей түседі. Бұл музыкалық аспаптардың бүгінгі өсіп келе жатқан мәдениеті байытуға септігін тигізетіні сөзсіз.

2.3 Керней. Халқымыздың кейбір аңыз -жырларында үрлеп ойналатын көне аспап кернейдің аты аталады. XVIII-XIX ғасырлардағы этнографиялық еңбектерде керней жайындағы мәлімет әзірше табылмай отыр. Бұрынғы заманда кернейді де сырнай сияқты жорықтарда дабыл қағу үшін қолданған екен. Ертедегі дастандардың бірі “Қамбар батырда” былай делінген:

“Қараман қайраттанды көңілі тасып,

Хош болып уақыты халден асып.

Әскерге топ аттырып, керней қойды,

Алам – деп Назым қызды болса нәсіп”.

Түрлі аңыздарда үрлеп ойналатын әр қилы аспаптардың аты жиі кездеседі.

Қылқобызшы Жаппас Қаламбаев ауылдан керней көргендігі жайында айта келіп былай дейді: “Ауылда бір қария бар еді, оның кәсібі күн батып кеш болысымен-ақ ауылдың іргесіндегі шағын төбенің басына шығады да кернейін аңырата тартып адамдарды өзіне шақырады. Содан кейін бір әңгіме –дүкен құрады. Небір аңыз- жырлар, қызық-қызық ертегілер таң атқанша таусылмайтын”.

Керней дегеніміз түйенің өңешіне өткізілген ұзын ағаш түтік. Музыкант оны жан-жағына бұрылып, қозғалып тұрып ойнайды.

1974 жылы Балапан Әнесов үш тесікті керней жасады. Оның көлемі мынандай: Ұзындығы – 710 мм, диаметрі – 32 мм. Ағаш түтік ұзына бойына қақ жарылып, ал арасынан ауа шықпас үшін ол ішекке кигізілген.

Сыбызғы. XVIII-XIX ғасырлардағы этнографиялық еңбектерде сыбызғы жиі ауызға алынады. Ал мұның өзі сыбызғының сол кезде халық тұрмысында кеңінен қолданылғаны дәлел. Сыбызғы жайында капитан И. Адриановтің 1795 жылы жарық көрген кітабында айтылады. XIX ғасырдың екінші жартысына шейін сыбызғының барлық жерге кең тарағаны жайында белгілі зерттеуші А. Левшиннің жазбаларында да бар. Этнограф И. Липаевтің да мәлімдеуі көңіл аударарлық. “Семей облысындағы қырғы музыканттардың қолынан сыбызғыны көресің”, - деп жазады ол. Сыбызғы тал шыбықтан немесе басқа да содай ағаштан жасалады. Ұш жағына, тегінде сәндк үшін болса керек, тернің жұп-жұқа қыртысымен керілген жіңішке арқан жіп байланады. Түтіктің іші жақсылап ойылып, асқан шеберлікпен өңделген. Дыбыс шығаратын тесік үшеу ғана, ойнаған кезде саусақтың ұшымен ашылып жабылады.

XVIII ғасырдың екінші жартысында атақты ғалым И. Лепехин өзі Орал қазақтарынан көрген бір тамаша сыбызғы жайында жазып қалдырыпты: “Ол түтікті, қалмақтар цур, татарлар курай, ал Жайық қаақтары осы күнбағыс сабағы сыбызғы деп

те атайды... Бұл аспаптың жіңішке ұшында үш ойық бар, оларды музыкант бір қолының үш саусағымен кезек пе кезек ашып жауып тұрады, ал екінші қолымен, қажет болған кезде түтіктің төменгі жағындағы сопақша ойықты жабады.

Түтіктің кең аузын жоғарғы тесікке тақайды да жоғарғы ері мен тілге тигізеді. Мұдай аспапта ояу үшін ерекше жаттығу керек: егер оны шебер күйші тартса, онда даусы шағын флейтравестінен аумай шығады”. Бұл суреттеудің біз үшін бағалылығы сол, мұнда ойнау тәсілдері айтылған. Әсіресе, түтіктің төменгі ойығын ашып-жабу арқылы қосымша дыбыс шығаруға боладығы назар аударарлық.

Сыбызғы бақташылардың ең сүйікті аспабы болған. Оны жасау көп уақыт алмайды: тәжірибелі шебер 10-15 минутта жасап алады. Бұл үшін ұзындығы 500-700 мм, қурай кесіп алыады, оың үш-төрт жерін ойып алады. Бірнші ойық түтіктің ұшынан алақанының еніндей жерден ойылады. Келесі ойықтың аралығы одан гөрі тарлау алынады, яғни бір-біріме төрт елі қашықтықта болады.

III Ішекті аспаптар

Жетіген. Шертпелі аспаптардың ең көне түрінің даму тарихы бізге күн бүгінге дейін белгісіз. Сондықтан бұл саланы зерттеушілер бар болғаны әр түрлі болжаулар айтумен ғана шектелулері мүмкін. Әр түрлі халық аспаптарының дамуында кейбір ортақ заңдылықтар бар дедік. Осындай аспаптар ондағы ішектер саны бірте-бірте көбейе берген. Аспаптар тұтас ағаштан ойып жасалған, шанақтар әдетте көн терімен қапталған. Кейбір этнографиялық еңбектерде шанағы ашық қалдырылған аспаптар да бар. Қарапайым аспаптарда құлақ болмаған, сондықта ішектерді қолымен керіп байлаған. Күйге келтіру үшін тиек орнына қойылған асықты жылжытатын болған.

Халықтың аңыз-ертегі, өлең-жырларында әр қилы музыкалық аспаптар жиі аталып отырады. Сонау бағзы заманнан бері келе жатқан көне аңыздардың бірінде жеті ішекті жетігеннің шығу тарихы баяндалған. Бұл аңызды 1966 жылы Өзбекстан Республикасына қарасты Бұхар облысындағы Тамды ауданына экспедицияға барғанда жазып алынған. Оны жергілікті домбырашы Жақсылық Елеусінов айтып берді. Мұны ол бала кезінде өзінің атасынан естіген екен:

Жұрт әр түрлі ауруға, аштыққа жиі-жиі ұшырайтын өткен заманда, қаһарлы қыстың қақаған аязды күндерінің бірінде жұттан мал қырылып, ел қатты күйзеледі.

Сол заманда өмір сүрген бір қарияның жеті ұлы болыпты. Көп қайғысының бір шеті қарияның шаңырағына да тап болады. Балалары бірінен соң бірі дүние салады, қайғы басқан қария кепкен қу ағашты ойып, аспап жасайды. Әр баласы қайтыс болған сайын аспаптың бетіне жылқы қылынан бір ішек жасап тағып сазды мұңға толы әнін салады. Осы жеті ішектен жеті түрлі әуен шығарып, әр баласының мінез-құлқын, жүріс-тұрысын суреттегендей болады.

Ұлкен ұлы Қания қайтыс болғанда, шал “Қарағым” деген күйін шертеді. Екінші баласы Төралымға – “Қанат сынар”, үшінші баласы Жайгелдіге – “Құмарым”, төртіншісі Бекенге – “От сөнер”, бесінші Хауасқа – “Бақыт көшті”, алтыншысы Жұлзарға – “Күн тұтылды”, деген күйлерін арнайды. Қарт ең кіші баласы қияс қайтыс болғанда ақырғы, жетінші күйін шертеді. Шалдың балаларына арнап шығарған жеті күйі одан әрі дамытылып, ел арасына “Жетігеннің жетеуі” деген атпен тарап кетеді.

“Жетіген” деген атау тегінде екі сөзден құралса керек: жеті және ән. Яғни, мұны әндетуші немесе күй шертуші жеті ішек деседе болғандай. Өйткені түрк тілінде мынандай музыкалық терминдер бар: аған - өлең, әуе; ганни- жырға қосу; ганани - ән, шумақ; таған - ән салу. Татар және ұйғыр тілінде – ахан, өзбекше аханг. Бұл сөздердің мәні де сол -ән, әуен. Қазақ тілінде бұл сөздерді дыбыстағанда , “аһан”, “аған” дегенді “ән” деп кеткен болу керек.

Көне жетігенде құлақ болмаған. Ішектердің астында екі жақ шетінен асық қойылған. Аспап сыр асықтарды жылжыту арқылы күйге келтірілетін болған.

Домбыра. XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған музыкалық аспап екі ішекті домбыра болатын. Егер бұрынғы заманда көне аспаптар

ән, жыр, ертегі-аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған. Болса, домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың қатарына жатады. Шанағы жалпақ домбыраның бірнеше нұсқасы кең тараған. Егер батыс аудандардағы домбыраларға 12-14 перне тағылса, ал шынағы жалпақ домбыраларға небары 7-8 ғана перне тағылған.

Аңыз-ертегілердің бірінде аспаптағы жоғарғы тиектің қалай пайда болғаны жайында айтылады. Жаумен шайқасып, одан соң алыс сапар шегіп әбден қалжырап келе жатқан батыр жолшыбай аялдайды. Сайдың ішінде жайғасып отырған соң талдан бір шыбық кесіп алады, оған жылқының қылын керіп байлайды да, дыбыс шығарып көрмек болады. Бірақ қолдан жасаған тым жұпыны аспаптан ештеңе шықпайды. Батыр оны жанына тастай салады да, өз қисайып жатып ұйықтап кетеді. Ол өзі жасаған аспапт үнінен оянып кетеді. Қолына алып қараса аспаптың мойын тұсынан титтей ағаш тиекті көреді, оны әлдене біреу ішектің астынан келтірпорнатып қойған екен. Батыр: “Е, бұл шайтанның ісі болды ғой”, - деп ойлайды. Бәлкім содан қалған сөз болса керек, халық арасында жоғарғы тиекті “шайтан тиек” деп атайды. Ішекті жылқының қылынан тағу, жоғарғы тиектің болмауы көне аспаптарға тән сипат.

IV Сілкі арқылы үн шығаратын музыкалық аспаптар

4.1 Асатаяқ Асатаяқ – шу шығаратын музыкалық аспап, бақылар оны даңғыра және қылқобызбен қоса қолданған. “Аса” деген сөз өзбектерде – “асой”, ұйғырларда – “hасса” делінеді, ертедегі түркітердің “хасса” деген сөзінен шыққан, ол таяқ дегенді білдіреді. Тегінде, “асатаяқ” мағанасы бірдей екі сөзден қосылған болу керек. Этнографтар асатаяқты суреттеп жазған кездерінде оны “посох”, “жезі”, “трость”, “костыль”, “колба”, “оса”, “муса - оса” деп түрліше атаған.

Бұл аспапты бақылардың пайдаланғанын этнографиялық еңбектерден көреміз. Халық музыкасының белгілі зерттеушісі Р.А. Пфенниг бақының ауруларды “емдеп” сарнағанда көне асатаяқты өз даусына қосып салдыратқаны жайында жазады. Зерттеуші-ғалым әуелде бақының қылқобызда қалай ойнағаны баяндайды, онан соң асатаяқтың салттық музыкамен тығыз байланыста ұрып ойналатын аспап ретінде қолданғанын жазады Р.А. Пфенниг былай дейді: “Бұған колбаны да жатқызу керек, оның да ұшына қоңыраушылар немесе төрт бұрышты тақтайшаға бекітілген темір сақиналар ілінеді. Бұл аспаппен бақы өз даусы сүйемелдейді”.

Қоңырау – бұрын халық өнерпаздары көп қолданған музыкалық аспап. Ол халық әндері мен күйлерін сүйемелдеу үшін қолданылған. Оны қылқобызшылар сондай-ақ бақыларда пайдаланып келген. Домбырашылар мен қылқобызшылар қоңырауды аспаптың басына, мойына немесе шынақтың ішіне іліп қоятын болған. Керек кезінде музыкант аспапты сілкіп қалса болды қоңырау сыңғыр қағып қоя береді де музыканы құлпытта, түрлендіре түседі. Ал шаңқобызда ойнаған әйелдер шағын қоңырауды саусақтарына іліп алатын болған. Мұндайда қоңыраудың дауысы шаңқобыздың тілшесін тартқылап отырған саусақтың қимылына орай шығады. Бақылар қоңырауды асатаяқ пен қылқобыздың басына ілген, сөйтіп оны өздері емдік жораларын орындағанда кезде орындаған. Олар ара-арасында қоңырауды сілкей отырып қылқобыздың үнін немесе өзінің сарнаған дауысын күшейте түсетін болған.

Ән-күй арқылы әдет-ғұрып, дәстүр, салт- сана ұрпақтан ұрпаққа ұлттық музыкалық аспаптар арқылы жетті. Көшпелі халқымыз ән-күйді рухани мәдениетіне қызық ете білді. Әлдилеген сәбиден бастап қартымызға дейін қаныш пен мұңын музыкалық аспаптар арқылы жеткізді. Бесік жыры, қыз ұзату, келін түсіру, сүндет той, т.б. ойын-сауық пен ән-күймен әсерленіп отырды. Әсіресе лирикалық күрделі музыкалар орындаушылығы жағынан мықты шеберлікті қажет етті. Қазақ халқының ақын, жырау, жыршы, күйші, әнші, өлеңшілері музыкалық аспаптар арқылы ұлттық музыкалық мәдениеттің негізін қалады.

Бүгінгі заманға дейінгі келіп жеткен ақындар айтысы, күйшілер сайысы, кәсіби өнер қайраткерлерінің қалыптасуына ықпал етті. Өнер сайысының әсері кәсіби

орындаушылардың шеберлігін ұштауға, репертуарларын жаңа шығармалармен байытуға бағыт берді. Көне заманнан бастап қазақ халқы музыка саласында елуге жуық әр түрлі аспаптар қолданғандығын музыка зерттеуші ғалымдар дәлелдеген.

XIX ғасырда өмір сүрген халықтың күйші-компазиторлары Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәтімбет Қазанғапұлы, Ықылас Дүкенұлы, Қожағұлұлы, Мұхит Мералыұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Жаяу Мұса Байжанұлының шығармашылық жетістіктерін атауға болады.

Қазақ халқы музыкалық аспапқа өте қабілетті халық екендігін қазақ музыкасын зерттеген ғалымдардың бірі А. в: Затевич айтқан болатын.

Халық музыканттарының шығармашылығы музыкалық аспаптардың күрделі жаңа түрлерінің шығуына байланысты жаңа мазмұнмен байи түсті. 1934 жылы Халық шығармашылығы қайраткерлерінің бүкіл Қазақстандық I слеті өткізілді. А. Жұбановтың қолдауымен Қазақтың халық аспаптар оркестрі ұйымдастырылды. 1944 жылы оркестрге ұлы күйші Құрманғазы есімі берілді.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. Ұрмалы және соқпалы музыкалық аспаптарға қандай аспаптар жатады
2. Шерпелі және ыспалы аспаптарды ажыратыңыз
3. Үрлемелі музыкалық аспаптарды жітеңіз
4. Музыкалық саз аспаптарға байланысты қандай наным-сенімдерді білесіз
5. Қандай аңыз-әңгімелерді білесіз

Әдебиеттер:

1. История казахской музыки в 2-х т. Редкол. Г. Жубанова, Г. Джуманалиева, А. Темирбекова, А. Ибрашева. А., 2000,
2. Қазақтың музыкалық аспаптары. А., 1998
3. Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары. З.С. Жәкішева А., 2008
4. Сарыбаев Б.Ш. казахские музыкальные инструменты. А., 1978
5. Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. А., 2002.
6. Медеубекулы С. Домбыра. А., 1996.
7. Ерзакович Б.Г. Музыкальные наследие казахского гарода. А., 1979.
8. Г.Омарова. Кобызская традиция. Вопросы изучения казахской традиционной музыки. А., 2008.
9. Жанибеков О. Эхо. А., 1991.
10. З. Жәкішова. Аспаптану. А., 2012.

11 ЛЕКЦИЯ. НАНЫМ-СЕНІМДЕР МЕН ЫРЫМ-ТИЫМДАР.

1. Бала тәрбиесінде қолданатын ырым-тиымдар
2. Үйлену кезінде орындалатын ырымдар
3. Шаруашылыққа қатысты наным-сенімдер мен ырымдар

АЛАСТАУ - оттың киелі қасиетіне сенуден пайда болған тазарту (арылу) рәсімі. Аластау қазақтар арасында байырғы, көне дәуірден келе жатқан көне анимистік, тотемдік сеніммен астасып келе жатқан наным, сенім деуге болады. Аластау дегеніміз - адамдарды бәле-жаладан, көз тиюден, сұқ көзден аман-есен болсын деп әртүрлі ырымдар жасау. Қазақтар арасында аластау негізінен оттың көмегімен жасалады. Ауру-сырқаудың бәрі адамға жын-шайтан, албасты, әзәзіл перілердің соғуынан жабысады деп саналғандықтан, әрбір көшкен сайын киіз үйді де аластайды. Бұл пәле-жала, ауру-сырқау, жын-шайтан, тіл-көз болса кетсін деген наным-сеніммен жасалады. Аластау ғұрпы от тұтатып онымен бесікті, босағаны, тағы басқа жерлерді аралата дұғалап, «алас, алас, ауру-сырқаудан алас», «тіл мен

көзден алас» деген сияқты тілек сөздермен жасалады. Мұны жөн білетін, ем-домнан да хабары бар ана, әжелер атқарады. Аластау сонымен бірге, тазалық пен амандықтың да кепілі ретінде қолданылады. Аластау ырымын қазақтар тек адамдарға, шаңыраққа ғана емес малға да жасаған. Малға қандай да бір індет келгенде отпен аластаған. Қыстаудан жайлауға алғаш рет көшкен кезде бірінші күні қыстаудың маңына, 5-6 шақырым қашықтау жерге жол бойына аялдайды. Одан соң әрі қарай қозғалғанда жолдың екі жағынан үлкен екі от жағады, әйелдердің жасы жағынан үлкені *«қабақ сынды қайғы кетті»*, - деп дауыстап айтып, қабақты сындырады. Бұл ырым қыстан аман-есен шыққандарына тәубешілік етулерімен байланысты. Содан кейін оттың арасынан жүк тиелген түйелерді қос-қостан өткізеді. Бұл жүк көліктерін қаскүнем рухтар мен жын-шайтаннан аластау үшін жасалады, өйткені олар көшпен ілесіп шығып, анди алмай, отта қалып қояды деген сеніммен жасалады. Сол оттан ерлер мен әйелдер «алас, алас» деп дауыстап айтып секірген. Осылайша өздерін отпен тазалаған. Содан кейін барып, мал сойып, құдайы тамақ береді, малды соярда бата оқығанда «ескі жұртта есіркедің, жаңа жұртта жарылқа», - деп Аллаға сыйынып, қыстан аман шыққандарына тағы да тәубешілік білдіреді. Бұл ырым көшпеліліктен отырықшылыққа ауысу кезеңінен бастап жойылған. Келін босаға аттағанда аруақтарға арнап отқа май құйғыздырады. Отқа май құюдың астары көне шамандық діннің қалдығының қазақтар арасында сақталып қалуынан көрінеді. Келіннің енесі май құйылған отқа алақанын қыздырып алып, келіннің бетін сипайды. Бұл келіннің жүзі жылы, өзімізге ыстық болсын дегені. Қазақтар ұғымында от үйдің жарылқаушысы, ошақты түтетуші саналып, от ерекше құрметтелген. Жын-шайтандар жоламасын деп, жаңа тіккен үйді, бесікті отпен аластаған. Үй ішін аластау үшін кептірілген адыраспан шөбін тұтатқан. Ал, бақсы-балгерлер науқасты емдеген кезде шын-шайтандарды отпен қоса, пышақ, қанжар, қылыш көмегімен қуалап, аластаған. Шын-шайтандарды аластап, қуалау үшін алдымен аруақтарын, пірлерін, жындарын көмекке шақырған. Өртүрлі сыртқы күштерден сақтану мақсатында «аластау» ырымы қазір де қазақтар арасында кеңінен қолданылады.

ШАШЫРТҚЫ - қойларды қашыру кезінде жасалатын ырым. Бұл ырымды әйелді қойларымыз егізден қозыласын, төл мол болсын, деген ырыммен жасаған. Шашыртқы ырымы «шашу» шашуды білдіреді. Қошқарды қойларға салғаннан кейін жасы үлкен беделді деген әйел ауыл әйелдеріне тәттілерімен шәй берген. Осы шәй беру ырымы шашыртқы деп аталған. Ә.Диваевтың *«Қазақ шаруашылығында үй жануарларын ұрықтандыру»* атты жазбасында өте сирек кездесетін, шашыртқы ырымының жасалуы туралы былай деп жазады: «...Күйек қошқардың белінде жүреді, бірнеше күндер болғанда қошқардың күйек алар уақыты болады. Не себеп десеңіз, қой түбінде бес айда туып қозылайды. Әлгі бес айды есептеп, қыс тоқсанын шығарып, қой қозыласын, - деп, болжалдап, күйекті алады. Күйектерін алғанда ырымдап, бір жақсы күні түнде әлгі қошқардың біреуінің күйегін байдың әйеліне, бәйбіше әйелге немесе байға қошқардың басын ұстатып қояды. Қошқардың белінен күйекті шешеді. Бәйбіше дамбалын төмен сыпырып жібереді. Бұл ырым қойлар тез күйлесін деген және де ұрғашыласын деген ниетпен жасалады. Бай болса, бәйбіше әйел күйекті шешіп жатқанда айтады: сідігің алтын болсын, сүрген қойларың тоқтап биқадық (буаз – Т.К.) болсын, - дейді. Онан соң қошқарды саулық қойға аралатып қоя береді. Бәйбіше үйіне келіп, әйелдерге шашыратқы, яғни шашу таратады. Әйелдерді жинап шәй-тамақ береді. Бұл да қойларым ұрғашылап қозыласын деген ниетпен жасалады...». Қазіргі уақытта бұл ырым қолданыстан шығып қалған.

КИІМГЕ ҚАТЫСТЫ СЕНІМ-НАНЫМ ЫРЫМ-ТЫЙЫМДАР. Киім киюдегі «ереже, этикеттер» немесе ырым-тыйымдар аса мол және сан алуан болып келеді, киімге қатысты әрбір қалтарысқа дейін қамтитын үлкен бір үрдісті құрайды. Жаңа киім кешекті бисмилла деп киеді. Өйткені, базардан әкелген беті үйге қоя салса, түнде шайтан киіп ойнайды. Шайтан киген киім адамға бұйырмайды деп жориды. Қазақтың салт-дәстүрлерінде киімнің алатын өзіндік ерекше тәлім-тәрбиелік ережелері де бар. Мысалы қасқыр ішікті жиырма беске толмаған жастарға киюге болмайды. Себебі жастық жалыны мен тері қызуы жігіттің күшін қайтарады немесе ауруға ұшыратады. Сол сияқты екі адам боранды күнде адасып,

қасқыр ішікті адамның жанындағы кісі үсіп өлсе, онда өлген кісінің туыс-туғандары қасқыр ішікті кісіден құн даулауға хақысы бар. Өйткені бір қасқыр ішік екі адамды суыққа бермейді. Дала заңы осылай. Бас киімді қастерлеп, биікке іліп қояды, сондай-ақ бас киімді себепсіз біреуге бермейді, «бастағы бақыт ырыс кетеді» деп ырымдалады. Дене киімін кигенде оң қолдан бастап киіп, сол қол сол жақтан бастап шешеді. Бұл діни рәсімге де саяды, әрі жақсы ырым саналады. Оң жақ ырыс жағы болмақ. Киімді қысқа кимейді, ұзын киеді. Қысқа кесе, иесінің ғұмыры қысқа болады деп ырымдайды қазақта. Ал ұзын кесе қолайсыз, шаруаға икемсіз. Ит көйлекті балаға жаны иттей берік болсын деп кигізеді. Жеңсіз, жеңі жыртылып түскен киімді кимейді. Аруақты еске алады деп тыйым еткен. Әйел-еркек бір бірінің киімін кие бермейді. Тек ерлі зайыптылар ғана бірінің киімін киеді. Еркек әйелдің киімін кесе, еркектігі сөнеді, рухы жасиды, өсекші болып кетеді. Ер адамның киімін тебуге болмайды, жерде жатқан киімдердің үстінен аттауға болмайды. Ер адамның киімдері қасиетті деп есептеледі. Күйеуінің киімдерін тепкен әйелдің шабына жара шығады. Қандай да бір киімді біреуге садақаға берерде оның түймесін алып қалады. Көнерген киімнің жағасын жерге тастамайды, аяққа баспайды, тек отқа тастайды немесе қырқып алып сандықта сақтайды. Аяқ киім кигенде оң жақ аяқтан бастап киіп, шешкенде сол аяқ киімнен бастап шешетін ырым бар. Аяқ киімді теріс кесе «кісі теріс бағынып, жолы болмай қырсығып қалады» дейді. Аяқ киімді төрге қоймайды, себебі «бақ қайтады» деп ырымдайды. Аяқ киімді тұрып киюге болмайды. Тек басын іс түскен кісі аяқ киімді тұрып киеді. Аяқ киім төңкеріліп қалса иесі қайғыға ұшырасады деп ұйғарылады. Шешілген аяқ киімдер бытыратып шашылып тасталса олардың иелеренің «жолы кесіледі» жаман ырым болады дейді. Киімді солға қаусырыну, кимешектегі өңір жиек, камзолдың шалғайына, етек-жеңіне оқа тігу – адамда табиғаттан тыс күштердің салқынынан сақтайды мыс, қыздардың, сал-серілердің, жасөспірімдердің бас киіміне үкі тағу дәстүрі бөгде көзден, пәле-жаладан аулақ етеді – міс деген түркі-қыпшақ нанымынан туған жағдай. Еркек те, әйелде сыртқы киімдерін желбегей жамылып жүрмейді, жеңін киіп жүру керек. Себебі, аруақтар ғана жеңсіз кебін желбегей жамылып, үйге кіреді деп ырымдайды екі өолын жоқ мүгедектер сондай болады деп жаман ырымға жориды. Асырап алатын баланы туа сала киім етегіне салып әкетеді. Әйел босанарда қыз баланың көйлегінің етегін жыртып, ұл баланың шалбарының балағын тіліп қояды. Бұл толғақ жеңіл болсын деген тілек–ырым болмақ. Мылтығы қырсыққан аңшы *өз киімін атып* қырсығын шығарады. Қырсыққан пәле басқан денесінен өз киімін ату арқылы пәлені айдап шығарады. Өлген кісінің имам киізі таза жерде сақталу тиіс. Өйткені қырқы берілгенше аруақ дәметіп, өзінің үйіне келіп жүреді, лас киізді көріп, ренжімесін деп жориды. Қазақ бұрын арнайы түрде қаралы киім тікпеген. Әйелдер, әдетте, бұрымын тарқатып, шашын жаятын да киімдердегі әшекейлерді алып тастап, иығына қара жамылған. Еркектер сұр түсті шыт пен сәтенен қаралы белбеу буынатын. Басқа қара орамал орамайтын себебі қара орамал - қазаның белгісі деп есептеуден туған. Қазалы күні өлімге келген ауыл адамдары қызыл-жасыл киім кимейді. Әйелдер жалтырауық бұйымдар қадамайды. Жаңа түскен келін өзінің киімін өз бетінше қысқарта бермейді. Өйткені, бұлай еткенде дүниеге келетін нәресте кем туылады немесе түсік боп түсіп қалады деп ырымайды. Баланың ит жейдесін далаға тастамайды, біреуге бермейді. Себебі нәрестенің бақыты сол жейдені киген күннен басталады, сол жейді сол бақытты сақтайды деп жориды. Бұрын дауға, жауға барған батырлар баланың ит жейдесін қойынына тығып алып жүрген. Бойына бала бітпей жүрген әйел баланың ит көйлегін ырым етіп қалап алады. Еркек кісі әйелдің іш киімін жумайды. Бұлай істесе сағы-сынады, кір суындай көңілін кір және нас басады деп тыйым салады. Киімді сілкіп киген жөн өйткені киімге жабысқан улы жәндіктер болса ұшып түседі. Қыздарға ер баланың киімін киюге болмайды. Ер баланың киімін кию жаман ырым саналады. Халық түсінігінде киімге қатысты ірілі-ұсақты ырымдар мен тыйымдар өйте молынан ұшырасады: мәселен, адамның үстінен киім өлшесең біреу қайтады; үстіге киім киіп тұрып түйме тағуға, жыртылған жерді тігуге болмайды, «ақылын қоса тігеді» деп тыйым еткен. Егер байқамай киімдеріңіздің бірін теріс киіп алсаңыз таяқ жейсіз, болмаса сөгіс естисіз. Бұл әсіресе

балаларға байланысты. Егер бір жаққа шаруамен барғалы тұрып сырт киімдеріңіздің сол жақ жеңін бірінші кисеңіз-онда жолыңыз сәтсіз болады. Қазақтың ұлттық киім-кешегіне қатысты мақал-мәтел, нақыл, тәмсіл, теңеу, ұлағатты сөздерден киімнің адамның әлеуметтік-ауақаттық (дәулеттік-мүліктік) деңгейін, кәсіби жігін, отбасылық-жастық өзгешелігін, сайып келгенде қоғамдық қатынастардың реттеуші, ақпараттық белгі міндетін атқаратындығын айтады. Айталық «Адамның кәрісі, киімнің жаңасы жақсы», «Танитын жерге бай сый, танымайтын жерге тон сый» деп киімнің мәртебесін асырса, төменгі әлеуметтік жікке тән киім туралы «Етегі жаман төрді былғайды», «Көк етіктің менсінбей жүріп, Көн етіктің тап болған», «Жарымаған шақайшы», «Шұлығы шыққан, тойтық етік, салпы етек жарлы», «Етігі жаман төрге шықпас, жеңі жаман ас іше алмас», «Шақырмаған тойға барғанша, Тон киіп тойға бар», «Жаманды жақсы десең бөркі қара қазандай болады» деп кемсітеді. Киім тігу, соның ішінде етік тігудің машақаты еңбекті көп талап ететіндігі туралы - «Ұялмаған әнші болады, ерінбеген етікші болады» десе «Той тондынікі», «Кеңеспен пішкен тон келте болмас» деп бағасын асырады. Әр киімнің өзіне ғана тән пошым мен пішімі туралы «Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз болмайды», «Ақ сауыттың жағасы бар жеңі жоқ», «Кеңес қылған ел азбайды, кең пішкен киім тозбайды», «Ежелгі дұшпан ел болмас, етекпен кесіп жең болмас» дегендей мәтел сөздер ғибрат етеді. Суықта қорғаныш тері киімнің құнды екендігін «Тоғыз қабат торқадан тоқтышағымның терісі артық», «шапанға таяқ өтпес», «Тон кимеген тон кесе, сілке-сілке тоздырар», «Битке өкпелеп тоныңды тастама» «Ат сатсаң ауылыңмен ауылың болмаса бөркіңмен ақылдас» және т.б. мақал-мәтелдер өнеге етеді. Көрген көздің жауын алатын киімдегі әсемдік пен көркемділік әсері дана нақыл сөздерінде де былайша көрініс тапқан: «Ең жақсы әдет-халқының әдеті, ең жақсы киім-халқының киімі», «Асыл шапанды асылмен астарда», «Алтын шекпен ерге жарасар, алтын кісе белге жарасар», «Бөрік-адамға көрік», «Кісі киімді көркемдесе, киім кісіні көркемдейді», «Зер шеккен тонды аяққа баспа» және т.б. Мал далада түнеше қойшылар «қасқырдың жағын қарыстыру» ырымын жасайды. Ол үшін тымақтың сол жақ бауын «Ит-құстың жағы қарысын» деп үш рет түйеді, немесе қойшы дамбаалының сол жақ бауын осы сөзді айтып үш рет түйеді. Ұлтаракты етікке салмай тұрып, ұлтарактың алдыңғы жағы, яғни жол бағытына қараған басын бойлата тіледі. Мұны ұлтарактың иесінің «жолын ашу» дейді. Жолы ашылған ұлтаракты етікке салып киеді, ол аяқты сыз-суық өтпеуден, аяқты терлетпеуден сақтайды. Тіл сұқ тиген баланы ұлтаракпен үш мәрте ұрса, ұшығы шығып айығып кетеді деп есептейді қазақтар. Киім төңірегіндегі ырым-тыйымдар мен жора жосындар оны тұтынушы адамның жеке басындағы қасиеттерді ата-бабадан келе жатқан тіршіліктегі күш беріп, бақыттылықты қамтамасыз етуші фактор «құт пен берекемен» астартыра үстемелей отырып, тіршілік ырғағын сәтті де, мәнді етуге бағытталады әрі ұлттық мәдени моделін реттеп, оның ырғақты қалыбын қамтамасыз етуге бағытталады.

АСТЫҚТЫ САҚТАП, ҚОРҒАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР. Қазақстанның барлық өңірінде қуаңшылық пен су тасқындарының болып тұруына байланысты, құдайға жалбарыну болған. Осы күні де бұл әдет-ғұрыпты дінге сенетін диқаншылар сақтайды. Барлық жерде тасаттық беру мен дұға оқу тәртібі жалпы бір болған, кей бөліктерінде кішкене өзгешеліктері болған. Дұға оқу мен құрбан шалу суаттың қауым адамдарының жиналуымен өткізілген. Арнайы мал сойып, жеті нан (шелпек) пісірілген. Жалпы басқаруды ауыл ақсақалдарына тапсырған. Малдың қанын суға ағатындай етіп, ұстап тұрып сойғанда: «бісіміллә аллаһу әкбар! Жынның көп үшін құдайы!» деп бастаған. Осы малдың етінен палау немесе өлім ботқа жасаған. Өзбектер «халым» деп атаған. Тамақтан кейін аруақтарға арнап құран оқыған, құдайдан жауын-шашынның мол болуын тілеген. Егер тасалдық жұма күні өткізілсе, жұма намаз міндетті түрде оқылған. Тасаттық бергенде, күткен жауын болмай қалатын да күндер кездеседі, бірақ соған қарамастан бұл сенімге сенген. Ақтөбе облысының егіншілері жер жырттып болған соң, сабан – той ұйымдастырған. Әйелдер жауын-шашын мол болсын деп, ауылға оралған диқаншылардың үсті су болғанша, құятын. Соңғысында той-думанмен аяқтайды. Қостанай, Қарағанды облыстарындағы экспедицияда

этнографтар Р.Д. Ходжаева мен В.В. Востровтың байқауынша, Дикан – бабаның құрметіне Көк жағыс мейрамын ұйымдастырып отырған. Бұл мейрамды егіс енді көктеп келе жатқан кезде бастайды. Құрбандыққа шалған қанымен егістікті бүркеп өтетін, яғни пәле – жаладан, ауыру мен арам шөп басып кетуден аман болсын деген ырыммен. Қарттардың батасын алып, тасаттық береді. Құдайдан және Дикан бабадан жауын-шашын сұрап, дұға оқыған. Егінге көз тимесін деп, малдың терісін сырыққа іліп қояды. Сонымен қатар егіншілер егіннің ортасына малдың бас сүйегінің қаңқасын іліп қоттын болған. Бұл да тіл – көзден аман болсын деген ырым. Малдың бас сүйегінің қаңқасын бақшада, атыздарда іліп қою қазірде кездеседі және кең таралған. Орақ кезінде күрделі әдет-ғұрыптар қолданбаған, тек алғашқы астықтың түсімінен көже пісірген. Шу өңірінің қазақтары бұл әдетті қолданатыны туралы Л. Чермак: алғашқы түсімнен көже пісіріп, оны ішеді де, аруақтарға арнап құран оқиды. Солтүстік облыстарда егін оруды әйелдер де шыға алады. Ал оңтүстік облыстарда әйелдерге шығуға болмайды. Егін басталар кезінде балалар жануарларға арнап өлең айтады екен. Мысалы:

*Оптыр майда, оп майда,
Майда болмай болмайды.
Сабаны саған пайда
Дені маған пайда.*

Немесе:

*Оптыр майда, бидай пайда,
Диқан баба, майда-майда
Береке бер, құдай-ау, көп-көп пайда.*

Астықты суыру үшін жел болмаса, → **желдің қожасын Мірхайдарды** айқайлап шақыратын болған. Сырдария бойының қазақтарында желдің өз пірі болған. Оны **Жалаңаш ата** деп атаған. Қырманға келгендер жұмыс істеп жатқан егіншілерді *Қырман тасысын, обаны ассын!* деп қарсып алып құттықтаған. Дән суарушылар осылай қарсы алғандардың алғашқыларына бір кепсен дән брген. Мұнан басқа түрі, кейде әйелдер қырман басына ыдысқа пісірілген ет салып әкелетін, ал егіншілер ауыз тиіп, ыдыстарын бос қайтармайтын. Бастырылған, суарылған және тазаланған астықты қырманның ортасына үйіп қоюды састап қою, қыылдап қою, састап қою деген. Оңтүстік облыстарда қолданатын тағы бір, әдет-ғұрып қырманды қандау. Дикан – бабаға арнап, құдай жолы деп қырман басында қой сояды. Сенім бойынша жерге қан сіңсе, аруақтар риза болады деген ырым қалыптасқан. Қарттардың айтуынша, бұл әдет-ғұрыпқа көбінесе еркек қойды сойған. Қырман тойға халықты шақырып, әлем ботқа пісірген, мұны көбінесе өзбектер мен қырғыздар да істейтін болған. Соңында құдайы қабыл болсын деп, құран оқиды. Қазақтағы егіншілікке байланысты әдет-ғұрыптар мен діни сенімдердің негізі республикадағы этнографиялық экспедиция негізінде иналған материалдардан тұрады. Осы жерде қазақтың суармалы орта азиялық егіншілік мәдениетімен тығыз байланысты. әсіресе әдет-ғұрыптардың, ырымдар мен сенімдердің ұқсастығы кездеседі. Сонымен қатар егін шаруашылығын жүргізуде әдістердің бүкіл территорияда біркелкілігі, тоқыраушылыққа және де көне дін сенімге бой ұрып кеткендігін көруге болады. Мұндай біркелкілік малшылардың әдет-ғұрыптарында да кездеседі. Қырманға астық бастырар алдында егінші Дихан атаны еске алады да, бір шайнам дәнді ауызға салып: *Дән дәмді болсын, ішер көбейсін* деген тілек айтып барып іске кіріседі. **АЯҒЫ АУЫР ӘЙЕЛГЕ САЛЫНАТЫН ТЫЙЫМДАР** - бала дүниеге келмес бұрын, әйел бойына біткеннен бастап жасалатын ырымдар да бар. Құрсағына бала біткен әйелді «екіқабат», «жүкті», «аяғы ауыр», «құрсақ көтерді», «іші білінді», «көжеге тойды» деп қатты қадірлейді. Аяғы ауыр әйелге салынатын тыйымдар: ауыр жүк көтертпейді; түнде су алуға жібермейді; тысқа түнде жалғыз жібермейді; асау, басықпаған көлікке мінгізбейді; күлді басуға болмайды; айға, күнге, зиратқа қарап дәрет сындырмайды; суық сумен дәрет алуға болмайды; баланың кіндігі мойнына оралып қалмауы үшін арқан, жіп аттауға болмайды; туғанда нәрестенің ерні жырық болмас үшін қоянның етін жегізбейді; тоғыз айдан артық құрсақ көтермес үшін түйенің етін жегізбейді; аңшының, балықшының

олжасын жегізбейді; баланың дауысы нашар болады деп, балық етін жегізбейді. Аяғы ауыр келінге қойылатын тыйымдардың барлығы, халық түсінігі бойынша, жүкті әйелді жын-жыбыр, пері, албастыдан сақтау ырымымен байланысты болған. Сондықтан да қазақ «етегіңнен таза бол» дейді. Таза жерге жын-шайтан үйір болмайды, ібіліс лас жерге әуес болады деп келінге өзінің бойын, төсек-орнын таза ұстап жүруін ескерткен. Түнде суға барсаң, су перілерінен шошып, бала түсіп қалады деген ұғым болған. Айға табынатын дәстүрге байланысты түнде басыңнан орамал тастама, аймен жағаласып түнде далаға шықпа деп үйреткен. Аңшының, балықшының олжасын екіқабат әйелдерге жеуге болмайды. Себебі осы уақытқа шейін халық арасында аңшылар мен саятшылардың, балықшылардың түзу мылтық (садақ, сақпан), қанды қақпан, т.б. құрал-саймандарына, қару-жарақтарына тіл, қыз тиеді, бұзылады деген наным-сенім сақталған. Әсіресе қақпанға түскен, мылтықпен атып алынған аңның, құстың етіне жерік болған әйел жеп қойса, онда мылтық немесе қақпан «бұзылады». Сондай-ақ, бала туылғанда кіндігі мойнына оралып қалмасын деген ниетпен келінге ала арқанды аттама, итке кет деме деген. Екіқабат қазақ әйелдеріне салынатын ырымдар мен тыйымдар: іштегі баланың өмірін қысқартады деп екіқабат кезінде шашын қимайды; қараңғы болғанда үйден жеке өзі шықпайды, біреулермен бірге шығуға ғана болады; жерлеуге бармайды және отбасында бақытсыздық болған адамдармен кездеспеуге тырысады; күйеуі үйде болмаған кезде екіқабат әйелді туыстары жалғыз қалдырмайды.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. Бала тәрбиесінде қолданатын ырым-тиымдар
2. Үйлену кезінде орындалатын ырымдар
3. Шаруашылыққа қатысты наным-сенімдер мен ырымдар

Әдебиеттер:

1. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1 том. Біртұтастығы және ерекшелігі /Құрастырған С.Әжіғали/ – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005.
2. Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований и семейной обрядности казахов. – Алма-Ата, 1991.

12 ЛЕКЦИЯ. ХАЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ ЖӘНЕ АСТРОНОМИЯ.

Мақсаты: Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ата-баларымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігінен жинаған білімдер жүйесін ашып көрсету.

Шартты сөздер: халық календары, ай есебі, күн есебі, мүшел есебі, амал, ай есебі.

Сұрақтар:

1. Қазақтардың календарлық білімдер жүйесі
2. Қазақтардың астрономиялық ерекшеліктері
3. Киелі күндер жүйесі

АМАЛ - әр жылдың он екі айындағы табиғат құбылыстарына байланысты халықтық қағидаларда қалыптасқан болжамдардың атаулары мен реттері. Жылдың әр айлары мен тоқсанында болатын ауа райындағы және табиғат өзгерістері мен құбылыстарын дала халқы әркез назарына ұстап, оған ат қойып, айдар тағып, бата беріп отырған. Мұндай жайларды үнемі қадағалап, болжап және оны күнілгері хабарлап тұратын жұлдызшылар да болған. Амалдар наурыз айынан басталады. Мәселен, екі айдың арасын **“өлара”** деп атайды. Осы арқылы алдағы айға болжам жасалады. Наурыз айының соңғы күндерінде жыл құстары да ұшып келе бастайды. Құстардың келуімен аралас қарлы жаңбыр, суық жел тұрады. Мұны ел **“күс қанаты”** деп атап амалға жатқызған. Көктемде наурыз айында, кейде сәуір (көкек) айында қар күрт еріп, жер лайсаң болып, шаруашылыққа қиын күндер туады. Осындай жайсыз, қолайсыз мерзімді **“аласапыран”** дейді. Жыл аяғында, яғни наурыз айының 17-21 күндері аралығында болатын жауынды-шашынды, суық, әрі лайсаң мезгіл **“бесқонақтан”** қатты сақтанып, күтініп отырқан. **Самарқанның көк тасы жібитін күн** деп Наурыз айының 22-ін айтады. Бұл күні Шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жыл басталады. Осы күні шығыста күн жылып, жер жібіп, ашық, шуақты мезгілдер басталады. Самарқандағы Ұлықбек обсерваториясына байланысты қағидаға айналған бұл сөз “көктем, жаңа жыл басталды” деген ұғымды білдіреді. Сәуір айының орта кезінен аса бере алғаш найзағай ойнайды, жаңбыр жауады, жер бусанады, оңтүстікте жаздың жайлы күндері, яғни **“Қызырдың қамшысы”** амалы басталады. Осы сәттердегі найзағайдың жарқылын халық **“қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті”** деп есептейді. Сәуірдің соңғы күндерінде 2-3 күнге созылатын суық жел соғып, **тобылғы жарған** амалы басталады. Бұл “тобылғы бүршік жарған” яғни, өсімдіктер тамыр жайды, алқашқы көк шыға бастады деген сөз. Мамыр айының алғашқы онкүндігінде дала (су) құстары балапанын шығара бастайды. Халық тілінде **“қызыл жұмыртқа”** деп аталатын осы кездерде 1-2 күнге созылатын суық болады. Мамыр айының аяғында болатын суық желді **“Құралайдың салқыны”** деп атайды. Өйткені осы желге қарсы киік өз құралайларын (баласын) аяқтандырып, жүгіртіп, өргізеді. Киік қанша көп болса да олар 2-3 күн ішінде түгелдей төлдеп болады. Маусым айының басында үркер мүлде көрінбей кетеді. **“Үркердің батуы”** деп осыны айтады. Осыдан кейін 40 күн шілде басталады. **“Үркер жерге түспей жер қызбайды”** дейді халық жұлдызшылары мен есепшілері. Маусым, шілде айында 40 күнге созылатын ыстық басталады. Осы аптапты күндерге орай халық арасында **“қырық күн шілде”** деп аталатын халықтық календарлық атау пайда болған. **Үркердің толғағы** аталатын мал-жанға жайлы кезең шілде айының орта кезінде басталады. Бұл кезде үркер туады, жер құрғап, шөп буыны қатып, сарғая бастайды. Тамыз айының ортасында ауа райы салқын тартып, қою бұлт пайда болып, алғашқы күз нышаны біліне бастайды. Осы кезеңді **таразының тууы** деп атайды. “Таразы туса - таң суыр” деген мәтел осындайдан шыққан. Қыркүйек айының екінші онкүндігінде салқын басталады, жаңбыр жауады, түнде шөп басына шық түседі. Осы кездерде күндіз шуақты күндер де болады. Далада ұзыннан-ұзақ мизамдар шұбатылады. Мұндай жылы мезгілдерді **“мизам шуақ”** деп атайды. **“Сүмбіле туса - су суыр”** дейді халық қағидасы. Яғни қыркүйектің соңғы онкүндігінде күз келеді, суықты күндер, жауын басталады. Бұл **«сүмбіленің тууы»** деген амал. Қараша айындағы күс оңтүстікке қайта бастайтын уақыт **«қараша қаздың қайтуы»** деген амал. Бұл кезде алғашқы қар түседі, күн суытады. Қазақстанның солтүстігінде қыс ерте түседі. Желтоқсанның басында болатын алғашқы

аязды жұрт “Қырбастың қызылы” деп атайды. Бұл кездерде қатты аязды суықтар болады. Желтоқсанның соңғы онкүндігінде қазақ даласында қатты боран соғады. Дәл осы кезде киік текесі ұрғашы киіктерді қашырады және бұл 2-3 күн ішінде толық аяқталады. Сондықтан бұл кезең «**текенің бұрқылы**» деп аталып кеткен. Мамыр айының аяғында киіктердің лақтауы 2-3 күннен әріге созылмауы да осыдан. Халықтың айтуында “**күннің таласуы**” дейтін уақыт қаңтардың алқашқы күніне сәйкес келеді. Бұл кезде де ауа райы өзгереді, қар жауады немесе сырқыма жүреді. Қаңтардың соңғы күндерінде қыс күшіне енеді. “Тіпу” десе түкірік жерге түспейтін сақылдаған сары аяздар болады. Мұны қазақтар “**қыс шілдесі**” деп атаған. Ақпан айының қысы да ақырып келеді. Ат құлағы көрінбейтін борандар осы айларда күш алады. Ай аяғындағы сырғақ пен қатты боранды күндерде қасқырдың арланы мен қаншығы жұптасады. “Сырғақ” деп бұршақтан кіші мұзды қар түйіршіктерін айтады. Көпті көрген көне көздер бұл амалдың “**бөрі сырғақ**” деп аталуы да осыдан шыққанын айтып отыратын.

АЙ ЕСЕБІ - халықтың жылды он екі айға бөліп, санауы. Бұл тым ертеде қалыптасқан дәстүр. Әр айдың атаулары жыл мезгіліне, табиғат құбылыстарына, халықтың ұғымы мен салт-санасына сай белгіленген. Мұның шаруашылық, экономикалық, астрологиялық жағынан да маңызы бар екенін дала ғұламалары тағы ескерген. Ежелгі астрономиялық бағдарда әр айға сәйкес жұлдыз аттары да бар. Ол «Жұлдыз ай» деп аталады. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында қазіргі айларды жұлдыз, ай атымен де атай береді. Әр айда табиғат құбылыстары мен өзгерістері де жиі болады. Халық оны «ай амалдары» немесе «амал» деп атап, желді, суық айларда қауіптеніп, оған қарсы күтініп отырады. Оны білетін халық есепшілері болған. Олар ауа райын дәл болжап, біліп, хабарлап отырған. Елімізде ай да, жыл да наурыз айынан басталады. Қазақтағы қыркүйек, тамыз, желтоқсан, мамыр т.б. ай аттары сол мезгілдердің өзіндік қасиетіне сай келеді. Халық әр айға сәйкес ұлттық ұғымдар, наным – сенімдер, мақал-мәтелдер қалдырған. Мысалы, *сәуір болмай – тәуір болмас, қараша – қауыс, кәрі-құртаңды тауыс, күн қаңтарда қарға адым, ақпанда ат адым ұзарады, сүмбіле туса – су суыр*. Қазақ: “*Ай құлақтанса – таяғыңды сайла, күн құлақтанса – күрегінді сайла*” дейді. Қазақтар дәстүрлі астрономиялық білімінде айдың туу ерекшеліктеріне қарап ауа-райын алдын ала келесідей болжаған. Ай қорланса күн жылы болады. Ай шалқасынан туса – қатты аяз болады. Ай қырынан туса – күн жылы болады деп жориды. Ай тік түссе, ауа райы мал-жанға жайлы болады. Ай мен Үркер тоғыс кезінде бір-бірінен алшақ болса, ауа райы мал-жанға жайсыз болады. Ай мен Үркер тоғыз кезінде бір-біріне жақын болса, ауа райы мал-жанға жайлы болады. Ай қораланса, қыс қатты болады. Ай шалқалап туса, ауа райы мал-жанға жайсыз болады.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. Қазақтардың астрономиялық білімдерінің ерекшелігін атаңыз
2. Киелі күндер жүйесі
3. Күн немесе 12 жылдық жануарлар циклын атап беріңіз.
4. Табиғат құбылыстары туралы түсінігіңіз.

Әдебиеттер:

1. Исаков М. Халық календары. Алматы, 1980.
2. Алимбай Н., Аргынбаев Х., Муканов М.С. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. –А., 1998.
3. Диваев А. Тарту. – Алматы, Ана тілі. 1992.
4. Куфтин Б. Календарь и первобытная асинономия киргиз-казахского народа. Этнографическое обозрение. 1916.№3.

13 ЛЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ

Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық ойындарының жүйесінің халықтың рухани өмірінен алатын орнын көрсету.

Шартты сөздер: асық, тобық, тоғызқұмалақ, көкпар, бәйге.

Сұрақтар:

1 Балалар ойындары

2 Қазақ жастарының ойындары.

3 Ересектер ойындары

Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, Спорттық, той ойындар, Тоғызқұмалақ Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширықтырып, шынықтырады. Этнограф—ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады. Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізділген.

АСАУКӨК – 1. Қысты күндері үй ішінде отырып жасалатын ойын-сауыққа да, ұлт дәстүріне де жататын қызықты кеш. “Асаукөк” әсіресе, құрметті қонақ, күткен құда келгенде үлкен-кішілердің бас қосуымен жасалатын бұл кештер ән, жыр, жұмбақ, жаңылтпаш айту, қол тұзақ, асық ойыны болады. Үлкендер әңгіме, өлең тыңдап, жастар өнер салыстырып, әзіл-қалжыңдар күлкі шақырып, жиналған ел адамдары көңіл көтеріп, бір сергіп қалады. Мұнда өнерлілер өз талантын танытып, үлкендер бата беріп, оларға ақ жол тілейді. Осындай ауылдың “асаукөктен” басталарын өнер жолында талапкерлер танылып, кейін олар белгілі мәдениет қайраткерлері ретінде танылған. 2. Ұлттық ойын. Бұл ойынды әр түрлі бас қосуларда үлкен-кіші, кәрі-жас түгел ойнай береді. Мұнда, алдымен бір жуан арқанды жерден 40 - 50 сантиметрдей биіктікте жалаң керіп, әрбір ойнаушы қолына 50 - 60 сантиметрдей ұзындықтағы бір таяқты алып, керген арқанның үстіне малдасын құрып отырып, қолындағы таяғымен біраз жер тіреп орнығып алғанша тұрады да, онан соң:

- *әне, кетті асау көк,*

*міне кетті асау көк.
үйретпесек болмайды,*

жылқымызда асау көп - деп өзі малдас құрып отырған арқанның астынан қолындағы таяғын оңнан-солға, солдан-оңға қарай алма-кезек өткізіп отырады. Соңында, арқанның астынан таяқты жығылмай отырып кім көп өткізіп алса, сол жеңімпаз болады. Ал, алғашында жығылып қалғандар ән айтып, би билеп өнер көрсетіп береді.

АСАУ МӘСТЕК – қазақ халқының ұлттық ойыны. Ойын жазық алаңда өтеді. Ойынды өткізу үшін күні бұрын арасы 1,5-2 м, биіктігі 1 м екі бөрене жерге қағылады. Енді екі бөренені үш-төрт айналдыра тартып, арқан керіледі. Жерге бір-екі тақия тасталынады. Осы жасаған құрал «асау мәстек» деп аталады. Арқан үстіне көрпешік төселеді. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынды басқарушы ойыншыларды шақырып, кез-келген ойыншыға асау мәстекке мінуге рұқсат береді. Асау мәстекке атша мініп отырып, рұқсат берілгеннен кейін, енді жерден тақияны алуға бағын сынайды. Басқарушы ойын қорытындысын шығарғанда қой ойыншы ережені бұзбай, үш қайталымның қорытындысында тақияны жерден көп рет көтеріп алса, сол ойыншы жеңімпаз атанады. Бұдан соң кейінгі ойыншылардың жүлделі орындарын анықтайды.

АСЫҚ ОЙЫНДАРЫ – көнеден келе жатқан ұлттық ойын. Бағзы замандардан бері қазақ балалары өмірде кездесетін түрлі заттардан өздеріне лайық ойыншықтар жасап, ойын түрлерін молайтып отырған. Әсіресе, қой, ешкі, тау теке, тау ешкі, арқар, құлжа сяқты жануарлардың асығы мен тайынша-торпақтың томпайларынан пайдаланып көңіл көтеріп, зейін-зердені ашатын сан алуан ойын түрлерін шығарған және тапқырлап отырған. *Асық қағу, қаршу, шұбырту, ұпай, ат жарыстыру, қошқар соғыстыру, мұз ойнақ, хан ойыны, аламан хан, үш табан, бүк-шік* және т.б. сондай асық ойындарының бізге жеткен түрлері.

Асық ату. Бірнеше адам ойынға қатысуға болады. Әр ойнаушы бір топ қой асықтан үлес қосады. Үлес пен асықтың жалпы санына шек болмайды. Тек ойнаушылар өзара келіседі. Асықты ойнаушылар кезекпен уыстап сырмаққа шашады. Мол асықтан біреуін хан немесе сақа деп белгілеп, алғаш шашылғанда хан қандай түрде түссе, сондай түрдегі асықтарды ханмен атып, бір бірден тереді. Немесе ұқсас түрде түскен асықтарды бірімен бірін атып, нысанаға алған асыққа тигізе алса оны ұпай ретінде жерден алып, қолына жинайды. Асық атқанда нысанаға көздеген асықтан өзгеге ханды тигізбеу, қозғамау, ұпайға алатын асықты тергенде басқасына қол тигізбеу сияқты қатал шарттар қойылады. Хан тәйке немесе оңқы түссе «хан таламақай!» деп сырмақта шашылған асыққа ойнаушылар таласады. Таламақайда бір де асық ала алмаған ойнаушы үшін «Таламақайда күпай жоқ» деп мысқылға айналдырады. Ал, таламақайда ең көп асық алған ойнаушы жеңіске ие болып, келесі ойынды бастайды. Асық ату барысында ең көп ұпай (асық) жинаушы жеңгенге есеп. Жеңілген ойнаушыға да қатал талап қойылады. Мысалы: Тоқинақ алу, қойтақым салу, көтеніне көк тоқал тығу сияқты айыптар (қатал әзіл) болады. «Тоқинақ» дегеніміз тоқыр бастың төбесіне жұдырықтың шор жерін батырып нұқу, «қойтақым» дегеніміз қылтаның арасына жұдырықты салып жан даусың шыққанша қысу, «көк тоқал тығу» деген күйрыққа суық мұз жүгірту деген сөз. Мұндай әзіл, қалжыңға тонның ішкі бауындай жақын, сырлас достар ғана шыдайды.

Асық қағу. Бірнеше бала ойнауға, екі топқа бөлініп ұтысуға болады. Әуелгі кезек алушы асықты уыстап, үйіріп, сырмаққа шашады. Сонсоң жалғыз сақаны жоғары лақтырып, ол төмендегенше жердегі бір ыңғай түскен (ыңғай алшы немесе бүге т.б) асықтарды жұбымен (екіден, төрттен, алтыдан т.б. неше жұппен теруді алдын ала келіседі) теріп үлгіріп, алақанымен уыстап, сақаны жерге түсірместен жаңағы жерден терген алақанындағы асықтардың үстіне түсіріп, терген асықтар мен сақаны қоса уысында ұстап қалу керек. Және жерден асық тергенде көздеген асықтан өзге, сырмақта шашылған асықтардың еш қайсысын қозғамауға міндетті. Егер сақадан айрылса немесе жерден жұбымен терген асықтардан бірі не бірнешеуі қолынан ұшып кетсе, басқа асықтар қозғалса ойын қуатсыз болып, келесі ойнаушыға кезек беріледі. Ойын соңында ең көп асық терген (ұпай жинаған) ойнаушы жеңіс алады.

Шұбырту. Екі немесе одан да көп асықты жоғары шұбырта лақтырып, сол кезегі бойынша жерге түсірмей уысына түсіру шарт. Бұл циркнің жонглер ойынына ұқсас,

Ұпай. Әр ойнаушы белгілі мөлшерде асық санап алып, одан бірнешеуін оң жақ уысына қысып, сұқ саусағын сырмаққа қояды да, әркім барлық ойнаушының оң уысындағы асықтың жиынтығының санын айтуға тиіс. Асықтың жалпы санын дұрыс тапқан адам барлық ойнаушының оң уысындағы асықты ұтып алады. Таппағандар өзінің үлес асығын осылайша әр кезекте тапқыр балаға беріп, өзі ұтылып құралақан қалады. Ойын соңында ең көп асық ұтқан адам жеңіске жетеді. Ұтылғаны ойыннан шығып отырады.

Ат жарыстыру. Ойнаушылар орталарына асықтан ұзын тізбек жасайды. Әркім тізілген асықтың соңына бір-бір асықты алшы түрінде қояды. Ол ойнаушының жарысқа түсетін «атына» есептеледі. Сонсоң ойнаушылар кезекпен төрт асықты немесе бір сақаны үйіріп тастайды. Сақа тек алшы түссе немесе төрт асық бірыңғай алшы (немесе тейке, бүге, шіге) түссе, әлде төртеуі төрт түрлі түссе асық үйіруші өз атын бір асық бойы ілгері қояды. Төрт асық қалай түскенде жеңіс алуды ойыншылар алдын ала келісуі керек. Осылайша ойнағанда тізілген асықтың басына немесе көмбеге» ең алдымен «аты» жеткен адам бәйгеде озып, жеңіс алады. Төрт асықты үйіргенде төртеуі төрт түрлі түсуді монғолдар «дөрвөн бэрх» төрт қиын) деп атайды. Төрт асықтың төрт түрлі түсуі де, бірыңғай түсуі оңай емес болғандықтан «төрт қиын» деп аталған. Монғол халқы төрт қиынның түсуімен келешекті болжайды. Төрт асықтың түсуі 35 түрлі болатын көрінеді. Монғолдардың көне наным бойынша сол 35 түрлі түсудің әр қайсысының шешуі, бағдары бар. Мысалы: төрт асық төрт түрлі түссе балың ең сәтті болғаны. Яғни ойлаған ойыңа мүлтіксіз жетесің, бірыңғай алшы түссе тағы солай. Бір алшы, үш шіге түссе тіл тию жолың болмауы ықтимал деген сияқты шешулер айтылады...

Қошқар (сақа) соғыстыру. Қыста мұз үстіне екі топқа бөлінген әуесқойлар екі жақтан, қарама қарсы отырып сақа соғыстырады. Сақаның орнына малта тас, кесек мұз да қолданады. Сақаны жіберерде: «Үйір-үйір тәйкем соқ!» деп айқайлап атады. «Қошқары» (Сақасы) шегініп құлаған жақ жеңіліске душар болады.

Мұз ойнақ. Мұзға асықтарды тізіп қойып, оны белгілі қашықтықтан көздеп ең шеткі асықтан бастап сақамен атып, ұпай жинау. Бұл балалардың қырағылығын сынауға бағытталған ойын. Үлкендер де ойнайды. Халық арасында асық ойынының

Хан ойыны. «Хан» ойыны асық арқылы ойналатын ойын. ол екі түрге бөлінеді. оның бірі «терме», енді бірі «аламан хан» деп аталады. Сол себепті, бұл ойынды ойнар алдында ойыншылар: «хан терме» ойнаймызба, әлде, «аламан хан» ойнаймызба деп келісіп алады. «Хан» ойынын ойыншылар негізінен бір жолда екі адамнан кезектесіп ойнайды. Екі-екіден, үш-үштен ойнауға да болады ... мұнда, әр ойнаушы бір реткі ойынға жеті асықтан жоғары асық қосып, одан сырт, үлкен, әдемі боялған асықтан біреуін хан сайлап, оны екі жақтың асығымен қосып араластырып, кілем, киіз үстіне шашып жібереді де, шашылып жатқан асықтың жағдайына қарай отырып үйіліп немесе бір-бірін басып түскен, қағып алуға қолайсыз асықтың бірін алып, оны жоғары лақтырып жіберіп, сол аралықта жерге шашылған асықтың бірін іліп алып, өзі лақтырған асықты жерге түсірмей қайта қағып алып, осы қағида бойынша асықты бір-бірлеп тере бастайды. Ең соңында жалғыз қалған ханды қолына түсірсе, яғни, ханды да қағып алса, ол жеңімпаз болады да, жеңген жағының басынан кертөкай алады немесе суға салған жүзікті Аузымен ілдіріп және ән айтқызып, күй тартқызады. Ал егер, ойыншы жердегі асықты теру барысында өзі қосқан асық санына жеткізіп ұлгірмеген аралықта, теретін асығы теру барысында басқа асықты қозғап кетсе немесе қолы жердегі басқа бір асыққа тиіп кетсе және лақтырған асығы жерге түсіп кетсе, онда асық ханталауға түсіп, екінші ойыншы жердегі асықты бірәк сыпырып алып, ойыншының қолындағы асығымен қосып араластырып-араластырып, жерге қайта шашып ойнайды. Егер ойыншылар теріп алған асық санын өздері қосқан асық санына жеткізіп алған соң, жоғарыдағыдай ойын шартына қиғаш келсе, онда оның қолындағы асығы ханталауға түспей, өз қолында қала береді де, ойынды серігі жалғастырады әрі ол да ойын ережесіне қиғаш келгенге дейін асық теріп әрі терген асығына ие болып қала береді. ойын

кезегін серігі алады. Осылайша ойын жерге шашылған асық таусылып, ең соңында ханды алғанға дейін жалғасады. соңында, терген асық сандары мен ханның кімнің қолында екендігіне қарай, жеңілген жағынан кертөқай алынады немесе оған басқадай ойын көрсеткізеді.

Аламан хан. Бұл ойын да асық арқылы ойналады. Онда, ойыншылар бір жолда екі адамнан алма-кезек (бірі қалса, екінші) ойнайды. Екі-екі, үш-үш, төрт-төрттен ойнауға да болады. Ойын тәртібі мынадай болады, яғни, ойынға қатынасушы әрбір адам әр реткі ойынға жетіден жоғары асық қосып, одан сырт, үлкен әрі әдемі бір асықты хан сайлап, оны ойнаушылардың асығына қосып араластырып, кілем, киіз сяқты таза жерге шашып жібереді де, шашылған асықтың жағдайына қарай отырып басбармақ немесе сұқ сәусәкпен ханға дәл тиеді-ау деген бір асықпен атып ханды алады да, ханды атқан асықпен оның маңайындағы тағы бір асықты атып алады әрі хан атқан асықпен үшінші рет тағы бір асықты атып, бұл рет атқан асығы мен атылған асығының қалаған біреуін алады да, ендігі жерде шашылған асықтардың кез-келген жерінен бір-біріне оңай тиетін асықтарды бір-біріне атып, қалаған бірін асық таусылғанша алып отырады. Егер ойнау барысында ойнаушының қолы немесе атқан асығы басқа асықтарға өзі ойынға қосқан жеті асығының санына жетпеген аралықта тиіп кетсе, қолындағы атып алған асықтарымен қоса барлық асық ханталауға түсіп, ойын кезегін екінші адам өткізіп алады. Ал, алғашқы ойнаушы атып алған асық санын (ханды қосып есептейді) жетіге толтырып алғаннан кейінгі жерде қолы мен атқан асығы басқа асықтарға тисе, онда қолындағы асығы ханталауға түспей өзінде қала береді де, ханталауға жерде қалған асықтар түсіп, ойынды екінші бір адам жалғастырады әрі ойында осы реттен бастап ойнаушы әр кезекте қанша асық атып алса, соншасына ие болып отырады да, соңында ұтқан асық саны мен ханның кімнің қолында екендігіне қарай қорытынды жасалып, ұтылғандардан кертөқай алынады немесе оларға ойын көрсеткізеді.

Үш табан. «Үш табан» ойынын бір жолда бірнеше балай ойнай береді. Онда, ойыншылар қолдарына бір-бір сақа алып, әр реткі ойынға бірден, тіпті, бірнешедең асық тігіп қояды да, мөлшерлі жерге барып, бір көлденең сызық сызып, сол арада сақаларын сайыстырып, сақаларының алшы тұру ретіне қарай әрқайсысы ойын кезегін алып, сызған сызықты баса тізілген асықтарды атады да, атқан асығын үш табаннан асырса ала береді. ал, үш табаннан асыра алмаса, ойын кезегі өзінен кейінгі серіктеріне беріледі. Ойын тәртібінде: асық атушының атқан асығы үш табаннан асқан-аспағандығын, асық атушы емес, қайта оның серіктері анықтайды. Бұл ойында балалар бір-біріне күпай салмайды және бір-бірінен кертөқай алмайды. Керісінше, әрбір ойыншы үш табаннан асырып атып алған асығы қанша болса, соншасына ие болып қала береді яғни ұтып алған асықтардың заңды иесіне айналады.

Бүк-шік. «Бүк-шік» - асық ойындары ішіндегі біршама қарапайым түрлерінің бірі. Бұл ойынды бір жолда бірнеше бала ойнай береді. Ойын тәртібі мынадай болады: ойыншылар қолдарына сақаларын алып, әр реткі ойын сайын бірден, тіпті бірнешедең асық тігіп қояды да, мөлшерлі жерге барып: «асықты осы арадан атамыз» деп бір көлденең сызық сызып қояды. онан соң, сақаларын сайыстырып (топтық үйіріп жерге тастап) сақаларының алшы тұсу ретіне қарай ойын кезектерін алып, сызған сызықты басып тұрып, тізіп қойған асықтарды дәлдеп тұрып атып қалады. Содан сақасы тиіп бірі бүге, бірі шіге түссе немесе сақасы алшы тұрып, тіккен асық бүге-шіге түсседе (тек тәйке түспесе болғаны) «келді» деп оны ала береді әрі ойынды да асығы қашан келмей қалғанға немесе сақасы атқан асығына тимей қалғанға дейін жалғастырады. Сақасы атқан асыққа тимесе немесе атқан асығы келмесе, ойын кезегін өзінен кейінгі ойыншы алады. Ойын осы тәртіппен жалғаса береді. Бұл ойында да ұтылған ойыншыдан кертөқай алынбайды және одан түрлі ойын көрсету талап етілмейді. Тек әр ойыншы қанша асық ұтса, соншасын иелеп қала береді. Ұтылған жақ оны қарсы жағынан қайтарып алу ұқығынан айрылады. Асық ойындары да басқа ойындар сяқты балаларды ептілікке, шеберлікке баулып, зейін-зерделерін ашады. Өте-мөте, «хан ойынының» балаларға беретін тәрбиесі өте жоғары. Ойын барысында балалар әділ, турашыл, адал болып, халықты тәртіпті, тыныш басқару қажеттілігін, ел тәртібі мен халық

тыныштығын бұлдірсе ханталауға түсіп, халықтың жазасына ұшырайтындығын ұғындырады. Сөйтіп, осы ойын арқылы балалар бір жағынан, көңіл көтеріп, зейін-зерделерін ашса, енді бір жағынан, ел басқару, көш бастау ісінен хабардар болады. Асық ойыны арқылы тілші ғалымдар о баста үштік санау жүйесінің болғандығын айқындаған.

Тобық жасыру ойынында көбіне жезделері балдыздарына, құрбы-құрдалары бір-біріне ойын-тойда асық берген. Асықты алған адам оны сақап қойып, берген адам кез-келген уақытта сұраған кезінде тауып беруі керек болған.

АТ ЖАРЫС – ұлттық ойын. Ат жарыстыру, аламан бәйге салу салтанаты қазақ, монғол сияқты көшпенді тектес халықтар үшін спорттық маңызы зор, үлкен дүбірлі думан. *Ат шаппайды, бап шабады* дегендей жүйріктің бабын келтіру, қанжардың суын табудан да қиын, машақаты мол, өзіндік сыр сипаты бар, ұзақ жылдар бойы атадан балаға жалғасқан дәстүрлі тәсілі жиынтықталған, өз алдына бір сала, дербес ілім. Бәйгеге қосылатын атты қыстан құр шығарып, ақ жілік болдырып, жазға салым ерте ұстап, етін қатырып, ескі шөп жегізбей, қыста сұлы, арпамен жемдеп, жазда жасаң, таза жерге арқандап, жайылым жем-суын тарылтып, бәйгеге қосар қоспасқа дейін қабағына қарап, қып алдырмау үшін бапкерлер түнде ұйқы, күндіз күлкіні қояды. Жүйрік баптау үшін бапкерлер мал төркінін танитын, оның жай жабсары мен күй, бабын жақсы білетін, зерделі болу керек. Ондай адамды «атпоз», «бапкер» деп атайды. Монғолияда ат жарысына қазақтар тай, құнан, дөнен, үлкен ат, жорға қосса, монғолдар айғыр, үлкен ат, тай, құнан, дөнен, бесті, жорға жарыстырады. Көптеген шет елдерде жүйрік, желісті аттарды стадионда, белгілі алаңды айландыра жарыстырса монғолдар көне, аламан бәйге дәстүрімен алыстан жібереді. Үкіметтік мерекеде жарысатын тек жуан аттың саны 500-ден асса, басқа жастағы ат пен айғыр 250-450 ге дейін жетеді. Жуан ат жарысатын қашықтық мөлшері 25 км шамасында, басқа жастағылар үшін сәл жақындау болмақ. Монғолия қазақтары дәстүрлерді ұстанады. Бабалар заманында аламан бәйгені “*күндік*” жерден салады екен. Ол үшін аттар таң сәреден айдалып, ат шабар бала сусын, айран-шалабын ала жүретін болған. Бәйге атын мінетін баланы ат шабар», сәйгүліктерді айдап, реттілікті сақтатып, шығар жерден біркелкі жіберушіні «*ат айдаушы*», ат ұсталатын межелі жерді «*көмбе*», ұстаушыларды «*даяғашшы*» дейді. Көмбе ат тосуға ыңғайлы, әмбеге ортақ айқын, толық көрініс беретін, еңселі, биік төбе, қырат, төскей жер болуы шарт. Аламан бәйгеде озып келген алдыңғы атқа атан түйе немесе ат беру дәстүрі бүгінге дейін жалғасып келеді. Ол - «*Бас бәйге*». Жүйріктің сынын Ақтанберді жырау Сарыұлы, ойшыл ұлы ақын Абай Құнанбайұлы сияқты дүлділ ақындар өлеңмен тамаша сипаттаған. Аңыз, ертегі, жыр, дастандарда да жүйріктің сынын халқымыз шынайы, дәл суреттеген. Қазақтың ертегі, аңыз, дастан, жырларында «*Кендебайдың кер құласы*», «*Қобыландының тай бұрылы*», «*Қараманның көк теңбілі*», «*Қамбардың қара қасқасы*», «*Ер тарғынның тарланы*», «*Көбіктің ақ моншағы*», «*Алтамыстың байшұбары*», «*Ер сайынның тоқпақ жалды торысы*», «*Ер Қосайдың сарысы*» сияқты арғымақ, тұлпарлардың айшығын келтіре сипаттаған. Арғымақ, тұлпар деген ұғым бос аңыз емес, өмірде болған, жай бір жылқыдан ерекше мықты, жүйрік, теңдесі жоқ, қасиетті сайгүлік дегенге сайып келеді. Олар ұзақ та жасаған. Қазақтың аты шулы қолбасшы, баһадүр, сардарлары да өздеріне сай, артық туған арғымақ, тұлпарларды таңдап мінген. Олар шапса жүйрік, тірессе мықты, сайысса епті, иесінің «тілін білетін», қолының қыбын сезінетін, шайқасқа алдын ала жаттықтырылған, аса ақылды, сезімтал, ерге серік, елгезек жануарлар болса керек. Оған дәлел «*Абылайдың жирен қасқа арғымағы*», «*Қанжығалы Бөгенбайдың үкілі торысы*», «*Қаракерей Қабанбайдың құбас торысы*», «*Шапырашты Наурызбайдың торы аласы*», «*Уақ Бармақтың қанаткері*», «*Керей Ер Жәнібектің Көк дөнен, Күлтелі кері, Кер көрігі*», «*Жабайдың құлан кері*», «*Шора батырдың шұбары*» сияқты тарихта болған, аты шулы арғымақ, тұлпарларын атасақ та жеткілікті. Ақын, сері, салдар да ат баптап, сән салтанатын келістіріп мінген. Қазақтың халық әні мен жыр дастандарға арқау болған Ақтаңкер, Ақбақай, Ақтабан, Маңмаңкер, Құлагер сияқты сәйгүліктер де жоғардағыдай шапқанда жиналған жұрт, қосқан елін шаттандырған жүйріктер. Бір сөзбен айтқанда жақсы ат ер жігіттің сенімді серігі,

мактанышы десек шындыққа жанасады. 19-ғасырда Монғолия қазақтарының арасында Алтай, Қобда өлкесіне аты шулы Күдір, Төнерек, Құбақұс, Көзгер, Телқоңыр сияқты дүлділ жүйріктер болыпты. Олар нелер күй, жыр, әнге арқау болған. Жалғыз «Көзгер» атты жүйріктің дауы үшін Керей, Найман рулы екі ел араздасып, сол үшін Қоңыр атты күйші қыздың басын бәйгеге тігіп, 1000 жылқыны үстінен айдаған трагедия «Ат басқан Қоңыр» күйіне айналып бізге жетті. Шеруші үрімдайы Ж.Сүкірбайдың тарланы мен күрені, Қарақас үкірдайы Тілеудінің тортөбелі сияқты атақты арғымақтар да бертінге дейін әңгіме арқауы болып келді

АРҚАН ТАРТУ – қазақтың ұлттық ойыны. Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді де, он құлаштай арқанның екі ұшынан ұстап, әрқайсысы өз жағына тартады. Ортадағы көлденең сызықтан қарсыластарын бұрын сүйреп өткізген жақ жеңген саналып, жүлде алады.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. Балалар ойынының түрлерін атаңыз
2. Ересектер ойындарын атаңыз
3. Қазақ ойындарының сақталуы, деректер

Әдебиеттер:

1. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. А., 1978.
2. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі». А., 2004.
3. Несіпбаев Б.К. «Ұлт мәдениеті мен өнері». А., 2003.
4. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», А., 2006.
5. Наурызбаев Ж. «Ұлттық мектептің ұлы мұраты». А., 1995.

14 ЛЕКЦИЯ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРЫЛЫС ӨНЕРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Мақсаты: Қазақстанның құрылыс өнерінің ескерткіштеріне сипаттама беру, Сәулет өнерлеріне тоқталу. Архитектуралық ескерткіштердегі бейнелеу өнерінің, мүсін өнерінің мазмұнын ашып көрсету, бейнелеу өнерінің кезеңдеріне тоқталып, құнды деректерді атап беру.

Шартты сөздер: сәулет, мазар, кесене, петроглифтер, керамика, балбалтас, кескіндеме.

Сұрақтар:

1. Қазақстанның ежелгі орта ғасырлардағы сәулет өнері
2. Қазақстанның ХІХ-ХХ ғғ. сәулет өнері
3. Кескіндеме
4. ХІХ-ХХғғ. бейнелеу өнерінің дамуы
5. Мүсін өнері және ертедегі тас мүсіндер.

Ғасырлар бойы қолданылып келген құрылыс әдістері жетілдіріле түсіп, келе-келе сәулет өнерінің туындысына айналды. Сәулет өнерінің бай мұрасын құрылысшылар мен сәулетшілер, тарихшылар мен қайта өңдеушілер зерттеп-зерделеуде. Археологтар Сарыарқадағы (Баянауыл, Қарқаралы, Ұлытау), Оңтүстік Қазақстандағы (Қазығұрт, Қаратау), Шығыс Қазақстандағы (Бұқтырма), Каспий жанындағы (Сенек) ертедегі адамдар мекендеген үңгірлерді тапты. Жабайы адамдардың ең ертедегі қоныстарын зерттеген археологтар мынандай қорытындыға келді, олар өздерінің тұрақтарын өзеннің не тұщы сулы бұлақтардың тұстарына орналастырған, тұрғын-жай үшін ауыздары оңтүстікке немесе солтүстік шығысқа қараған үңгірлерді тандаған, осындай үңгірлер күзгі немесе қысқы мезгілдерде күннің шуағымен жылынатын болған. Үңгірлердің ауыздарын қыста сырғауылдармен және жануарлардың терілерімен жауып отырған. Бірте-бірте адамдар өздерінің қоныстарын кеңейте түскен, ашық жерлерді игеріп, жатып-тұрудың ең қарапайым түрі- кепелер сала бастаған.

Сақтардың бейнелеу өнері — [сақ](#) заманы тайпаларының мәдени шығармашылығының ең жарқын көріністері арасында қолданбалы өнер ерекше орын алады. Оның басты компоненті б. з. б. VII—VI ғасырларда қалыптасып, [Сібірдің](#), [Қазақстанның](#), [Орта Азияның](#) және [Оңтүстік Еуропаның](#) тайпалары арасында тараған аң стилі деп аталатын өнер болды.

Алғашында [Скифияда](#), ал кейіннен [Сібірде](#) де бастапқы табылған орны бойынша бұл бейнелеу шығармашылығы шартты түрде скифтік-сібірлік аң стилі деп аталады. Оның негізгі тақырыбы андарды, хайуандарды және аңыздағы зооморфтық ғажайыптарды бейнелеу болды. Мазмұны жағынан [мифологиялық](#), түрі жағынан реалистік аң стилі өнері сәндік сипатта қолданылды. Бейнелеу әдістерінің көбі қазандар мен құрбандық ыдыстарын, семсер, қанжар, қорамсақ, айбалта, жүген, айна секілді заттарды, киімді, тулардың сабын әшекейлеу үшін пайдаланылды.

Ертедегі шеберлер көп жағдайда заттардың пайдалылығын бейнелеуді мазмұндылығымен жақсы үйлестіріп отырды, осының нәтижесінде олардың жасаған көптеген бұйымдары дүние жүзіндегі ең тандаулы үлгілерден қалысқан жоқ. Ертедегі суретшілердің шығармашылығы өздерінің айналасындағы жануарлар дүниесінің нақты бейнелеріне етене жақын болды. Сақ шеберлері арқар мен таутекенің, жолбарыс пен қабанның, марал мен түйенің, дала қыраны мен киіктің, қасқыр мен қоянның, жылқы мен бұланьның өздеріне жақсы таныс бейнелерін сомдай білген. Андарды бейнелеуде әр түрлі материалдар қолданылды. Бізге дейін жеткен бұйымдардың көбі қола мен алтыннан жасалған, сүйектен, мүйізден, темірден, киізден жасалған андардың бейнелері де кездеседі. [Аң стиліндегі](#) өнерді шартты түрде үш кезеңге: көне заманғы кезеңге, өрлеу мен құлдырау кезеңдеріне бөлуге болады.

Б. з. б. VIII—VII ғасырлар үшін андарды бір орында тұрған калпында жеке немесе ішінара бейнелеу тән болып келеді. Таутекенің, арқардың мүсіндері, басын көтеріп жатқан қабанның немесе тұрған жыртқыштың, аяғын бүккен немесе тұяғының ұшымен тұрған бұғылардың бедерлеп салынған суреттері көп кездеседі. Қос шенберлі тұғырда тұрған екі текенің құйма қола мүсіні назар аударарлық: текелер біршама схемалы түрде, бейне бір секіруге оңтайланған кейпінде, бастары тұқырта бейнеленген, ал бедерлі үлкен мүйіздері арқаларына тиіп тұр (Тасмола).

[Жетісудан](#) ([Талдықорған](#)) табылған екі қола мүсінде мүйіздері айнытпай түсірілген текелердің басы реалистік тұрғыда керсетілген; мүсіндер ұзын конус тәріздес төлкелерге орнатылған. Алдыңғы қола күйө өнерінің тағы бір үлгісі — [Солтүстік Қазақстаннан](#) табылған, басын жоғары кетерген және мүйіздері бірнеше рет бұралған арқардың іші қуыс мүсіні, ол соғыс қаруы — балғашотқа (Бурабай) салынған. [Шілікті](#) обасынан ([Шығыс Қазақстан](#)) табылған заттардың арасында үлкен мүйіздерін арқасына қайыра жатқан бұғы кейпінде шебер жасалған алтын бұйымдар, қабандардың ойып жасалған шағын мүсіндері ерекше көзге түседі. Қола пышақтарды жыртқыштардың басын салып немесе тұтас мүсіндерін салып әдемілеу, ал жүген тоғаларына аттың басын немесе ат тұяғының таңбасын салып әшекейлеу сол кездегі көп тараған әдіс болған.

Алдыңғы кезеңнің өнеріне жануарлардың қимыл-қозғалысының болмауы тән, олар ең жақсы дегенде, мысалы, [Шіліктіден](#) табылған бүркіттің алтын мүсіндері сияқты, басы сәл бұрылып бейнеленеді. Бейне бір құрсақта жатқандай кейіпте орала бүктетіліп жатқан жануарлардың бейнесі кеңінен тараған сюжет болып табылады. Бұл кейіптес бейнелердің ең ертедегі үлгілері Еуразия далаларының шығыс аудандарынан: [Солтүстік Тувадан](#) (Аржан), [Қазақстаннан](#) ([Майәмір](#), [Шілікті](#), Үйғарақ) табылған. Мысық тұқымдас жыртқыштардан басқа осындай бүктетіле оралған кейіпте қасқыр, қабан мен киік бейнеленген.

Б. з. б. VI—IV ғасырларда Еуразия далаларында аң стиліндегі өнер стилистикалық жағынан өзгерістерге ұшырады. Бір орында тұрған күйінде бейнеленген жануарлар бейнелерінің орнына құрылымы күрделі, серпінділікке толы сюжеттер шығады. Мүсіндік

бейнелер азайып, қозғалыс үстіндегі андардың бедерлі бейнелері, андардың шайқасып жатқан, жыртқыштардың шабуыл жасап жатқан көріністері бар композициялар көбірек кездеседі. Атыла ұмтылған қозғалыс мүсіндердің «бұратылуы» тәсілімен беріледі, бұл жағдайда аңның жарты денесі қарама-қарсы жағына бүктетіле салынады. Бейненің қозғалыста екендігін көрсетудің басқа да техникалық әдістері: қисық сызықтар жүйесі, жануарлардың дене мүшелерін бұрамалар, шырмауықтар, орамалар, үш бұрыштар, жақшалар және т.б. түріндегі арнайы белгілермен беру әдістері қолданылады. Кеп мүсінді композициялар арасынан [Орталық Қазақстаннан](#) табылған қола тоға-айылбас ерекше көзге түседі, онда үш жыртқыштың (барыстардың) шалқасынан құлаған киікті жұлмалап жатқан көрінісі бейнеленген. Андар таласының тақырыбы Батыс Сібірден және оған іргелес жатқан Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарынан алынған І Петрдің Сібір коллекциясы деп аталатын мұрағаттардан ерекше айқын көрінеді. Осы бірегей мұраның көптеген алтын тоғаларында жыртқыш андар мен құстардың жылқыларға, текелерге, бұғылар мен бұландарға шабуылдары, жыртқыштардың өзара таласы, жыртқыштардың жыланмен, түйемен шайқастары бейнеленген. Қазақстан аумағынан табылған басқа да археологиялық олжаларда да әлгіндей нышандар байқалады. Алайда бұл аумақтағы сақтар өнерінің оны [Еуразияның](#) аң стилі тараған басқа аймақтарынан айыратын ерекше сипаттары да бар. Мұнда қозғалмай тұрған хайуандар бейнесі біршама ұзақ уақыт сақталады, ол кейбір жағдайларда көп мүсінді композиция түрінде көрінеді. Мәселен, Жетісудың кейбір құрбандық ыдыстары мен қазандарындағы андар шеруі көріністері осындай. [Есік](#) обасынан табылған сақ қанжарының жұқа алтын қаптырмаларында жатқан күйінде бейнеленген андардың ширатылуы орындау шеберлігі жөнінен бірегей дүние. Ақинақ жүзінің екі жағына алтын қаптырмалар көмкерілген; олардың бірінде жұқа бедермен он екі, екіншісінде — тоғыз бейне бар. Олардың арасында жыланның, түлкінің, қасқырдың, арқардың, киіктің, таутекенің, қоянның шағын мүсіндері кездеседі, олардың барлығы ерте кезең өнеріне тән кейіпте аяқтарын бүгіп жатқан күйінде берілген.

Б.з.б. III—II ғасырларда аң стиліндегі өнер біртіндеп күлдірай бастайды. [Аң стилі](#) ою-өрнекке айналады. Оның орнына түрлі түсті тастармен көз салып безендіру техникасы және басқа да әшекейлеу тәсілдері қолданылатын полихромдық деп аталатын стиль келеді, қолданбалы өнер туындылары пайда болып, оларда жануарлар дүниесінің бейнелері схемаға айналып, полихромдық бай өрнекпен араласып кетеді.

Бұл өнер дайын күйінде сырттан, бір жақтан әкелінген жоқ, ол сақ өнерінің қойнауынан шыққан. Ою-өрнектік полихромияның кейбір әдістері б. з. б. V—VI ғасырларда-ақ жетіле бастады. Мәселен, түрлі түсті тастан көз салу, бедерлеу (алтын түйіршіктерін дәнекерлеп бекіту), тоспа эмаль (жекелеген ұяларды арнайы құрамдағы заттармен толтырып күйю) [Шілікті \(Шығыс Қазақстан\)](#), [Жыланды](#) (Орталық Қазақстан), [Арасан \(Жетісу\)](#) ескерткіштері мен басқа да ескерткіштерінде белгілі болған. Б. з. б. V—IV ғасырлардағы полихромдық өнер туындыларының [Қазақстанның, Орта Азия мен Сібірдің](#) бүкіл аумағынан ондаған үлгілері табылды. Бәлкім, нақ осы үш аймақта б. з. б. I мыңжылдықтың аяғында сақтар өнеріндегі аң стилін ығыстырған полихромдық өнердің қуатты ошағының негізі қалыптасқан да болуы мүмкін. Бірақ оның реалистік бейнелері із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ.

Қазақстан тарихындағы құрылыс өнерінің бірі ортағасырлық даму кезеңі. Қоғамдық даму барысында Қазақстан аумағында мемлекеттік құрылымдар пайда болды (Түрік қағанаты, Қараханидтер мемлекеттері, Алтын орда). Қалалар жоғары ұлықтардың ставкалары (ордалары) ретінде дамып отырды, сондай-ақ сауда қатынасындағы керуен жолдарын да бой көтерді. Көптеген «басты» (астаналық) қалалардың тарихтан белгілі, олар Чигу — үйсін ханның ордасы, Ордакент — қоғамның жазғы резиденциясы, Суяб — түрік қағандарының резиденциясы, Жаңакент — оғыздардың резиденциясы және т.б. Сондай-ақ керуен жолдарының пайда болған қалалар Сайрам, Талас, Атлах, Хамукент, Құлан, Мерке, Фараб, Созақ, Алмалық, Сығанақ, және т.б.

XX ғ. 2 жарт. Қазақстандық ғалымдар құрылыс өнерін қызу зерттеуге кірісті. Байқадам ауылындағы Шоқайдың кесенесі (XIX ғ. Жамбыл облысы), Дүзен кесенесі (1863-66 жж., Қарағанды облысы), Семей қаласындағы ағаштан салынған мешіттер (XIX-XX ғ. басы) және әсіресе Маңғыстау ескерткіштері.

Өзінің тарихи және көркемдік мағынасы жағынан Ұлы даланың көшпелі халықтарының озық мұрасы жартастағы суреттер (петроглифтер), скиф –сақ, көне түркі және қыпшақ кезеңдерінің монументті мүсіні (тас мүсіндер), шағын пластика (скиф-сақ кезеңдеріндегі «аң стилі»), қабырғаға салынған кескіндеме, көркем қолжазба мен минатюра, дала сәулеті. Сонау ерте замандардан бастап бейнелеу шығармашылығы қашан да адамзат ұрпақтарының тыныс-тіршілігін суреттеп келеді, олар ғылымда петроглиф деп аталатын, жаратсқа салынған сансыз көп гравюралар галереясы. Ең ірі экспозициялық жартасқа салынған суреттер Тамғалы ғибадатханасына шоғырланған. XIX ғ. орта шеңінде қазақтың ұлттық мәдениетіндегі ерекше құбылыс –Шоқан Уәлиханов. Ол ғалым, тарихшы, географ, фольклоршы, саяхатшы болумен қатар суретші. Сонымен қатар, кәсіби суретшілер шықты, изостудиялар ашылды. Солардың бірі – Одесса қаласында көркесурет білімін алған реалист-суретші Н.Г. Хлудов. Қазақтың көркесурет мәдениеті тарихы бойынша қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі –Ә. Қастеев. XX ғ. 60 жылдарында кескіндеме жанрына жаңышылдық енгізілді. Олар: С.Айтбаев, Ш.Сариев, Т.Тоғысбаев, О.Нұржұмаев, Б.Табиев, А.Садыханов сынды суретшілер. Осы суретшілердің шығармашылық көзқарасына қайсібір дәрежеде француздың Поль Гоген, Ван Гог, Клод Моне сияқты импрессионист-суретшілерінің және әлемге танымал ұлы танымал Пабло Пикассоның бірегей туындылары ықпал етті. XXI ғ. бас. Тәуелсіз Қазақстанның кескіндеме өнері жанрында жаңа есімдер келді, әсіресе Қ.Ғ. Қаржасов, А. Есдаулетов, А. Меңдібаева, Ж. Әбдіманов, Б. Тұрғынбаев сияқты суретшілер.

Скульптура (мүсін) –латын тілінде сомдау деген ұғымды білдіреді. Ол шындықты пластикалық бейнелер мен кеңістікті нысандар құралдары арқылы көрсетеді. Жұмыр (көлемді) мүсінді, горельефтер, барельефтер, биік және жалпақ рельефтер, шағын минатюралық нысандар жасау үшін әр түрлі қатты және пластикалық материалдар – ағаш, тас, металл, илеуге көнетін балшық, балауыз, пластилин қолданылған. 80 жылдары монументтік бейнелеу өнеріне бір топ жас кәсіби мүсіншілер келді, кейіннен танымал шеберлерге айналды. Б.Әбішев, Ж. Молдабеков, Е.Едігебаев, Ж. Қалиев, З. Тастеков, Е. Биманов, С. Момыш және т.б.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. Қазақстанның ежелгі орта ғасырлардағы сәулет өнерін атаңыз
2. Қазақстанның XIX-XX ғғ. сәулет өнер иелері
3. XIX-XXғғ. Суретшілерді атаңыз
4. Мүсін өнері және ертедегі тас мүсіндер
5. Қазақ мүсіншілері және олардың еңбектерін атаңыз.

Әдебиеттер:

1. Р.Қарғабекова, Г.Жубаниязова. «Бейнелеу өнерінің тарихы». Алматы-2004ж.
2. Б.Р.Виппер. «Введение в историческое изучение искусства». М.,
3. О.Жаңбыршиев. «Кескіндеменің техникасы мен технологиясы». А.,2004
4. А.Қастеев. «Мастера изобразительных искусств Казахстана». А., 1986

15 ЛЕКЦИЯ. ҚАЗАҚТЫҢ ТЕАТР ЖӘНЕ КИНО ӨНЕРІ

Мақсаты: Қазақстандағы қазақ театрының ашылуын қарастыру, кино өнерінің қалыптасуына тоқталу.

Шартты сөздер: Спектакль, пьеса, мультипликациялық кино, режиссер, оператор, композитор.

Сұрақтар:

1. Қазақ театрының халық шығармашылығынан бастау алуы
2. Тұңғыш профессионал қазақ театрының ашылуы.

3. Қазіргі кездегі театрлар
4. Кино өнерінің қалыптасуы
5. Тәуелсіз Қазақстан кино өнері

Қазақстан аумағында алғашқы театрлар XIX ғасырдың екінші жартысында құрыла бастады. Оралдағы көпестердің орыс труппасы (1859), Тараздағы гарнизон әскерлері мен офицерлер труппасы (1887), Семейдегі музыка мен драматургиялық өнер сүйісілер қоғамы (1890) қазақ әуесқой театрының дамуына бастама болды. Бұған XX ғасырдың басында пайда болған татардың көшпелі труппалары өз үлесін қосты.

1910 – 1915 жылдары қазақ өмірінен алынған қысқа драмалық суреттеулер мен сценарийлер жазылды. 1917 жылы М.Әуезов «Еңлік-Кебек» трагедиясының бірінші нұсқасын жазып, кейіннен осы шығарманы бірнеше рет өңдеді. Театрлық процестің жедел дамуы қазан революциясынан кейін ерекше күш алды. 1918-1924 жылдар аралығында Ақмола, Тараз, Көкшетау, Оренбург, Ташкент, Түркістан, Шымкент, Қостанай, Петропавл қалаларында жаңа труппалар құрылып, Ж.Аймауытовтың, М. Әуезовтің, М.Дулатовтың, Е.Ерденовтің, К.Кемеңгеровтің, Б.Майлиннің, С.Сейфуллиннің пьесаларын сахнаға шығарды.

Қазақтың кәсіби театр өнері 1926 жылдың 13 қаңтарында Қызылорда қаласындағы Қазақ мемлекеттік драма театрында М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» қойылымы көрсетілуімен ресми түрде ашылды. Оның директоры және көркемдік жетекшісі Ж.Шанин, әйгілі әртістері мен әншілері Қ.Қуанышбаев, С.Қожамқұлов, Е.Өмірзақов, Қ.Бадыров, И.Байзақов, Қ.Жандарбеков, Ә.Қашаубаев, Қ.Мұңайтпасов, Ғ.Абдуллин қазақ театры өнерінің қалаушылары болып тарихта қалды.

1928 жылы бұл театр Қызылорда қаласынан жаңа астана Алматыға қоныс аударып, театрдың шығармашылық құрамында К.Байсейітова, Ж.Елебеков, М.Ержанов, Ш.Жиенқұлова, У.Тұрдықұлова сияқты өнер майталмандары өнер көрсетсе, ал 30-шы жылдардың ортасында Қ.Қармысов, С.Телғараев, Ә.Үмбетбаев, Р.Қойшыбаевалар қосылды. 1937 жылы театрға «академиялық» атағы берілді.

Республиканың көптеген облыс орталықтарында, атап айтқанда, 1934 жылы Оралда, Семейде, Шымкентте, 1935 жылы Петропавлда, Ақтөбеде, 1936 жылы Қарағандыда, Таразда, 1938 жылы Атырауда, Павлодарда қазақ театрларының құрылу процесі басталды. Алматы қаласында 1934 жылы Ұйғыр музыкалық драма театрының, Қызылорда қаласында 1937 жылы Корей музыкалық драма театрының ашылуы республикамыздың атаулы оқиғаларына жатады. Корей театры 1968 жылы Алматыға көшірілді.

1933 жылы Семей қаласында Орыс драма театры қалыптасты, ол екі жылдан кейін сол кездегі ел астанасы Алматыға қоныс аударып, 1975 жылы театрға «академиялық» атағы берілді.

1935 жылы Алматыда Мемлекеттік қуыршақ театры ашылды. 80-ші жылдары осындай театрлар республиканың басқа да қалаларында көптеп ашыла бастады: Ақтөбе мен Жезқазғанда (1985), Ақтауда (1981), Шымкентте (1983) және Петропавлда.

30-шы – 40-шы жылдар бүкіл кәсіби ұлттық театрлардың шығармашылық құрамы қалыптасқан кезеңі. Солардың ішінде - Ш. Айманов, З. Құрманбаева, С. Майқанова, Б.Римова, Ш. Жандарбекова, А.Тоқпанов, А. Исмаилов, К. Арбенин, С. Ассуиров, М. Брандт, А. Дымский, А. Каменская, Е. Кручинина-Рутковская, З. Морская, В. Харламова (Орыс драма театры), С.Атамқұлов, М.Әбдікәрімов, Р.Есімжанова, Ш.Мусин, Ж.Сәкенова, Ш.Сәкиев, З.Сулейменова, М.Табанов, А.Шанин, Ж.Шәймерденова, Ж.Асимов, Г.Жәлелов, Х.Илиева, С.Саттарова, М.Семятова, Р.Тохтахунова, А.Шәмиев, Ким Дин, Ли Гир Су, Ли Хам Дек, Пак Чун Себ, Цой Бон До.

1944 жылы Алматы қаласында балалар және жасөспірім театры ашылды. Соның негізінде 1945 жылы орыс труппасы, ал 1946 жылы қазақ труппасы қалыптасты. Осы театрды әр жылдары басқарған режиссерлер В.Гродский, Б.Добронравов, Г.Жезмер, М.Қосыбаев, А.Мадиевский, Е.Маркова, Мен Дон Ук, Е.Праслов, Б.Пучкин, А.Тоқпанов, С.Хайруллина болды. Актерлік құрамында Қ.Жәкібаев, Б.Қалтаев, К.Қожабеков,

М.Құланбаев, А.Мәмбетова, Ш.Мусин, К.Өмірзақов, Ә.Өмірзақова, С.Саттарова, Г.Кузьменков, Я.Мұратов, О.Решетниченко жұмыс атқарды.

1985 жылы бұл театр өз алдына Ғ.Мүсірепов атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ балалар мен жасөспірімдер театры және Н.Сац атындағы Мемлекеттік академиялық орыс балалар мен жасөспірімдер театры болып екі ұжымға бөлінді.

50-шы жылдары театр өнерінде кейіпкерлердің психологиясын терең ашуға беталыс анық байқалды. Бұған осы беталысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бір топ дарынды актерлердің келуі себеп болды: Алматы театр училищесінің түлектері А. Ружева, М. Салықов, З. Шәріпова, Ташкент театр-көркем институтының түлектері Н. Жантөрин, Ғ. Сүлейменов, Ж. Шүленбаев, ГИТИС қазақ студиясының түлектері М. Байзақова, Т. Жайлыбеков, М. Қамбаров, Р. Қаныбаева, Қ. Қуандықов, Б. Маусымбаев, Ы. Ноғайбаев. Бұл буынға режиссерлер М. Қосыбаев, Ә. Мәмбетов, Мен Дон Ук, Б.Омаров және басқа да атақты театр оқу орындарында жоғары білім алған театр қайраткерлері қосылды.

60-шы-90-шы жылдар қазақ театр тарихындағы шығармашылық ізденістердің жарық кезеңі болып саналады. М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры сахнасында қойылған спектакльдер театрдың алтын қорына енді. Олардың ішінде Катерина ролінде Х. Бөкеева ойнаған А. Островскийдің «Грозасы», Гарпагон ролінде Қ. Қармысов ойнаған Ж. Б. Мольердің «Сараңы», Катарина мен Петруччио рөлдерінде Х. Бөкеева мен Ш. Айманов ойнаған В. Шекспирдің «Асауға тұсауы», Тоғанай ролінде С. Майқанова ойнаған Ш. Айтматовтың «Ана-Жер-Анасы», Мольердің ролінде Н. Жантөрин ойнаған М. Булгаковтың «Кабала святоши» басты рольдерде А. Әшімов, Ф. Шәріпова және Ы. Ноғайбаев ойнаған Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тері» (1973 ж., реж. Ә. Мәмбетов) ерекше орын алады.

Қазақстандағы театрлар санының өсуі театр өнерінің даму кезеңі бойында тоқтаған емес. 1979 жылы Теміртау қаласында Неміс драма театры құрылды және 1989 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Алматы қаласына көшірілді. Труппаның негізін М. Щепкин атындағы Мәскеу театр училищесінің түлектері құрды. 2003 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам қаласында Өзбек театры ашылды. Қазақстанда бүгінгі күні барлығы 47 мемлекеттік театр жұмыс жасайды. Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеңінен Астана қаласында 1 опера және балет театры, 8 драма және музыкалық драма театры және 2 қуыршақ театры ашылды.

2006 жылдың қыркүйек айында тәуелсіздік алған жылдар кезінде алғаш рет Алматы қаласында Орталық Азия елдері театрларының халықаралық театрлар фестивалі өткізілді. Оған В. Маяковский атындағы Тәжік мемлекеттік орыс драма театры, «Йуг» Әзірбайжан мемлекеттік театры, С. Ибрагимов атындағы Ош қырғыз драма театры, Г. Камал атындағы Татар мемлекеттік академиялық театры, Өзбек Ұлттық академиялық драма театры, Ұлы Сапармұрат Түркіменбашы атындағы Түркменстанның бас драма театры, сондай-ақ, Қазақстанның республикалық 3 театры қатысты.

Жаңа шығармашылық ізденістерге ынталандыратын дәстүрлі республикалық театрлар фестивалі жыл сайын өткізілуде. Оған Қазақстанның 13 театрының өнер ұжымдары тұрақты түрде қатысып тұрады. Соңғы театр фестивальдері астананың мәдени орталық ретіндегі беделін көтеруге бағытталып, Астана қаласында өткізілді.

Жыл сайын Қазақстанның драма театрларының бірі Араб Республикасының Мысыр елінде халықаралық эксперименталдық театрлар фестиваліне қатысып тұрады. Үстіміздегі 2007 жылы Каир қаласында Қазақстанның театр өнерін Маңғыстау музыкалық драма театры Г. Мерғалиеваның «Моцарт және Сальери» қойылымымен таныстырды.

Кино([gr.](#) kineo – жылжытамын, жылжимын), кино өнері — [өнердің](#) бір саласы, [кинематографияның](#) техникалық негізде қалыптасқан көркем шығармашылық түрі. [Фильмді](#) жа-сауға әр алуан мамандықтағы шығармашылық қызметкерлер: [кинодраматург](#), [режиссер](#), [актер](#), [оператор](#), [суретші](#), [композитор](#), [продюсер](#), [каскадер](#), [экономист](#), [менеджер](#), т.б. қатысады. Фильм жасауда [кинорежиссер](#) жетекші рөл атқарады. Сондай-ақ фильм жасау ісіне техника саласындағы мамандар да

([инженерлер](#), [техниктер](#), [лаборанттар](#) мен өзге [қызметкерлер](#)) үлес қосады, алуан түрлі күрделі аппаратуралар мен аспаптар қолданылады.

Кино, негізінен, 4 салаға бөлінеді: көркем фильм, деректі, мультипликациялық және ғылыми-көпшілік кино. Көркем фильм кино өнерінің негізгі және кең таралған түрі. Ол әдеби шығарма желісі немесе арнайы жазылған сценарий бойынша актерлердің қатысуымен жасалады. Деректі киноға тарихта, өмірде болған мәні зор оқиғаларды баяндайтын фильмдер мен киножурналдар жатады. Мультипликациялық кино суреттер мен қуыршақтарға қимыл бере отырып жасалады. Ғылыми-көпшілік кино — жұртшылыққа жаратылыс пен әлеуметтік құбылыстарды ұғындыратын, өнер сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы. Қазіргі заманда жарнамалық кино өндірісі кең тарап отыр. Сондай-ақ кино тарихында жалпы халыққа арналған фильмдермен қатар эксперименттік фильмдер де түсіріледі. Фильм жасау, оны көпшілік қауымға көрсету ісі шебер техниканы, қыруар қаржыны талап етеді. Әсіресе, фильм түсіру, жасау әрі оның көшірмелерін көбейтіп басып шығару аса күрделі процесс. [Монтаждау](#) — кинематографиялық шығарманың бар істелген жұмысын тиянақтайтын кезең. Бұл процесс кезінде монтаждалатын кадрлардың ұзындығы (метражы) белгіленеді. Соның нәтижесінде фильмдегі оқиғаның логикалық жүйесі анықталады.

Кино өнерінің даму жолы шартты түрде 4 кезеңге бөлінеді. Алғашқы кезеңі — тұңғыш киноның шыққан жылы (1895, ағайынды [Луи](#) және [Огюст Люмьерлер](#) ойлап тапқан). Ол “жанды фотография” түрінде пайда болып, көп кешікпей көркем фильм, деректі кино және ғылыми-көпшілік кино деп аталатын үш салаға бөлінді. Тұңғыш фильмдерде баяндалатын оқиға таспаға ірі бөлшектермен түсіріліп, бір-бірімен астына жазылған мәтіндер арқылы ғана жалғасты. Кинода дыбыс болмағандықтан, актерлер сөйлейтін сөздің орнын театрлық шебер ойынымен, бейнелі ыммен толықтырды. Кино өнері дамуының екінші кезеңі — 20-ғасырдың басынан басталды. К. өнері дамуының 2-кезеңі — 20 ғ-дың басынан басталды. Бұл дыбыссыз (“мылқау”) киноның өз алдына өнер болып қалыптасқан кезі. КСРО-да С.М. Эйзенштейннің “Потемкин” бронды кемесі” (1925), “Қазан” (1927), В.И. Пудовкиннің “Ана” (1926), “Санкт-Петербургтің ақыры” (1927), А.П. Довженконың “Арсенал” (1928), т.б. фильмдері дүниежүз. К. өнерінің дамуына ықпал етті. Германияда “көңіл жұбату” және экспрессионистік фильмдермен қатар демокр. бағыттағы кинокартиналар (реж. Ф.В. Мурнау, К.Грюне, Г.В. Пабст, З.Дудов), АҚШ киносында Ч.Чаплиннің, Э. Штрогеймнің, К.Видордың фильмдері дүниеге келді. К. өнері дамуының 3-кезеңі 20 ғ-дың 30 — 40-жылдарын қамтиды. Бұл кезеңде кинотаспаға дыбыс жазу техникасы игерілді. Кинодраматургия қауырт өркендеді. Дыбысты киноның пайда болуы актерлер шығарм-на кең жол ашты. Кеңес кинематографистері Ф.М. Эрмлер мен С.И. Юткевичтің “Жолығыс” (1932), Г.Н. және С.Д. Васильевтердің “Чапаев” (1934), Г.М. Козинцев пен Л.З. Траубергтің “Максим туралы трилогия” (1935 — 39), Е.Л. Дзиганның “Біз Кронштадтанбыз” (1936), А.Г. Зархи мен И.Е. Хейфицтің “Балтық депутаты” (1937), А.П. Довженконың “Щорс” (1939) секілді фильмдерінде кеңес идеологиясы басты орын алды. Кеңес муз. кинокомедиясы жанрын реж. Г.В. Александров пен И.А. Пырьев, композиторлар И.О. Дунаевский мен Д.Я. Покрасс жан-жақты дамытты. Неміс-фашист басқыншылары КСРО-ға шабуыл жасаған кезден бастап деректі Киноның рөлі артты. Соғыс жылдарындағы кеңес азаматтарының ерлігін бейнелеген “Ауком секретары” (1942, реж. И.А. Пырьев), “Ол Отанын қорғайды” (1943, реж. Ф.М. Эрмлер), “Кемпіркөсақ” (1944, реж. М.С. Донской), “217-адам” (1944, реж. М.И. Ромм), “Шапқыншылық” (1945, реж. А.М. Роом) атты фильмдер шығарылды. Бұл дыбыссыз (“мылқау”) киноның өз алдына өнер болып қалыптасқан кезі. Кино өнері дамуының үшінші кезеңі 20-ғасырдың 30 — 40-жылдарын қамтиды. Бұл кезеңде кинотаспаға дыбыс жазу техникасы игерілді. [Кинодраматургия](#) жылдам өркендеді. Дыбысты киноның пайда болуы актерлер шығармашылығына кең жол ашты. 2-дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, кино өнері дамуының жаңа кезеңі басталды. Бұл жылдары кинотехниканың жетіле түсумен бірге кино өнеріндегі көркемдік тәсілдер де молайды. Түрлі түсті кино түсіру тәсілі жүзеге асты. [АҚШ-та](#), кейін басқа елдерде кең

экранды және панорамалы фильмдер пайда болды. Дыбыс жазу сапасы артып, кең экранды фильмдерде стереодыбыс қолданылды. Балаларға арналған мультипликациялық фильмдер шығарудың кеңестік мектебі қалыптасты. Қазақ киносы [Қазан төңкерісінен](#) кейін пайда болды. Алғашқы [кинохроника 1925](#) ж. түсіріле басталады. 1934 жылы Алматыда “[Советтік Қазақстан](#)” киножурналын үзбей шығарып тұратын Республикалық кинохроника студиясы құрылды. “[Ленфильм](#)” студиясының ұжымы қазақтың алғашқы кино қайраткерлерінің қатысуымен “[Амангелді](#)” (1938, режиссері [Марк Левин](#)) көркем фильмін жасады. Ұлт батыры [Амангелді Имановты](#) сахна шебері [Елубай Өмірзақов](#) сомдады. Қазақ көркем фильмдерінің тарихы осы туындыдан басталды. 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында “[Мосфильм](#)” мен “Ленфильм” киностудиялары бөлімшесінің Алматыда болуы қазақ киносының одан әрі өркендеп, дамуына игі әсерін тигізді. Бұл студиялар Алматыда өзара бірлесіп, ЦОКС (Біріккен орталық киностудия) деген атпен өзінің қызметін бастады. 1941 ж. Алматыда көркем фильмдер шығаратын киностудия (1960 жылдан “[Қазақфильм](#)”) ұйымдасты. Қазақ киностудиясы алғашқы ұйымдасқан кезінен бастап 100-ден астам көркем фильм және 500-дей деректі фильм шығарды. Бұл фильмдер тақырыбы мен жанры жағынан әр алуан. “[Абай әні](#)” (1946), “[Шоқан Уәлиханов](#)” (1957), “[Қыз Жібек](#)” (1972), “[Сұлтан Бейбарыс](#)” (1989), “[Отырардың күйреуі](#)” (1992), “[Махаббат бекеті](#)” (1993), “[Жамбылдың жастық шағы](#)” (1996), т.б. картиналар шықты. Балаларға арналған “[Қанатты сыйлық](#)” (1956), “[Менің атым Қожа](#)” (1963), “[Қызыл тас заставасы маңында](#)” (1969), “[Көксерек](#)” (1973), “[Алпамыс мектепке барады](#)” (1976), “[Балалық шақтың кермек дәмі](#)” (1983), “[Сүйірік](#)” (1984), “[Ауылым Алатаудың баурайында](#)” (1985), т.б. секілді фильмдер жарық көрді. Кейінгі жылдары “[Көшпелілер](#)” фильмі (2005), “[Ағайынды](#)” (2009), т.б. сериалдар көрермен көзайымына айналды. 2003 жылдан бастап Алматы қаласында “[Шәкен жұлдыздары](#)” атты халықаралық [кинофестиваль](#) өткізіліп келеді.

Қазақ киносы Қазан төңкерісінен кейін пайда болды. 20 ғасырдың басында Қазақстанда барлығы 13 жекеменшік кино залы жұмыс істеді. Олар негізінен ірі қалаларға (Семей, Павлодар, Өскемен, Ақмола (Астана), Қостанай [Ақтөбе](#), т.б.) орналасты. [Верный \(Алматы\)](#) қаласында бірінші киносанстар 1910 жылдан көрсетіле бастады. Киноның алғашқы белсенді насихатшыларының бірі – Ә.Жангелдин болды. Ол 1913 жылы Еуропа мен Азия елдерінде саяхатта болып, Испания, [Үндістан](#), [Қытай](#), т.б. елдердің өмірінен түсірілген этнографиялық, тұрмыстық мазмұндағы 40-қа жуық лента мен жылжымалы кинопроектор алып келді. 1925 жылы Қызылордада өткен Қазақстан Кеңестерінің 5-съезін Мәскеу киношежірешілерінің пленкаға түсіруі Қазақстандағы бірінші кино түсіру қадамы болып саналады. Сол жылы орталық “Культикино” студиясы жасаған “ҚАССР-нің 1 жылдық мерекесі” атты тұңғыш деректі фильм шықты. [Киноның](#) негізгі түрлері: көркем фильм, ғылыми-көпшілік кино, деректі кино және мультипликациялық кино, әдеби шығармашылықтың бір саласы, фильмнің әдеби, көркемдік негізі болып табылатын – кинодраматургия, кино өнерінің жанры, бейнелеу құралдарының бірі – киномузыка және тұтастай кино өнері мен оның ерекшеліктерін, түрлерін және жанрларын зерттейтін ғылым саласы – кинотану ғылымы дамыды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін де қазақ киносы өзінен бұрынғы дәстүрді лайықты жалғастыра отырып, әлемдік кино өнері туындыларының байқауларында жүлделі орындарға ие болды; қ. Кинофестиваль, Қазақ киносы, “Қазақфильм”.

Өзін-өзі бақылауға сұрақтар:

1. Алғашқы қазақ театры қай жылы ашылды
2. Қазіргі кездегі театр актерларынан кімдерді білесіз
3. Кино өнерінің қалыптасуы қай кезеңге жатады
4. Тәуелсіз Қазақстан кино өнері
5. Ең алғашқы қазақ киносын атаңыз

Әдебиеттер:

1. Львов Н.И. Казахский академический театр драмы. А.-А., 1957
2. Львов Н.И. Казахский театр. Очерк истории. М., 1961.

3. Кабдиева С. Фольклорные традиции в казахском театре. А-А.,1986
4. Облыстық қазақ театрлары. А.,1965
5. Қазақ театрының тарихы. 1-2т. А.,1975
6. Құндақбаев Б. Заман және театр өнері. А.,2001.